

В.И.НЕРСЕСЯН

АВТОМОБИЛЬДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Зертханалық-тәжірибелік жұмыстар

*«Білім беруді дамытудың федералдық институты»
Федералды мемлекеттік автономды мекемесімен
«Автомеханик» мамандығы бойынша бастапқы кәсіби
білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім
беру мекемелерінің оқу үрдісінде қолдануға арналған оқу
құралы ретінде ұсынылды*

*Рецензияның тіркеу нөмірі 658
18 желтоқсан 2012 жылғы, «БДФИ» ФМAM*

4-ші басылым, стереотипті



**Мәскеу
«Академия» баспа орталығы
2016**

ӘОЖ 629.113/.115(075.32)

КБЖ 39.33я722

Ж 545

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес «ТЖКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды. Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды. Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетгі ақпарат) қолдануы қажет. Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19, «Алма-Ата» БО, 809С, телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dcg.kz

Пікір беруші —

Мәскеу автомобиль жасау колледжінің арнайы пәндер оқытушысы, техн. ғылымдар канд. *А. А. Мылов*

Нерсесян В. И.

Ж 545 Автомобильдің құрылымы: Зертханалық-тәжірибелік жұмыстар: орта кәсіби білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқу құралы / В.И.Нерсесян. — 4-ші басылым, стер. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2016. — 256 б.

ISBN 978-601-333-231-4 (каз.) ISBN 978-5-4468-3065-7(рус.)

ВАЗ-2110, ГАЗ-3110, «Форд Фокус», МАЗ, КамАЗ автокөліктерінің бөлшектеу, техникалық жай-күйін анықтау, механизмдерді, агрегаттарды, жүйелерді және аспаптарды реттеу технологиялары қарастырылған. Нұсқаулық карталардың үлгілері берілген.

Оқу құралы «Автомеханика» мамандығы бойынша КМ.01 «Автокөлікке қызмет көрсету және жөндеу» кәсіптік модулін (МДК.01.02) меңгеру үшін қолданыла алады.

Орта кәсіби білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған

ӘОЖ 629.113/.115(075.32)

КБЖ 39.33я722

ISBN 978-601-333-231-4 (каз.)

© Нерсесян В.И., 2012

ISBN 978-5-4468-3065-7(рус.)

© «Академия» Білім беру-баспа орталығы, 2012

© Рәсімдеу. «Академия» баспа орталығы, 2012

Автомобильдердің құрылымы бойынша зертханалық-тәжірибелік сабақтар автомеханиктерді даярлаудың негізгі кезеңдерінің бірі болып табылады. Осы сабақтарда алынатын білімдер, саймандар мен құралдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдылары, сондай-ақ автомобильді бөлшектеу, құрастыру, реттеу және бөлшектері мен механизмдерінің техникалық күйін анықтау дағдылары автомеханиктерді даярлау бойынша басқа да курстарды сәтті меңгеруге көмектеседі.

Барлық зертханалық-тәжірибелік сабақтарға техникалық ойлауды дамытуға ықпал ететін бақылау сұрақтары кіреді.

Негізгі жұмыс түрлерінің жобалы орындалу тәртібі

Білікті автомеханик барлық жұмыстарды іс-әрекеттердің белгілі бір тәртібін (алгоритмін) сақтай отырып орындайды. Бұл оған қауіпсіз, еппен, сапалы, абыржушылықсыз жұмыс істеуге көмектеседі.

Зертханалық тапсырмаларды орындаудың келесі тәртібі ұсынылады.

1. *Тапсырмамен танысу* (әдебиеттерді, плакаттар мен табиғи үлгілерді пайдаланып): сипаттамаларды зерттеу, қарастырылып отырған құрылғының мақсатын және жұмыс принципін айқындау; негізгі құрастыру бірліктерін, жетек схемаларын табу; басқару, реттеу және техникалық қызмет көрсету әдістерімен танысу.

2. *Бөлшектеу*: құрылғыны тексеру, байланыстар мен тәуелділіктерді анықтау; бөлшектеудің ұтымды және қауіпсіз ретін алдын ала ойластыру; әдетте ең ірі құрастырудың бірліктерінің байланыстарынан босату; бөлшектелген түйіндер мен бөлшектерді алу тәртібіне қарай монтаждық үстел бетіне бір-біріне тығыздап орналастыру; күрделі түйіндердің түйісу белгілерін нөмірлеу және орнату.

3. *Ақаулықтарды анықтау және жою:* құрылғыны оның құрастыру бірліктерінің жұмыс істеуіне әсері тұрғысынан талдау; бөлшектердің күйін көзбен шолу немесе аспаппен диагностикалау; үйкелмелі беттердің, тығыздағыш сақиналардың, салымдардың жай-күйін, майлау, салқындату, қоректендіру шарттарын анықтау; бөлшектердің геометриялық және физикалық параметрлеріндегі өзгерістерді анықтау; ең аз күш жұмсалатын операциялардан бастап ақаулардың мүмкін себептерін жою; сынау.

4. *Құрастыру:* бөлшектерді олардың мақсаттарына сәйкес құрастыру, іргелес бөлшектермен байланысу нұсқаларын анықтау; бөлшектердің олардың мақсаттарына сәйкес жұмыс істеуін алдын ала ойластыру; соңғы бекітусіз келістіру арқылы сынама қосу, қажет болған жағдайда, қолмен сынау; қолда бар көрнекі құралдармен салыстыру; құрастыру бірліктерін ақырғы бекітуі мен сынауы.

5. *Реттеу:* құрылғыны реттеудің (технологиялық реттеудің) пайдаланушылық қажеттілігі тұрғысынан және тозу салдарынан (техникалық реттеу) талдау; реттелетін элементтерді анықтау; реттеу шеңберін шектейтін факторларды ойша бөлу; өз жорамалдарын техникалық құжаттаманың талаптарымен салыстыру; реттеу және сынау.

Монтаждау жұмыстарын ұтымды орындау амалдары

Қатты тартылған сомынды бұрап алуды жеңілдетуге болады, ол үшін оны алдын ала 10...30° бұру немесе WD-40 өтімді сұйықтықпен өңдеу.

Тоттанған немесе кірмен бітеліп қалған бекіткіш бөлшектердің бұрандамасын тазалау, содан кейін маймен майлау керек.

Беттері үлкен бөлшектерді біріктіруді біртіндеп екі-үш рет жасау керек: алдымен, күш салмай, бөлшектер толығымен жанасқанға дейін, содан кейін — зауытпен ұсынылған күш салып, ортасынан шеттеріне қарай тегістеп отырып (немесе нұсқаулыққа сәйкес).

Ілме кілттерді немесе тұқыр кілтті пайдалану қауіпсіз және ыңғайлы. Оларды бекіткіш бөлшектерге толығымен кигізіп, жұлқыламай және ұзартқыш кілттерді пайдаланбай, біртіндеп тарту керек. Кілттердің өлшемдері бекіткіш бөлшектерге сәйкес болуы керек.

Сайманның сызаттары, қажалған жиектері, бұрмаланулары болмауы керек.

Сіргеленуі керек сомынды бұраған кезде, оны әдетте саңылау мен ойық сәйкес келгенге дейін бұрайды.

Бекіткіштерді тарту кезінде (егер арнайы нұсқаулар берілмесе), тарту моменттері бұранда түріне байланысты келесі мәндерге сәйкес болуы керек: Н-м, М6 — 9... 12; М8 — 19... 28; М10 — 38.54; М12 — 68.96; М14 — 109.154; М16 — 120. 170; М20 — 190.260.

Тартып «отырғызылған» бөлшектерді ажырату үшін, алынғыштарды және қаққылдарды пайдаланыңыз. Балғаны қолданған кезде жалғамалар мен жақтауларды қолданыңыз.

Өлшегіш сайман таза және басқа саймандардан бөлек сақталу керек.

Жұмыстарды қауіпсіз орындаудың жалпы ережелері

Киім өлшемі бойынша сәйкес таңдалған, ұқыпты салынған, жендері түймеленген болуы керек.

Қолдар сулы немесе майлы болмау керек.

Жұмыс орны таза болу керек. Бөгде заттар (сөмкелер және т.б.) болмау керек. Өтетін жолдар бос болу керек.

Сайманды жұмысқа ыңғайлы ретпен орналастыру керек. Ол жарамды болу керек және тікелей мақсатына қарай пайдаланылу керек. Кілттердің қозғалыс бағыты «өзіне қарай» болу керек. Сомынды бұрайтын кілттерді айналдыра бұрамау керек. Кілтті бұраған кезде, қолдың көрші бөлшектердің шеттеріне зақымдалмауын қадағалаңыз. Сайманды әріптеске тұтқасын алға беріп ұсыну керек.

Шешілген бөлшектерді верстакқа бөлшектеп шешілген ретпен салу керек. Бөлшектерді, сайманды және аспаптарды верстактың шетіне қоюға болмайды. Дөңгелек бөлшектерді домалап кетпейтіндей қою керек.

Оқытушының қатысуымен жұмысты бастау алдында монтаждау стендтің сенімді бекітілгеніне және бекіткіш құрылғылардың жарамдылығына көз жеткізіңіз. Стендтегі ауыр агрегаттарды (қозғалтқышты) бұрау және ірі бөлшектерді шешу тек оқытушының рұқсатымен ғана орындауға болады.

Автомобильдің тұрақсыз бөліктеріне тұруға болмайды.

Нақты зертханалық-тәжірибелік сабақта орындалатын іс-әрекеттердің егжей-тегжейлі реті осы оқыту мекемесінің шарттары мен ерекшеліктерін ескере отырып жасалған нұсқаулық картасында көрсетілуі керек (Қосымша).

ҚОЗҒАЛТҚЫШ

Зертханалық-тәжірибелік жұмыс № 1.1

ҚОСИІНДІ-БҰЛҒАҚТЫ МЕХАНИЗМ

Жұмыстарды қауіпсіз орындаудың ережелері. Стендтегі ауыр агрегаттарды (қозғалтқышты) бұрау және ірі бөлшектерді шешу тек оқытушының рұқсатымен ғана орындауға болады. Ажыратқыштың күштік бұрандасын шешілетін бөлшекке осьтес орнатылуы керек; ажыратқыштың аяқтары бөлшекті мықтап ұстап тұруы керек.

Жұмыстарды қауіпсіз орындаудың жалпы ережелерін сақтаңыз.

Жабдық және құралдар. Бұралмалы стендтерде орнатылған ВАЗ-2110, ЗМЗ-4062.10, «Зитек-Е» («Zetec-E»), ЯМЗ-238ДЕ2, КАМАЗ-740.13-260 қозғалтқыштардың цилиндр блоктары (жинақта).

ВАЗ -2110 қозғалтқышы: стандартты кілттер жинағы; піспек сұққысын бөлшектеуге арналған құрылғы; піспек сұққысын баспақтаңқырауға арналған құрылғы; сермер бекіткіші; піспек цилиндрлерін орнатуға арналған төлке; динамометрлік кілт; қысқыш; балға; бұрағыш; иінді біліктің бітеуіштерін баспақтаңқырауға арналған жақтау; піспек сұққыларын ажыратқыш; қуыс бұрғылар жиынтығы; штангенциркуль.

ЗМЗ-4062.10 қозғалтқышы: стандартты кілттер жиынтығы; сермер бекіткіші; піспекді штыруға арналған муфта; піспек сұққысын қысуға арналған жақтау; піспек сұққысын баспақтаңқырауға арналған құрылғы; піспектерді цилиндрлерге орнату кезінде бұлғақты бұрандаларға орнатуға арналған резеңке төлкелер; қаққы; балға; қысқыш; бұрағыш; динамометрлік кілт; иінді біліктің бітеуіштерін баспақтаңқырауға арналған жақтау; әмбебап алынғыш; беріліс қорабының білік мойынтірегін иінді біліктен қысуға арналған ығыстырғыштар; тоқтатқыш сақиналарды шешуге арналған қысқыштар; қуыс бұрғылар жиынтығы; зертханалық таразылар. *«Зитек-Е» қозғалтқышы:* стандартты кілттер жиынтығы; піспек сұққысын құрастыруға арналған құрал; піспекті цилиндрге орнатуға арналған жақтау; балға; қысқыш; бұрғыш; динамометрлік кілт; қуыс бұрғылар жиынтығы; штангенциркуль; цилиндрлер диаметрін өлшегіш.

ЯМЗ-238ДЕ2 қозғалтқышы: стандартты кілттер жиынтығы; балға; қаққы; қысқыш; жылжымалы тістеуіктер; әмбебап алынғыш; сақиналарды қысуға арналған құрал; динамометрлік кілт; қуыс бұрғылар жиынтығы; штангенциркуль.

КАМАЗ-740.13-260 қозғалтқышы: стандартты кілттер жиынтығы; сермер шешуге арналған монтаждық бұрандала; бұлғақ қақпағын шешуге арналған құрал; піспекті сақиналарды алғыш; тоқтатқыш сақинаны шешуге арналған қысқаштар; піспекті цилиндрге орнатуға арналған жақтау; динамометрлік кілт; тескіш; балға; қысқыш; микрометр; индикаторлық нутромер; штангенциркуль; тексеруші тақта; қуыс бұрғылар жинағы.

Жұмыстарды орындау реті. Қосиінді-бұлғақты механизмдердің (ҚБМ) құрылымы туралы материалды қайталаңыз. Оларды бөлшектеу және құрастырудың жалпы ретін оқыңыз. Бөлшектерді демонтаждау алдында олардың құрастыру бірлігінде орналасуына көңіл аударыңыз.

Қозғалтқышты картерін жоғары қаратып орнатыңыз; картерді, май сорғыны және май қабылдағышты шешіңіз. Қозғалтқышты 90° бұрыңыз. Бұлғақты бұрандалардың сомындарын бұраңыз, бұлғақ қақпақтарын шешіңіз және бұлғақтары бар піспектерді абайлап шығарыңыз. Құрастыру кезінде оларды бұрынғы цилиндрлеріне орнату үшін піспектерді, бұлғақтарды және қақпақтарды белгілеңіз. Сермерді бекіткішпен құлыптаңыз және сермерді бекіту бұрандаларын бұрап ашыңыз. Сермерді иінді біліктен шешіңіз. Иінді біліктің тығыздамаларын шешіңіз. Негізгі мойынтіректердің қақпақтарын төменгі астарлармен бірге шешіңіз. Мойынтіректер ұяларынан иінді білікті, үстіңгі астарларды және тірек жартылай сақиналарын шығарыңыз. Қысқышпен бұлғақтардың біреуін қысыңыз және құралдың көмегімен піспек сақиналарын шешіңіз. Піспек дөңесшелерінен тірек сақиналарын алып тастаңыз және саусақты итеріп шығарыңыз.

Қосиінді-бұлғақты механизмдердің бөлшектерінің құрылымын зерттеңіз, орнату белгілерін табыңыз және бөлшектерді дайындау әдістерін анықтаңыз. Үйкелмелі беттердің күйін тексеріңіз және анықталған ақауларды жазып алыңыз.

Піспекті бұлғақ тобын құрастырыңыз. Иінді білікті орнатыңыз. Бұлғақтарды иінді білікпен біріктіріңіз. Қозғалтқышты бөлшектеуге кері ретпен құрастырыңыз.


Цилиндрлерді, піспектерді, тығыздамаларды, астарлардың ішкі жақтарын, тірек жартылай сақиналарын құрастыру алдында майлаңыз. Бұрандалы қосылымдарды қатайту кезінде тиісті ұсыныстарды орындаңыз. Картер бекіткіштерін екі рет айқыш-айқыш амалмен

тартыңыз, Жұмыс орындарын реттеңіз. Тапсырманың соңындағы сұрақтарға жауап беріңіз.

Тапсырманы орындау бойынша нұсқаулар. *BA3-2110 қозғалтқышы.* Қозғалтқышты қартерін жоғары қаратып аударыңыз және иінді біліктің қалып датчигін, май қартерін, май қабылдағышты және май сорғыны шешіңіз (1.1-сурет). Бұлғақты бұрандалардың сомындарын бұраңыз, бұлғақ қақпақтарын шешіңіз және бұлғақтары бар піспектерді цилиндрлер арқылы абайлап шығарыңыз. Құрастыру кезінде оларды бұрынғы орындарына орнату үшін піспекті, бұлғақты және қақпақты белгілеңіз.


Назар аударыңыз! Бұлғақты бұрандамаларды бұлғақтардан итеріп шығаруға болмайды.

Сермерді бекіткішпен бекітіңіз, сермерді бекіту бұрандамаларын бұрап ашыңыз және бұрандамалар тығырығы мен сермерді иінді біліктен шешіңіз (1.2-сурет). Иінді біліктің артқы тығыздамасынан ұстағышты шешіңіз.



1.1-сурет. Май сорғыны шешу:

1 — сорғы; 2 — салым; 3 — май қабылдағыш; 4 — қартер салымы; 5 — қартер; 6 — иінді біліктің қалып датчигі



1.2-сурет. Сермерді шешу:

1 — сермер; 2 — сермерді бекіту бұрандамалары; 3 — тығырық; 4 — бекіткіш; нұсқармен орнату белгісі көрсетілген


Негізгі мойынтіректердің қақпақтарының бұрандамаларын бұрыңыз, оларды төменгі астарлармен бірге шешіңіз. Иінді білікті, ал содан кейін жоғарғы астарларды және тірек сақиналарды ортаңғы тіреуіштен шешіңіз. Иінді біліктің май арналарының бітеуіштерін бөлшектеңіз. Оларды бекіту тәсіліне көңіл аударыңыз.

Құралдарды пайдаланып, піспекті бұлғақ тобын бөлшектеңіз. Піспектен піспек сұққының тірек сақиналарын шығарыңыз, сұққыны шығарып, бұлғақты піспектен ажыратыңыз. Піспек сақиналарын шешіңіз.

ҚБМ бөлшектерін тексеріңіз, монтаждық және өлшемдік белгілерді орнату жерлерін анықтаңыз, ҚБМ техникалық күйін анықтаңыз.

Назар аударыңыз! Цилиндрлердің диаметрлері кластарға бөлінген (А, В, С, D, E) 82 бастап 82,05 мм дейін аралықтары 0,01 мм. Класс таңбалауын цилиндрлер блогының төменгі жағына салады. Бірінші және келесі өлшеу белдіктері арасында цилиндрдің тозуы 0,15 мм аспау керек (1.3-сурет).

Цилиндрлер блогының жазықтығы мен металл сызғыштың (немесе аралық тақтаның) арасындағы саңылауды 1 мм-ге дейінгі қуыс бұрғымен тексеріңіз. Сызғышпен өлшеулер диагональ бойымен, көлденең және бойлық бағыттарда жүргізіледі.



1.3-сурет. Цилиндрлер өлшемдерін нутромердің көмегімен өлшеу: *a* — нутромерді цилиндрге кіргізу; *б* — өлшеу схемасы; *1* — нутромер; *2* — нутромерді калибр бойынша нөлге орнату; *A* және *B* — өлшеулер бағыттары; *I–IV* — өлшеулер белдіктерінің нөмірлері


Піспектердің диаметрлері кластарға бөлінген (A, B, C, D, E) 81,965 мм бастап 0,01 мм аралықпен (1.4-сурет). Піспек пен цилиндр арасындағы есептік саңылау 0,025 ...0,045 мм құрайды. Рұқсат етілген тозу 0,15 мм аспау керек. Піспектердің диаметрін түбінен 55 мм қашықтықта, піспек сұққысына перпендикуляр жазықтықта өлшейді.

Сұққыларды диаметрі бойынша 0,004 мм аралықпен үш класқа бөледі және сәйкесінше көк, жасыл немесе қызыл бояумен таңбалайды.

Жөндегіш өлшемді сақиналарға «40» немесе «80» сандарын салады, бұл сыртқы диаметрді 0,4 немесе 0,8 мм ұлғайтуға сәйкес келеді. Саңылауларды қуыс бұрғылармен тексереді: сақиналар мен жырашық арасында — 0,05 мм (шекті рұқсат етілген 0,15 мм), құлыпта — 0,25.0,45 мм (шекті рұқсат етілген 1 мм).

Бұлғақ қақпақтарында бұлғақ орнатылуы керек цилиндрдің нөміріне сәйкес келетін белгілер бар. Бұлғақтарды жоғарғы бастиктің төлке тесігінің диаметрі және массасы бойынша бөледі және таңбалайды (1.4-суретті қараңыз).

Иінді білікті шеткі өзіндік мойынымен призмаларға орнатыңыз және индикатормен сокқысын тексеріңіз (1.5-сурет).



1.4-сурет. Піспек пен бұлғақ таңбалануы:


1 — цилиндрдегі піспекті бағдарлау нұсқары; 2 — жөндегіш өлшем; 3 — піспек класы; 4 — піспек сұққысына арналған тесік класы; 5 — жоғарғы бастиегіндегі масса мен тесік бойынша бұлғақ кластары; 6 — цилиндр нөмірі

Мойындардың шекті тозуы 0,03 мм. Бұлғақ мойындардың салымдарындағы номиналды саңылаулар — 0,02...0,07 мм, өзіндік мойындардың — 0,026.0,073 мм. Тірек жартылай сақиналарының қалыңдығы иінді біліктің осьтік саңылауын 0,06...0,26 мм (рұқсат етілген саңылау 0,35 мм) шектерде қамтамасыз ету керек. Білікті бұрағыштармен жылжытып, индикаторды тексереді.

Иінді біліктің фланеціне және ілінісуіне жанасатын сермер беттері жазық (рұқсат етілген ауытқу 0,06 мм) және параллель (рұқсат етілген ауытқу 0,1 мм) болуы тиіс. Соккыны индикатормен тексеріңіз. Сермер тәжінің люфті және тістерінің тозуы болмауы керек.

ҚБМ барлық бөлшектерінде саңылаулар мен қажамалар болмау керек.

Қозғалтқышты құрастырыңыз. Иінді біліктің астарларын және жартылай сақиналарын, сондай-ақ піспектер мен тығыздамаларды мотор майымен майлаңыз.



1.5-сурет. Иінді біліктің рұқсат етілген ұрулары

Цилиндрлер блогының үшінші ұясына ішкі бетінде жырашығы жоқ, ал қалған ұяларға - жырашығы бар астар салыңыз. Негізгі мойынтіректердің қақпақтарына жырашығы жоқ астарлар салыңыз. Негізгі мойынтіректердің қақпақтарын генератор жағынан болатындай етіп, белгілерге сәйкес орнатыңыз. Негізгі мойынтіректерге иінді білікті салыңыз және ортаңғы негізгі мойынтіректің тірек сақиналарының ұясына салыңыз. Жартылай сақиналарды иінді біліктің ойықтарын тірек беттеріне қаратып орнатыңыз (алдыңғы жағында - болат алюминий жартылай сақина, ал ортаңғы тіреуден артқы жағында - металкерамикалық, сары). Иінді біліктің артқы тығыздамасын ұстағышқа жақтаумен салыңыз. Иінді біліктің фланеціне тығыздамасы бар ұстағышты кигізіңіз және оның астына салым салып, цилиндрлер блогында бекітіңіз. Сермер мен иінді білікті біріктіріңіз және сермердегі белгі (конус тәріздес шұңқыр) төртінші цилиндрдің бұлғақ мойнына қарама-қарсы орналасу керек (1.2-суретті қараңыз). Сермерді иінді біліктің фланеціне бекітіңіз.

Піспекті бұлғақ тобын құрастыру үшін піспек сұққысын мотор майымен майлаңыз және қолдың бас бармағымен басу арқылы бұлғағы бар піспекке кіргізіңіз. Дұрыс таңдалған сұққы өз салмағымен піспектен түсіп қалмауы керек. Піспектің сақиналары мен жырашықтарын майлаңыз. Жоғарғы компрессиялық сақинаның құлпын піспек саусағының осіне $30...45^\circ$ бұрышпен; төменгі компрессиялық сақинаның құлпын және май сылғыш сақинасының құлпын сәйкесінше 180° бұрышпен, жоғарғы компрессиялық сақинаның құлып осіне 90° бұрышпен орналастырыңыз. Төменгі компрессиялық сақинаны ойығын төмен қаратып орнату керек; егер сақинада «Жоғары» немесе «ТОР» белгісі болса, онда сақинаны осы белгіні жоғары қаратып (піспектің түбіне қарай) орнатыңыз. Май сылғыш сақинада серіппелі кеңейтудің түйіскен жері құлыптың қарсы жағында болуы керек. Біріктіргіш штангаға және қақпаққа арналған сандар (мөртабандар) құрастыру кезінде бір жағында болуы керек. Бұлғақтағы және қақпақтағы сандар (таңбалар) құрастыру кезінде бір жағында орналасу керек. Піспектегі сұққыға арналған тесік 2 мм ығысуына байланысты піспектерді цилиндрге піспектегі «П» белгісі қозғалтқыштың алдыңғы жағына бағытталатындай етіп орналастырыңыз. Піспектерді цилиндрге орнату үшін, арнайы төлкені пайдаланыңыз. Бұлғақтарды тінді біліктің мойындарымен қосыңыз, қақпақтарды орнатыңыз. Цилиндрлердің нөмірлерін білдіретін қақпақтағы және бұлғақтағы сандар сәйкес болуы керек және бір жағында орналасу керек. Бұлғақ бұрандамаларын тартыңыз. Май сорғыны және салымы бар май қартерін орнатыңыз. Қартер түбінің бұрандамаларын ортаңғы бұрандамалардан бастап тартыңыз.

Бұранда қосылыстарын тарту моменттері, Н ■ м

Негізгі мойынтіректің қақпақ бұрандамасы	68,3... 84,38
Май қартерін бекіту бұрандамасы.....	5,1...8,23
Бұлғақ қақпағының бұрандама сомыны	43,3...53,5
Сермерді бекіту бұрандамалары.....	61...87,4
Май қабылдағышты сорғыға бекіту бұрандамасы.....	6,86...8,23
Май қабылдағышты негізгі мойынтірекке бекіту бұрандамасы	8,33...10,29
Май сорғыны бекіту бұрандамасы	8,33...10,29

ЗМЗ-4062.10 қозғалтқышы. Қозғалтқышты бөлшектеңіз. Картер аралығын шешіңіз, май сорғының кронштейнін негізгі мойынтіректің қақпағына бекітетін бұрандаманы, сорғы корпусын цилиндрлер блогына бекітетін екі бұрандаманы бұрап шығарыңыз да, жинақта қабылдағышы бар сорғыны шешіңіз.

Тістердің арасына салынған бұрауышпен бұралуынан ұстап тұрып, иінді біліктің тегершігін бекіту бұрандамасын бұрап ашыңыз. Екі монтаждық қалақшамен тегершікті қозғалтқыш қартерінің алдыңғы қақпағынан бірқалыпты тартып алып тастаңыз.

Сермерді бекіту бұрандамаларын бұрап ашыңыз, тығырық пен сермерді шешіңіз.

Блоктың артқы қақпағы бекіту бұрандамаларын бұрап ашыңыз және оны шешіп алыңыз.

Қажет болса иінді білікті бұрап отырып, төрт бұлғақтың әрқайсысының қақпағының екі бекіткіш сомындарын бұрап шешіп алыңыз. Шешілген қақпақтарды ретімен орналастырыңыз.

Балғның тұтқасымен піспектер мен бұлғақтар жинақтарын цилиндрлерден итеріп шығарыңыз, құлаудың болдырмау үшін оларды екінші жағынан қолмен ұстап тұрыңыз. Бұлғақтарға қақпақтарды кигізіңіз және оларды сомындармен «қатайтыңыз».

Иінді біліктің негізгі мойынтірекерінің қақпақтарының бекіту қақпақтарын бұрап алыңыз. Қақпақтарды осьтік бағытта ажыратқыш тістеуікпен шайқап, оларды негізгі мойынтірекердің астарларымен бірге шешіп алыңыз. Екі тірек жартылай сақинаны ортаңғы тіреуден шешіп алыңыз. Негізгі және бұлғақты мойынтірекердің астарларын шығарыңыз. Иінді білікті блоктан шығарыңыз. Контурланған сомыны бар бұрандаманы құрал ретінде пайдаланып, иінді біліктің май арнасының бітеуішін бұрап шығарыңыз.

Алынғыштың көмегімен піспек сақиналарын шешіңіз. Піспек сұққының тірек сақиналарын шешіңіз. Жақтау арқылы балғаны сәл ұрып, піспекті сұққыны шығарыңыз. Піспекті зақымдамау үшін оны қолға ұстау керек.

Назар аударыңыз! Піспектің минималды рұқсат етілген диаметрі — 91,9 мм. Өлшеу піспекті сұққының осінен 8 мм төмен, оське перпендикуляр жүргізеді. Піспек пен цилиндр арасындағы номиналды саңылау 0,024... 0,048 мм, шекті саңылау — 0,25 мм құрайды. А, Б, В, Г, Д піспектің өлшемдік топтары түбінен ұрылған және 0,012 мм интервал арқылы 91,988 бастап 92,048 мм дейін бөлінеді.

Компрессиялық сақинаның жырақшасындағы саңылау 0,05.0,087 мм, ал май сылғыш жырақшасындағы саңылау — 0,115.0,365 мм шегінде болу керек. Май сылғыш сақинасының құлпындағы саңылау — 0,5... 1 мм, компрессиялық сақинаның — 0,3.0,6 мм. Бұлғақ сұққысы мен төлке арасындағы саңылау 0,0045.0,0095 мм. Мотор майымен майланған саусақ қолдан ақырын төлкеге кіру керек. Бұлғақ өз салмағымен саусақта айналу керек, ал саусақ құламай ұсталу керек. Сұққылар, піспектер және бұлғақтар сұққыны отырғызу сұққысы бойынша төрт топқа бөлінген және бояумен таңбаланған болу керек (ақ, жасыл, сары, қызыл түстер). Сандардың орнына піспектің түбінде римдік сан таңбалануы мүмкін. Сақиналармен, саусақпен және қосылыстың шоққышымен жиналған піспектердің арасындағы айырмашылық 10 г дейін рұқсат етіледі. Сақиналармен, сұққылармен және бұлғақпен жинақтағы піспектер арасындағы айырмашылық 10 г дейін рұқсат етіледі.

Бұлғақты және негізгі мойындардың шекті өлшемдері — 55,92 және 61,92 мм.

Иінді біліктің астарлары мен мойындары арасындағы саңылауды тексеру үшін калибрленген пластмасса сымды пайдалануға болады. Ол үшін оның кесінділерін астар мен білік арасына салады және негізгі мойынтіректердің қақпақтарын 100 Н-м моментпен тартады. Жалпиған сымды қаптамадағы шкаламен салыстыру арқылы саңылауды анықтайды.

ҚБМ барлық бөлшектерінде саңылаулар мен қажамалар болмау керек.

ҚБМ бөлшектерін тексеріңіз, монтаждық және өлшемдік белгілерді орнату жерлерін анықтаңыз, ҚБМ техникалық күйін анықтаңыз.

Қозғалтқышты құрастырыңыз. Піспекті бұлғақпен жалғау үшін піспекті 60.80 °С дейін қыздырыңыз және жылдам сұққыны тығыңыз. «Алды» жазуы және бұлғақтағы шоқы бір жағында орналасу керек. Құралдың көмегімен піспекті сақиналарды кигізіңіз, жоғарғы компрессиялық сақинаның «Үсті» жазуы және төменгі компрессиялық сақинаның бунағы піспектің түбіне қарау керек. Май сылғыш сақина мен кеңейткіш құлыптарының арасындағы бұрыш: ажыратылмайтын сақина кезінде — 45°, ажыратылатын сақина кезінде — 90°. Компрессиялық сақиналардың құлыптарын 180° ажыратыңыз. ҚБМ құрастыру алдында үйкелетін бөлшектерді жұқа ақабат маймен жағыңыз.

Иінді білікті бөлшектеу ретіне кері ретпен орнатыңыз. Негізгі мойынтіректердің қақпақтарына жырашығы жоқ астарлар, ал төсегінде - жырашықтары бар астарлар салыңыз.

Тірек піспектің жоғарғы жартылай сақиналарын үшінші негізгі мойынтіректің төсек бунағында, үйкелісбасқы қабат иінді біліктің жағына қаратып орнатыңыз. Негізгі мойынтіректердің қақпақтарын иінді біліктің мойындарына таңдаланған нөмірлеріне сәйкес салыңыз (1 бастап 5 дейін), блоктың алдыңғы бөлігінен бастау керек. Үшінші қақпақ таңбаланбайды. Қақпақта таңбаланған нөмір бұлғақтың нөміріне сәйкес болу керек және соның жағында орналасу керек; бұл ретте бұлғақ қақпағындағы ойық қозғалтқыштың алдыңғы жағына бағытталу керек.

Құрастырғаннан кейін бұлғақтың төменгі бастиегіндегі ойық піспектегі «Алды» жазуы жағында орналасу керек.

Бұлғақтары бар піспектерді жақтаудың көмегімен абайлап цилиндрлерге салыңыз. Бұлғақтардың иінді білікке жалғау алдында білікті бұрыңыз. Ол оңай, кептеліп қалмай айналу керек.

Бұранда қосылыстарын тарту моменттері, Н ■ м


Негізгі мойынтіректің қақпағын бекіту бұрандамасы	100.....110
Бұлғақ бұрандамасының сомыны.....	68.....75
Сермерді бекіту бұрандамасы.....	72.....80
Иінді біліктің тарту бұрандамасы	104.....128
Картер тұғырығын бекіту бұрандамасы.....	12.....18
Артқы тығыздаманың ұстағышын бекіту бұрандамасы.....	12.....18

«Зитек-Е» қозғалтқышы. ҚБМ демонтажы мен монтажын ерекшеліктерін ескере отырып, бөлшектеу-құрастырудың жалпы тәртібіне сәйкес орындаңыз.

Көлемі 1,8 және 2л қозғалтқыштардың бұлғақтары мен қақпақтары «сыну» әдісімен дайындалды және қақпақтарды өз орындарына орната алатын және бұлғақтарды дұрыс бағыттау алатын арнайы таңбалауы бар. Піспектің түбіндегі нұсқар ГРМ белдігінің жағына қарай бағытталған. Қақпақтарды бекіту бұрандамаларын бір айналдырғанда жартылай айналым жасап бұрау керек. Піспектердегі сұққыларды демонтаждаудың қажеті жоқ!

Иінді білікті шешу алдында индикатордың (1.6-сурет) немесе қуыс бұрғының көмегімен оның осьтік люфтің тексеріңіз. Қуыс бұрғымен білік пен үшінші мойынтіректің арасындағы саңылауды өлшейді.

Негізгі мойынтіректердің қақпақтары 1 бастап 5 дейінгі сандармен (ГРМ жетегінен бастап) және ГРМ жетегі жаққа қарай бағытталған нұсқарлармен таңбаланған. Екінші және төртінші мойынтіректердің қақпақтарына сомындармен май қайырғы пластинасы бекітілген. Қақпақтардың бекітілуін біртіндеп, бір шеткі қақпақтардан бастап ортасына қарай қозғалып, бір бұрағанда төрттен бір айналымға босату керек.



1.6-сурет. Иінді біліктің осьтік люфтің өлшеуі:
1 — индикатор; 2 — бұрауыш

Мойынтіректер астарларын құлатпауға тырысыңыз. Көмекшімен бірге абайлап блоктан иінді білікті шығарыңыз, үстіңгі астарлар блокта өз аралықтарына қалу керек. Қақпақтарды астарларымен бірге қайтадан блокқа олардың бекіткіштерін қолдан босатып салыңыз. Иінді біліктің ұруларын тексеріңіз.

Назар аударыңыз! Цилиндр диаметрі: бірінші топтың — 84,800... 84,810 мм, екінші топтың — 84,810.84,820 мм, үшінші топтың — 84,820.84,830 мм. Піспек диаметрі: сәйкесінше 84,770.84,780 мм, 84,780.84,790 мм, 84,790.84,800 мм. Піспек пен цилиндр арасындағы максималды рұқсат етілген саңылау 0,01 ...0,03 мм. Сақиналар құлыптарындағы барынша рұқсат етілген саңылау: компрессиялық — 0,3..0,5 мм, май сылғыш — 0,4. 1,4 мм. Сақиналардың бір-біріне қатысты ығысуы — 120°. Иінді біліктің осьтік люфті — 0,09.0,26 мм. Өзіндік мойындардың диаметрі — 57,98.58 мм. Негізгі мойынтіректердегі жұмыс саңылауы — 0,011.0,058 мм. Максималды дөңестік — 0,03 мм. Бұлғақты мойынтіректердегі жұмыс саңылауы — 0,025. 0,085 мм. Шекті саңылау — 0,12 мм.

Піспекті бұлғақтың бойымен айдағанда люфт сезілмеу керек.


ҚБМ бөлшектеуге кері ретпен құрастырыңыз. Жанасатын беттер таза және құрғақ болу керек. Цилиндр айнасына және үйкелу беттеріне мотор майының жұқа қабатын жағыңыз. Картердің тұйық бұрандалы қосылыстарының ішіне герметик түсуін болдырмау үшін аралықты бекітуге арналған тесіктерге ұзындығы 20 мм және бұрағыш жармасы бар 10 М6 монтаждық түйреуіштерді бұраңыз. Аралыққа диаметрі 3...4 мм шамамен шетінен 5 мм қашықтықта герметик жағыңыз. Түйреуіштерді бағыттаушылар ретінде қолданып, аралықты түйреуіштерге қойыңыз.

Бұрандамаларды қалған алты тесікке бұраңыз, түйреуіштерді бұрап шығарыңыз және олардың орнына қалған бұрандамаларды бұраңыз.

Бұранда қосылыстарын тарту моменттері, Н ■ м

Цилиндрлер бастиегін бекіту бұрандамасы:	
бірінші амал.....	15
екінші амал.....	40
үшінші амал.....	90°-қа бұру
Иінді біліктің мойынтірек қақпағын бекіту бұрандамасы:	
бірінші амал.....	43
екінші амал.....	85
Иінді біліктің бұлғақ мойынтірегінің қақпағын бекіту бұрандамасы:	
бірінші амал.....	25
екінші амал.....	90°-қа бұру
Тарту білігінің қақпағын бекіту бұрандамасы:	
бірінші амал.....	10
екінші амал.....	19
Блок бастиегінің қақпағын бекіту бұрандамасы.....	7
Картердің төменгі секциясын блокқа бекіту бұрандамасы.....	30
Картер тұғырығын бекіту бұрандамасы:	
бірінші амал.....	10
екінші амал.....	11

ЯМЗ-238ДЕ2 қозғалтқышы. ҚБМ бөлшектеңіз. Қозғалтқышты 180°-қа аударыңыз. Май картерін шешіңіз. Екі технологиялық бұрандаманы бір-бір айналымның кезектестіріп бұрап, сермерді шешіп алыңыз. Сермер картерін шешіңіз. Қозғалтқышты 90° бұрыңыз. Иінді білікті бірінші және бесінші піспек (қозғалтқыштың алдыңғы жағынан) НМТ кіретіндей етіп бұраңыз. Бірінші бұлғақтың бекіту қақпағының сомындарын бұрап шығарыңыз және алынғыштың көмегімен қақпақты шешіңіз. Операцияны бесінші бұлғақ үшін қайталаңыз. Бірінші және бесінші піспектер ВМТ болатындай етіп білікті бұраңыз. Жұмсақ салмасы бар балғамен жақтау арқылы бұлғақтың бекіту қақпағын жеңіл ұрып, жинақтағы піспекті блоктан шығарыңыз. Операцияны бірінші піспек үшін қайталаңыз. Осылайша басқа піспекті бұлғақ топтармен жасаңыз. Астарларды шығарыңыз және қақпақтарды орындарын қойыңыз, қолмен тартып бекітіңіз. Көмекшімен бірге жинақтағы иінді білікті блоктан шығарыңыз. Негізгі мойынтіректердің астарларын шешіңіз, қақпақтарды орындарын қойыңыз, қолмен тартып бекітіңіз. Цилиндрдің бір гильзасын алынғыштың көмегімен шығарыңыз (1.7-сурет). Піспекті бұлғақ тобын бөлшектеңіз. ҚБМ бөлшектердің техникалық күйін анықтаңыз. Орнату белгілерін табыңыз.



1.7-сурет. Цилиндрлердің гильзасын шешуге арналған алынғыш:

1 — диск; 2 — цилиндр гильзасы; 3 — цилиндрлер блогы; 4 — бұрандама; 5 — цилиндрлер блогының бастиегін бекіту түйреуіші; 6 — төлке; 7 — тұтқа

Назар аударыңыз! Гильза мен піспектің етегі арасындағы максималды саңылау — 0,45 мм астам емес. Гильзаның шекті диаметрі — 130,18 мм, піспектің шекті диаметрі — 129,6 мм. Піспекті түбінен 153 мм қашықтықта өлшейді. Піспекті сұққыға арналған тесіктің диаметрі — 50,08 мм астам емес. Піспекті сұққының шекті диаметрі — 49,98 мм кем емес. Бұлғақтың төменгі бастиегінің шекті рұқсат етілген диаметрі — 93,05 мм, ал ені — 41,25 мм кем емес. Сақиналар мен жырақшалар арасындағы саңылаулар аспау керек: жоғарғы компрессиялық сақина үшін — 0,35 мм, екінші және үшінші — 0,3 мм және май сылғыш үшін — 0,25 мм. Цилиндр гильзасына кіргізілген сақиналар құлыптарындағы жылулық саңылау 0,45...0,65 мм шектерде болу керек.

Минималды рұқсат етілген диаметрлер (жөндеусіз): негізгі мойындар — 109,965 мм, бұлғақты мойындар — 87,965 мм, тегершік мойындары — 50,016 мм, алдыңғы қарсы салмақ үшін — 71,035 мм, тістегеріш мойыны —

73,035 мм, алдыңғы жең білігі — 63,5 мм, артқы жең білігі — 139,6 мм. Негізгі астардың есептік қалыңдығы — 3 мм, бұлғақты — 2,5 мм. ҚБМ бөлшектерінің терең қажамалары мен сызаттары болмау керек.

ҚБМ құрастыру және орнатуды ЯМЗ қозғалтқышының ерекшеліктерін ескере отырып, құрастыруға кері ретпен белгілер бойынша жүргізіңіз.

9 кН күшпен қысқан кезде гильза буртикатырының шығуы 0,065...0,165 мм шегінде болу керек. Резеңке тығыздағыш сақиналар мен гильзаның отырғызу бөліктерін блокқа салу алдында мотор майымен жағыңыз. Гильзаларда престеу күші - 3 кН астам емес.

Сермерді орнату кезінде сермер күпшегіндегі «8» таңбасын иінді біліктің шетіндегі «2» таңбамен біріктіріңіз.

Негізгі мойынтіректердің қақпақтарын тік бұрандамалардан бастаңыз және екі амалдап орындаңыз. Содан кейін көлденең бұрандамаларды бұрап тартыңыз. Артқы тірек негізгі мойынтіректі тарту алдында иінді біліктің осьтік саңылауын орнатыңыз. Ол негізгі мойынтіректің қақпағының екі жағында бірдей болу керек және 0,08.0,23 мм шектерде орналасу керек.

Сұққы орнату үшін піспек 10 мин бойы майлы ваннада 80...100°C температурада қыздыру керек, ал сұққыны -10 °C дейін салқындату керек. Сұққы қолдың бас бармағының күшімен кіргізілу керек. Піспек жану камерасының ығысуы бұлғақты қақпағының ұзын бұрандамасы жағына бағытталатындай етіп бұлғақпен жалғасу керек. Піспекті цилиндрге жану камерасының ығысуы қозғалтқыштың ішіне бағытталатындай етіп орнату керек. Піспекті сақиналарды құлыптары 180° ығысатындай етіп орнатыңыз.

ҚБМ орнатқан соң, иінді білік ұзындығы 550 мм тұтқаның көмегімен қолмен оңай бұралу керек.

Бұранда қосылыстарын тарту моменттері, Н ■ м

Негізгі мойынтіректің қақпағын бекіту бұрандамасы:

тік	430...470
көлденең	100...120
Бұлғақ қақпағын бекіту бұрандамасы	200...220
Сермер қартерін бекіту бұрандамасы.....	100...125
Сермерді бекіту бұрандамасы.....	200...220

КАМАЗ-740.13-260 қозғалтқышы. ҚБМ демонтажы мен бөлшектеуді ЯМЗ қозғалтқышы сияқты орындаңыз. ҚБМ бөлшектерінің техникалық күйін анықтаңыз.

Назар аударыңыз! Піспектің етегінің диаметрі (төменгі шетінен 104мм қашықтықта өлшеу) — кемінде 119,81 мм. Піспекті сұққыға арналған тесіктің диаметрі —45,02 мм астам емес. Бұлғақтың төменгі бастиегінің ені — кемінде 33,23 мм. Бұлғақтың төменгі бастиегінің диаметрі — 85,535 мм астам емес. Иінді біліктің мойын диаметрі: артқы жең үшін — кемінде 104 мм, негізгі мойынтіректер үшін — кемінде 92,989 мм, бұлғақты мойынтіректер үшін — кемінде 77,99 мм, алдыңғы қарсы салмақ үшін — кемінде 125,058 мм, артқы қарсы салмақ үшін — кемінде 105,045 мм.

Құрастыруды ерекшеліктерін ескере отырып, кері ретпен жүргізіңіз. Сақиналарды әріптік таңбалауымен және қисайған жағымен жоғары қарай орнатыңыз. Құлыптардың 180° ажыратыңыз. Негізгі мойынтіректердің қақпақтарының бұрандамаларын екі амалмен – алдымен оң қатар жағынан, содан кейін – сол қатар жағынан тартыңыз. Тартуды ортаңғы тіреуден шеткілеріне қарай бастаңыз. Иінді біліктің осьтік саңылауы 0,1... 0,195 мм шектерде болу керек (қалыңдығы әртүрлі тірек жартылай сақиналарын таңдаумен реттеледі). Піспектің және гильзаның индекстері сәйкес келу керек. Піспектерді орнату кезінде клапандарға арналған ойықтарды цилиндрлер блогының развалына қарай ығыстыру керек. бұлғақтың төменгі бастиегінің шеттері мен иінді біліктің жақтарының арасындағы саңылау 0,15 мм кем болмау керек. Бұлғақтардың қақпақтарын екі амалдап тартыңыз, соңғы тартқанда кілттің бұрылу бұрышы (алдын ала тартылған соң) 45....55° құрау керек.

Бұранда қосылыстарын тарту моменттері, Н ■ м

Май қартерін бекіту бұрандамасы	15....19
Негізгі мойынтіректің қақпағын бекіту бұрандамасы:	
алдын ала.....	95....120
түпкілікті.....	275....295
Иінді білік қақпағының тарту бұрандамасы	147....167
Бұлғақ қақпағын бекіту бұрандамасы:	
алдын ала.....	77,5...79,5
түпкілікті.....	108....137
Сермер қартерін бекіту бұрандамасы:	
M12:	
алдын ала.....	50....70
түпкілікті.....	88....108
M10:	
алдын ала.....	20....30
түпкілікті.....	43....54,9
Сермерді бекіту бұрандамасы:	
алдын ала.....	80....100
түпкілікті.....	167....186

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Бөлшектерді тексеру нәтижелерін жазып алыңыз.
2. Әртүрлі қозғалтқыштардың ҚБМ бөлшектеу-құрастыру жұмыстарын жүргізу кезіндегі айырмашылық қандай құрылымдық ерекшеліктермен түсіндіріледі?
3. Әртүрлі қозғалтқыштардың үлгілеріндегі осьтік жылжуларды болдырмау үшін иінді білік қалай бекітіледі?
4. Негізгі және бұлғақты астарлар айналып кетуден қалай ұсталады?
5. Піспекте «Алды» белгісінің болу қажеттілігі немесе түсіндіріледі?
6. Қозғалтқыштардың қосиінді-бұлғақты механизмдерінің бөлшектерін таңбалаудың қажеттілігі қандай?
7. Піспекті сақиналардың құлыптарды қалай орнату керек?
8. «Зитек-Е» қозғалтқышының піспектері қалай салқындайды?
9. Піспекті топты орнатқанда цилиндрді қалай майлау керек?
10. Сермерді бекіту бұрандамалары қалай бекітіледі?
11. Бекіту бұрандамаларын екі амалдап тартудың себебі қандай?
12. Майлы қартер неліктен кезектестіріп айқыш-айқыш бекітеді?

Зертханалық-тәжірибелік жұмыс № 1.2

ГАЗ ҮЙЛЕСТІРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Жұмыстарды қауіпсіз орындаудың ережелері. Жұмыс барысында алынғыштарды, жақтауларды және құралдарды қолданыңыз. Клапандық серіппелерді шешуші және орнату, үлестіргіш біліктің жетек тарту механизмдерін бөлшектеу оқытушының қатысуымен жүргізіледі.

Жабдық және құралдар. ВАЗ-2110, ЗМЗ-4062.10, «Зитек-Е», ЯМЗ-238ДЕ2, КАМАЗ-740.13-260 қозғалтқыштары, бұрылмалы стендтерде орнатылған салқындату, майлау, қоректендіру және оталдыру жүйелерінің аспатарынсыз.

ВАЗ -2110 қозғалтқышы: кілттердің стандартты жинағы; клапандар төлкелерінің бағыттауыштарын баспақтау және баспақтаңқырауға арналған жақтау; май қайырғы қалпақшаларды орнатуға арналған жақтау; үлестіргіш біліктің тегершігін айналдыру және құлыптауға арналған құрал; цилиндрлер бастиегін бекіту бұрандамасына арналған ауыстырып қосқыш; клапандарды шешуге және орнатуға арналған құрал;

клапандар итергіштерін батыруға арналған құрал; итергішті бекіткіш; реттегіш тығырықты жоюға арналған құрал; динамометрлік күш; микрометр; қуыс бұрғылар жинағы.

ЗМЗ-4062.10 қозғалтқышы: кілттердің стандартты жинағы; гидравликалық тартқыш клапанын айналдыруға арналған кең жүзі бар бұрғыш; динамометрлік күш; клапандарды шешуге және орнатуға арналған құрал немесе ыдыс алғыш; іскек; клапан төлкесінің бағыттаушысын басқақтауға арналған жақтау; блок бастиегіне арналған монтаждық тақта; май қайырғы қалпақшаларды алғыш; штангенциркуль; микрометр; қуыс бұрғылар жинағы.

Zetec-E қозғалтқышы: кілттердің стандартты жинағы; гидравликалық итергіштерді шешуге арналған құрылғы; клапанды серіппелерді шешуге арналған құрылғы; штангенциркуль; үлестіру біліктерін бекітуге арналған (5 x 200 x 30 мм); бірінші цилиндр піспегінің ВМТ-ға орнатылуын нықтауға арналған қада (бұрандама М10 ұзындығы 63,4 мм); микрометр; қуыс бұрғылар жинағы.

ЯМЗ-238ДЕ2 қозғалтқышы: жинақтағы цилиндрлер блогының бастиегі, кілттердің стандартты жинағы; газ үлестіру клапандарын шешуге және орнатуға арналған құрылғы; резеңке балға; клапан төлкесінің бағыттаушысын басқақтауға арналған жақтау; штангенциркуль; микрометр; қуыс бұрғылар жинағы, индикатор.


КАМАЗ-740.13-260 қозғалтқышы: кілттердің стандартты жинағы; клапанды серіппелерді шешуге және орнатуға арналған құрылғы; штангенциркуль; микрометр; қуыс бұрғылар жинағы; калибрлер және итергіш ұштықтарының сфералық беттерінің тозуын тексеруге арналған бояу (жоғарғы — калибр $D = 6$ мм, төменгі — калибр $D = 8,73$ мм); клапандарды реттеуге арналған құрал.

Жұмыстарды орындау реті. Газ үлестіру механизмдерінің (ГҮМ) құрылымын қайталаңыз. ГҮМ бөлшектеу және құрастырудың жалпы ретін оқыңыз. Үлестіру білігі жетегінің қорғанысын және клапандық қапқақты шешіңіз. ДЖҚ жұмыс үрдістерін синхрондау үшін бірінші цилиндрдің піспегін ВМТ-ға орнатыңыз және иінді білікті бекітіңіз. Блок бастиегінен иін ағашын ажыратыңыз және оны бөлшектермен жинақта шешіңіз (клапандарға иін ағашы арқылы әсер ететін қозғалтқыштар үшін). Ажыратылған бөлшектерді жұмыс үстеліне бөлшектеу тәртібімен салыңыз. Түйісетін бөлшектерді шатастырып алмау үшін оларды цилиндрлердің нөмірлеріне сәйкес нөмірлеңіз. Клапандармен жинақтағы цилиндрлер блогының бастиегін ажыратыңыз және оны монтаждық тақтаға салыңыз. Бір кіргізу және бір шығару клапанын шешіңіз. ГҮМ бөлшектерінің құрылымын зерттеңіз, орнату белгілерін табыңыз және оларды дайындау тәсілдерін анықтаңыз. Бөлшектерді тексеріңіз және анықталған ақауларды жазып алыңыз.


Газ үлестіру механизмін кері ретпен құрастырыңыз. Қажетті реттеулер жүргізіңіз. Клапанның қақпағын және үлестіру білігінің жетек механизмiнiң қорғанысын орнатыңыз. Бұрандалы қосылыстарды қатайту кезінде автозауыттардың ұсынымдарын пайдаланыңыз. Жұмыс орындарын реттеңіз. Тапсырманың соңындағы сұрақтарға жауап беріңіз.

Тапсырманы орныдау бойынша нұсқаулар. *BA3-2110 қозғалтқышы.* Қозғалтқышты бөлшектеңіз. Алдыңғы қорғаныш қақпағын алыңыз. Ілінісу қақпағының люгінде көрінетін сермердегі белгі ортаңғы шкалаға қарсы болатындай етіп, иінді білікті сағат тілімен бұраңыз; орнату белгілері сәйкес келу керек (1.8-сурет). Тартқыш роликтің бекіту сомынын бұрап шығарыңыз. Тісті белдеуін алып тастаңыз. Үлестіру білігінің тегершігін құлыптаңыз, оны бекіту бұрандасын бұрап алыңыз, тегершікті шешіңіз. Цилиндрлер блогы бастиегінің қақпағын шешіп алыңыз. Үлестіру білігімен жинақтағы блоктың бастиегін бөлшектеңіз. Май өтетін жерде мыс таспамен қоршалған тесік блоктың бастиегін бекітудің бесінші бұрандамасы аймағында орналасқанына назар аударыңыз.


Блоктың бастиегін монтаждық тақтаға орнатыңыз. Үлестіру білігінің мойынтіректерінің корпустарын шешіп алыңыз. Үлестіру білігін цилиндрлер блогы бастиегінің тіреулерінен шығарыңыз және оның ішіне тығыздама салыңыз.



1.8-сурет. Үлестіру білігінің тегершігіндегі және артқы қорғаныш қақпағындағы орнату белгілерінің сәйкестігін тексеру:
1 — тегершік; 2 — артқы қақпақ




1.9-сурет. Клапандар итергіштерін батыру:
1 — құрал; 2 — итергіш; 3 — тығырық;
4 — үлестіру білігінің жұдырықшасы



1.10-сурет. Итергіштерді бекіту:

1 — бекіткіш; 2 — реттегіш тығырық

Клапандар жетегі механизмін бөлшектеніңіз. Итергіштерді батырыңыз (1.9-сурет) және оларды бекітіңіз (1.10-сурет). Блок бастиегінің тесіктерінен реттегіш тығырықтары бар клапандардың итергіштерін шығарыңыз. Құрылғының көмегімен клапандардың серіппелерін қысыңыз (1.11 сурет).Серіппелерді шешіңіз




1.11-сурет. Құралдың көмегімен клапандар серіппелерін қысу


Цилиндр блогының бастиегін бұраңыз және төменгі жағынан клапандарды алып тастаңыз. Бағыттағыш төлкелерден май қағар қақпақтарды шешіңіз. Бөлшектердің жай-күйін, олардың шығарылу әдістерін және айрықша ерекшеліктерін анықтаңыз. Орнату белгілерін табыңыз.

Назар аударыңыз! Тіректердегі тесіктер үлестіру білігінің мойынтіректер корпустарымен жинақта өңделеді, сондықтан олар өзара ауыстырылмайды. Үлестіру білігінің жұдырықшалары мен шығару клапандарының реттегіш тығырықтары арасындағы саңылау — 0,3...0,4 мм және кіргізу клапандары үшін — 0,15... 0,25 мм. Тығырықтың қалыңдығы оның бетінде көрсетіледі. Тығырықты осы таңбамен итергішке қарай орнатады. Бастиектерді бекіту бұраңдамалары 135,5 мм аспау керек. Үлестіру білігінің мойынтіректеріндегі шекті рұқсат етілген саңылау — 0,2 мм. Клапандар фаскасының өлшемі клапан диаметрі 36 мм кезінде 1,3...1,5 мм шегінде, және диаметрі 30,5 мм кезінде 1,8...2,0 мм (1.12-сурет). ГҮМ бөлшектерінде сызаттар мен терең қажамалар болмауы керек.

Қозғалтқышты құрастырыңыз. Серіппелердің тірек тығырықтарын орнатыңыз. Клапандар біліктерін және май қағаз қалпақшаларды мотор майымен майлаңыз. Жақтаумен қақпақтарды бағыттағыш төлкелерге басыңыз. Клапандарды бағыттағыш төлкелерге салыңыз, серіппелерді және серіппелер табақтарын орнатыңыз. Құрылғыны қолданып, серіппелерді қысыңыз және клапандарды орнатыңыз. Цилиндрлер блогының бастиек тесіктеріне реттегіш тығырықтары бар клапандар итергіштерін салыңыз. Үлестіру білігінің мойынтіректер корпустарының біліктерінің орнату төлкелерін салыңыз (1.13-сурет). Үлестіру білігінің тірек мойындары мен жұдырықшаларын мотор майымен майлаңыз. Білікті цилиндрдің блогының бастиек тіреулерін салыңыз (1.14-сурет). Корпустарды орнатыңыз




1.12-сурет. Енгізу (а) және шығару (б) клапандарының фаска өлшемдері




1.13-сурет. Цилиндрлер блогы бастиегіндегі үлестіру білігі мойынтіректерінің орнату төлкелері:
1 — орнату төлкесі; 2 — цилиндрлер блогының бастиегі

Мойынтіректер білігін орнату төлкелері өз ұяларына еркін кіретіндей етіп орнатыңыз. Бекіту сомындарын екі амалдап тартыңыз: алдын ала — мойынтіректер корпустары беттерінің цилиндрлер бастиегі жабысқанға дейін, ал содан кейін — түбегейлі (1.15-сурет). Үлестіру білігінің тығыздамасын мотор майымен майлаңыз және жақтаудың көмегімен басыңыз.

Цилиндрлер блогының бастиегінен орнату үшін блокқа екі цнтрлеуші төлкелер салыңыз және олардың үстінен салым салыңыз. Піспектер цилиндрлердің ортасында тұратындай етіп иінді білікті бұрыңыз. Цилиндрлер блогының бастиегінен орнатыңыз және бастиекті блокқа бекіту бұрандамаларын төрт амалдап тартыңыз (1.16-сурет). Алғашқы тарту моменті 20 Н-м, қайталама — 69,4... тең.




1.14-сурет. Үлестіру білігін цилиндрлер блогының бастиегінің тіреулеріне салу кезіндегі бірінші цилиндр жұдырықшаларының күйі




1.15-сурет. Үлестіру білігінің мойынтіректер корпустарын тарту реті:
1—10 — бекіту сомындарын тарту реті

85,7 Н-м, содан кейін барлық бұрандамаларды 90° бұраңыз, және түпкілікті тағы бір рет 90° бұраңыз.

Кескіш білікті орнатыңыз, бұрап алмай тұрып бекітіңіз және оны шайба мен шайғышпен бекітіңіз. Үлестіру білігінің тегершігін орнатыңыз, оны айналып кетуден құлыптаңыз және бұрандамамен бекітіңіз. Тегершікті бекіту бұрандамасы оксидтелген, ал сермерді бекіту бұрандамасы фосфатталған екеніне көңіл аударыңыз. Құралдың көмегімен белгілерді сәйкестендіру үшін үлестіру білігін бұраңыз (1.17-сурет). Иінді білік алдыңғы шетінен белгілер сәйкес келгенге дейін ең аз бұрылу бұрышына уақытша бұрылған бұрандаманы аяғына дейін бұраңыз. Абай болыңыз: иінді немесе үлестіру білігі өздігінен бұралып кеткен жағдайда, піспектер клапандармен соқтығысуы мүмкін.



1.16-сурет. Цилиндрлер бастиегінің бұрандамаларын тарту реті:
1—10 — бұрандамаларды тарту реті



1.17-сурет. Үлестіру білігі жетегінің схемасы:

1 — иінді білік тегершігі; 2 — салқындатқыш сұйықтықтың сорғы тегершігі; 3 — тартпа ролик; 4 — артқы қорғаныс қақпағы; 5 — үлестіру білігінің тегершігі; 6 — тісті белдік; А — артқы қорғаныс қақпағындағы орнату шоқысы; Б — үлестіру білігінің тегершігіндегі белгі; В — май сорғының қақпағындағы белгі; Г — иінді біліктің тегершігіндегі белгі

Тарту ролигін орнатыңыз және оны белдіктің минималды керілу жағдайында бекітіңіз. Тісті белдікті иінді білік тегершігіне кигізіңіз. Белдіктің екі тармағын тарта отырып, сол тармақты салқындатқыш сұйықтық сорғысының тегершігіне кигізіңіз және оны тарту ролигінің артына жіберіңіз. Белдікті үлестіру білігінің тегершігіне кигізіңіз. Тарту ролигін сағат тіліне қарсы бұрап, белдікті сәл тартыңыз. Белдіктің бүгілмеуін қадағалаңыз. Иінді білікті айналу бағытымен екі айналыс бұраңыз және тағы да орнату белгілерінің сәйкес келуін тексеріңіз. Егер белгілер сәйкес келмесе, белдік тартылуын босатыңыз, оны үлестіру білігінің тегершігінен шешіңіз және білікті қажетті бұрышқа бұраңыз. Белдікті қайталап кигізіңіз, оны сәл тартыңыз, иінді білік екі айналымға бұраңыз және тағы да орнату белгілерінің сәйкес келуін тексеріңіз. Белдіктің тартылуын реттеңіз.

Үлестіру және иінді білік тегершіктерінің арасындағы тармақтың ортаңғы бөлігінде белдік 15... 20[H] тең сұққы күшімен 90° бұралға жағдайда, тартылу қалыпты болып есептеледі.

Үлестіру білігінің жұдырықшалары мен реттегіш тығырықтар арасындағы саңылауларды реттеңіз. Иінді білікті белгілер сәйкес келгенге дейін бұраңыз, содан кейін оны тағы 40...50° бұраңыз (үлестіру білігінің тегершігінде 2,5 — 3 тіс). Бұл ретте бірінші цилиндрде жұмыс қадамының тактісі болады. Үлестіру білігінің бірінші және үшінші жұдырықшалары жанындағы саңылауларды қуыс бұрғылармен тексеріңіз. Саңылау реттегіш тығырықтардың қалыңдығын таңдау арқылы реттеледі, олар 0,05 мм интервалмен 3...4,5 мм қалыңдықпен жасалады. Құралмен ескі тығырықты алып тастаңыз және оның қалыңдығын өлшеңіз. Жаңа тығырықтың H қалыңдығын келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$H = B + (A + C),$$

мұндағы B — ескі тығырық қалыңдығы; A — өлшенген саңылау; C — номиналды саңылау.

Саңылауды тағы бір рет тексеріңіз: егер ол дұрыс реттелген болса, онда қуыс бұрғы сәл қысылып кіру керек. Иінді білікті жарты айналымға кезектесіп бұрап (үлестіру білігінің тегершігіндегі белгіні 90° бұрышқа айналдыруға сәйкес), қалған клапанның саңылауларын реттеңіз.

Цилиндрлер блоогының бастиек қақпағын және тісті белдіктің алдыңғы қақпағын орнатыңыз.

ЗМЗ-4062.10 қозғалтқышы. Қозғалтқыштың ГТТ бөлшектеңіз. Клапандардың қақпақтарын ашыңыз. Әрі қарай жинақтау оңай болуы үшін иінді білікті бірінші цилиндрдің қысу тактісінің ЖТН жайғасымына қарай бұраңыз.

1.1 кесте. Клапандар жетегі механизміндегі саңылауларды реттеу тәртібі

Иінді біліктің бірлескен белгілердің қалпынан бұрылу бұрышы, ...°	Жұдырықшалар	
	Шығару	Кіргізу
40...50	1	3
220...230	5	2
400...410	8	6
580...590	4	7

Ескертпе. Жұдырықшалар нөмірлері тегершіктен реті бойынша көрсетілген.

Бұрандалы байланысты тарту моменттері, Н ■ м

Созып кигізілетін роликтің сомыны.....	33,23...41,16
Үлестіруші білік мойынтірегінің корпусының бекіткіш сомыны	18,38....22,64
Үлестіруші білік тегершігінің бекіткіш бұрандамасы	67,42.....83,3
Цилиндрлер басының қақпақ бекіткіштерінің сомыны	1,96.....4,6

Иінді білік тегершігіндегі сызықіз цилиндр блогының алдыңғы қақпағындағы дөңеске сәйкес келуі тиіс, ал үлестіруші біліктің жұлдызшаларындағы белгілер блок басының жоғарғы жиегінде орналасуы тиіс. Иінді біліктің сермерін тіркеніз. Цилиндрлер басының алдыңғы қапшығын шешіңіз. Шынжырдың жоғарғы және төменгі тынышталдырғыштарын ажыратып тастаңыз. Шынжырдың жоғарғы гидрокергішінің қапшығын ұстап тұрып (ол ішінен гидрокергішпен қысылған), бекіткіш бұрандамаларын бұрап шығарып алыңыз және онымен қоса гидрокергішті шешіңіз. S 30 мм кілтімен енгізу клапанының үлестіргіш білігінің бұралуын тоқтатып тұрып, оның жұлдызшасының бекіткіш бұрандамасын бұрап шығарып алыңыз. Дәл солай шығару клапандарының үлестіруші білігінің жұлдызшасын шешіңіз. Үлестіруші біліктің қақпақатырн шешіңіз. Олардың тағбалары бар екеніне назар аударыңыз (қағылған реттік нөмірлер). Үлестіруші білік қақпақтарының бекіткіш бұрандамаларының тартылуын біртіндеп, жарты айналыммен босатыңыз, себебі біліктер клапандардың серіппелерімен қысылған. Жұдырықшалардың біліктері гидравликалық итергіштердің біліктеріне қатысты 1 мм-ге ығысқанын айта кету керек. Үлестіруші біліктерді тіректік пластмассалық фланецпен және фаза датчигының пластинасын жиынтықта шығарыңыз. Блок басының бекіткіш бұрандамаларының тартылуын босатыңыз, содан кейін бұрандамаларды бұрап шығарып, блок басын және прокладканы шешіңіз. Гидравликалық итергіштерді блок басынан шығарыңыз дәне оларды рет-ретімен қойыңыз. Аспаптың көмегімен клапан серіппелерін босатып, үстінгі тарелканы және екі серіппені шешіңіз. Май шағылыстыратын қалпақшаларды алып тастаңыз және тіректік шайбаны шешіңіз. Клапандарды шығарып алыңыз және оларды орнату орындарын белгілеңіз. Май арналарының бітеуіштерін шығарып алыңыз. Ажыратқыш қартерін күшейткішті және қартер түпқоймасын шешіңіз. Төменгі шынжырдың гидрокергішінің қақпағын және гидрокергішті шешіңіз. Жоғарғы шынжырды аралық біліктің жұлдызшасынан шешіңіз. Жоғарғы және төменгі шынжырлардың гидрокергіштерінің тоспасын шешіңіз. Аралық біліктің жұлдызшасын алып тастаңыз және оның төменгі шынжырмен бірге шешіңіз. Төменгі шынжырдың тыныштандырғышын шешіңіз.

Гидрокергіштердің біреуін бөлшектеп тастаңыз. Қысқыш ауыздарын 12 мм ашыңыз. Кергіш корпусын қысқыштарға кілттің аузына қойғандай орнатыңыз және кең жүзді бұрағышпен абайлап клапанды шығарып алыңыз. Корпустан серіппені және плунжерді шығарып алыңыз. ГТТ бөлшектерінің техникалық күйін, оларды дайындау әдісін, сонымен қатар, майдың келіп түсу арналарын анықтаңыз.


Назар аударыңыз! Үйлестіруші біліктердің бірінші мойнының шекті рұқсат етілген диаметрі - 41,9 мм, қалғандары — 34,9 мм. Жұдырықшаларадың шекті рұқсат етілген биіктігі — 45,5 мм. Үлестіруші біліктің соғысы (ортаңғы мойында) 0,04 мм аспауы тиіс. Үлестіруші біліктердің мойынтіректеріндегі ең үлкен рұқсат етілген саңылау - 0,15 мм. Шекті рұқсат етілген диаметрлер: клапандардың гидроитергіштері — 34,95 мм, клапан өзектерінің — 7,95 мм, енгізу клапандарының төлкелерінің тесіктері — 8,1 мм және шығару клапандарының — 8,15 мм. Клапандар серіппелерінде жарықшалар және майысқан жерлері болмауы тиіс, клапан ершігінде көрінетін тозу іздері мен шұңғылшалар болмауы керек. Клапан ершігіне тығыз қысылған клапан өзегінен үлестіруші біліктің өзегіне дейін ең кіші ара қашықтық — 35,5 мм. Аралық біліктің алдыңғы мойнының ең кіші диаметрі - — 48,95 мм, артқы мойнының — 21,95 мм. Аралық білік төлкелерінің қажамасы болмауы керек.

Қозғалтқыш ГТТ жинаңыз. Алдымен гидрокергішті жинаңыз. Жақтауды қысқышта тігінен бекітіп, оған гидрокергіштің корпусын орнатыңыз. Плунжерді майлап, оны кергіш корпусына орнатыңыз. Плунжер түбіне бұрауышпен баса отырып, оны тоқтатқыш сақина жақтауға тірелгенше түсіріңіз. Плунжерге серіппені салып, серіппеге гидрокергіштің клапанын орнатыңыз. Серіппені қыса отырып, клапанды корпусқа бұрап кіргізіңіз.

Назар аударыңыз! Қысылған серіппенің әрекетімен плунжер корпуспен ілінісуден шығып кетпеуі үшін плунжердің шығыңқы шетіне баспаңыз, ал гидрокергішті блок басының арнасына орнатқаннан кейін — кергіштің өзіне баспаңыз.

Блок басын алдын ала жинауын орындаңыз, клапан тетігін жинақтаңыз, май арналарына бітеуіштерді орнатыңыз. Клапан өзектерін мотор майымен майлаңыз. Жинақтау кезінде клапандарды бұрынғы орындарына орнатыңыз.

Үлестіруші біліктердің жетегін жинақтаңыз (1.18-сурет). Бекіткіш бұраңдамаларын қатты тартпай, шынжырдың төменгі тынышталдырғышын 19 орнатыңыз.



1.18-сурет. Үлестіруші біліктердің жетегі:

1 — иінді білік жұлдызшасы; 2 — төменгі шынжырдың гидрокергіші; 3 — шуыл өткізбейтін езеңке тығырық; 4 — бітеуіш; 5 — төменгі шынжыр гидрокергішінің табандығы; 6 — төменгі шынжыр; 7 — аралық біліктің жетектегі жұлдызшасы; 8 — аралық біліктің жетекші жұлдызшасы; 9 — жоғарғы шынжыр гидрокергішінің табандығы; 10 — жоғарғы шынжырдың гидрокергіші; 11 — жоғарғы шынжыр; 12 — жұлдыздағы орнату таңбасы; 13 — орнату сұққышы; 14 — енгізу клапандарының үлестіруші білігінің жұлдызшасы; 15 — шынжырдың жоғарғы тынышталдырғышы; 16 — шығару клапандарының үлестіруші білігінің жұлдызшасы; 17 — цилиндрлер блогының басының жоғарғы жазықтығы; 18 — шынжырдың жоғарғы тынышталдырғышы; 19 — шынжырдың төменгі тынышталдырғышы; 20 — шынжыр қапқағы; M1 және M2 — цилиндр блогындағы орнату таңбалары.

Төменгі шынжырды 6 аралық біліктің жетектегі жұлдызшасына 7 және иінді біліктің жұлдызшасына 1 тағыңыз. Жұлдыздағы таңба цилиндрлер блогындағы «M1» таңбасына сәйкес келіп, ал тынышталдырғыштан өтетін жетекші шынжыр тартылып тұратындай жұлдызшаны 7 шынжырмен аралық білікке орнатыңыз. Жетекші жұлдызшаны 8 орнатыңыз және 7 және 8 жұлдызшаларын бұрандалармен бекітіңіз.

Төменгі шынжырдың гидрокергіш табандығын 5 орнатыңыз. Кергіш табандығына баса отырып, шынжырды тартыңыз.


Назар аударыңыз! Иінді білікті үлестіруші біліктер жетегінің жоғарғы шынжырын орнатуға дейін айналдыруға болмайды.

Жұлдызшалардың белгілер бойынша дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз және төменгі тізбек тыныштандырғышын 19 бекітіңіз.

Жоғарғы шынжырдың гидрокергішінің табандығын 9 орнатыңыз. Аралық біліктің жетекші жұлдызшасына 8 жоғарғы шынжырды 11 тағыңыз. Жоғарғы шынжырды ол аралық біліктің жұлдызшасынан ұшып кетпеуі үшін ұстап тұрып, шынжыр қақпағын орнатыңыз және бекітіңіз. Шынжыр қақпағындағы гидрокергішке арналған тесікті мотор майымен майлаңыз және гидрокергішті табандыққа тірелгенше орнатыңыз.

Назар аударыңыз! Гидрокергіштің бекіткішін іске қосылып кетпеуі үшін баспаңыз.

Гидрокергіш қақпағын жабыңыз және екі бұрандамамен бекітіңіз. Гидрокергіштің тесігі арқылы шынжырдың тартысын тудыру үшін, оның үстіне жақтаумен тірелгенше басып, содан кейін бос жіберіңіз. Бітеуішті гидрокергіш қақпағына бұрап кіргізіңіз. Цилиндрлер басының аралық қабатын орнатыңыз. Цилиндрлер басын ол орнатқыш төлкелерге „отыратындай,, түсіріңіз. Цилиндрлер басының бекіткіш бұрандамаларын тартыңыз (1.18 сур). Цилиндрлер басындағы гидроитергіштерге арналған тесіктерді мотор майымен майлап, гидроитергіштерді цилиндрлер басына орнатыңыз. Гидроитергіштерді бұрынғы орындарына оларды бөлшектеп ашу кезінде жасалған таңбаларға сәйкес қайта орнатыңыз. Цилиндрлер басындағы ұяларды, үлестіруші біліктердің жұдырықшаларын және тіреуіш мойындарын мотор майымен малаңыз. Енгізу клапандарының үлестіруші білігін сұққышпен жұлдызшаға жоғары қаратып, ал шығару клапандарының үлестіруші білігін – сұққышпен жұлдызшаға оңға қарай орнатыңыз. Үлестіруші біліктерінің алдыңғы қақпақшаларын тіреуіш фланецтермен бірге орнатушы төлкелерге орнатыңыз.



1.19-сурет. 3МЗ-4062.10 қозғалтқышы цилиндрлерінің ұштарын бекіту сомындарын кезекті тартуы:

1 —10 — сомындарды тарту кезектігі


№ 3 және 7 қақпақшаларды орнатыңыз. Қақпақшалар цилиндрлер басымен жанасқанға дейін оларды бұрандалармен алдын ала тартып қойыңыз. Таңбалауға сәйкес қалған қақпақшаларды орнатыңыз. Бұрандамаларды 1-23 Н-м моментімен соңына дейін тартып қойыңыз.

Тіректердегі әрбір үлестіруші біліктің айналымын тексеріңіз, бұл үшін үлестіруші білікті ондағы арнайы төртжақты бөлігінен кілтпен цилиндрлердің біреуінің клапан серіппелері толық қысылғанға дейін бұраңыз. Ары қарай бұрағанда үлестіруші білік өз бетінше клапан серіппелерінің әрекетімен айналуы керек. Орнатушы сұққыштар 13 көлденең орналасатындай және әр түрлі жаққа қарап тұратындай үлестіруші білікті бұраңыз (1.18 сур. қараңыз). Бұл үшін жұлдызшаға 13 жетек шынжырын тағыңыз және оны үлестіруші білікке орнатыңыз. Бұл жағдайда үлестіруші біліктегі сұққыш жұлдызшадағы тесікке дәл келуі үшін үлестіруші білікті төртжақты бөлігінен сағат тілінің бойымен айналдырыңыз. Үлестіруші білікті сағат тіліне қарсы айналдырып, шынжырдың жетекші тармағын тартыңыз. Бұл ретте жұлдызшадағы орнатушы таңба 12 цилиндрлер блогының басының жоғарғы жазықтығына 17 сәйкес келуі керек. Енгізу үлестіруші білікті орнатпас бұрын, шығару клапандарының үлестіруші біліктің жұлдызшасына 14 жетекші шынжырды салыңыз. Жұлжызшалар арасында шынжыр тармағы сәл ғана салбырап тұратындай жұлдызшаны үлестіруші білікке орнатыңыз. Үлестіруші білікті сағат тіліне қарсы бұрай отырып, шынжырды тартыңыз; бұл жағдайда жұлдызшадағы орнату таңбасы 12 цилиндр басының жоғарғы жазықтығына сәйкес келуі тиіс. Жұлдызшалардың бекіткіш бұрандамаларын тартыңыз, жоғарғы шынжырдың гидрокергішін 10 және төменгі шынжырдың гидрокергішін орнатыңыз. Шынжырдың орта 18 және төменгі 19 тынышталдырғыштарын бұрандамаларды соңына дейін тартпай орнатыңыз. Бекіткішті иінді біліктің сермерінен шешіңіз. Жоғарғы шынжырдың жұмыс тармақтарын тартыңыз. Шынжырдың орта және төменгі тынышталдырғыштарын соңына дейін бекітіңіз. Барлық таңбалардың сәйкес келуін тағы да тексеріп шығыңыз. Цилиндр басының алдыңғы қақпағын орнатыңыз. Клапандар қақпағын орнатыңыз және бекітіңіз.


Бұранда қосылыстарын тарту моменттері, Н ■ м

Цилиндр блогының басының бекіткіш бұрандама:	
алдын ала тартып қою.....	40...60
соңына дейін тартып қою	130...145
Үлестіруші біліктің қақпағының бекіткіш бұрандамасы.....	19...23
Үлестіруші біліктің жұлдызшасының бекіткіш бұрандамасы	56...62
Клапандар қақпағының бекіткіш бұрандамалары	5.....8
Ілінісу қартерін күшеткіштің бекіткіш бұрандамалары.....	29.....36
Цилиндрлер басының алдыңғы қақпақшасының бекіткіш бұрандамалары	22..... 27


«Зитек-Е» қозғалтқышы. Қозғалтқыштың ГТТ бөлшектеп ашыңыз. ГТТ жетегібелбеуінің жоғарғы, орта, төменгі қақпақтарын шешіңіз. Су сорғысы тегершігінің бекіткіш бұрандамаларын босатыңыз. Бұрандамаларды кезек-кезек бұрап шығарып, цилиндрлер блогының басындағы қақпақты шешіңіз. Бірінші цилиндрдің піспегін қысу тактісінде ЖТН орнатыңыз және бақылау қадасын қойыңыз (1.20 сур.). Аспаптың көмегімен иіді біліктің тегершігін шешіңіз. Су сорғысының тегершігін және жетек белбеуінің кергіш ролигін шешіңіз. Бақылау кермесімен үлестіруші біліктердің орнын бекітіңіз (1.21 сур). Біліктерді бекіткіш аспаппен ұстап тұрып, үлестіруші біліктердің тісті доңғалақтарының бекіткіштерін босатыңыз (1.22 сур). Белбеуді және тісті доңғалақтарды шешіңіз. Тісті доңғалақты біліктерге қатысты бағыттайтын таңбаларға назар аударыңыз. Үлестіруші біліктердің мойынтіректеріндегі қақпақтардың бекіту бұрандамаларын біртіндеп бұрап шығарыңыз (1.23 сур). Қақпақтарды және үлестіруші біліктерді шешіңіз. Шығару білігінде біліктің орналасу датчигін басқару жұдырықшасының болуына назар аударыңыз. Цилиндрлер басынан реттеуші тығырықтармен итергіштерді шығарып алыңыз және оларды бөлек қорапшаларға бөлшектеп ашу тәртібімен жайғастырыңыз. Көзбен тексеру арқылы ГТТ бөлшектерінің техникалық күйін тексеріңіз.



1.20-сурет. Бірінші цилиндрінің ГТТ анықтау үшін қаданы орнату:
1 — бақылау қадасы; 2 — цилиндрлердің блогы




1.21-сурет. Бірінші цилиндрдің ЖТН жайғасымына үлестіруші біліктерді орнату :
1 — бақылау кермесі; 2 — цилиндрлер блогының басы; 3 — үлестіруші біліктер



1.22-сурет. Үлестіруші біліктерді тісті доңғалақтарды монтаждау-демонтаждау кезінде бос айналмау үшін бекіту:

1 — тісті доңғалақты бекіту құралы;
2 — тісті доңғалақтардың бұрандамалары



1.23-сурет. Үлестіруші біліктердің мойынтіректеріндегі қақпақтарды бұрап шығару реті:

1—10 — бұрандамалардың реттік нөмірлері; нұсқалар бұл бұрандамаларды жұптап босату (тарту) керектігін көрсетеді

Назар аударыңыз! Егер тегершіктер арасындағы аралық 180-280 немесе 30-400 мм болса, бас бармақпен басқан кезде белбеудің майысуы сәйкесінше 6 немесе 13 мм тең болуы керек. Тегершіктердің белбеуінің және тісті доңғалақтардың қандай да бір ақаулары болмауы тиіс. Кергіш оңай айналу керек. Білік мойынтіректерінің қақпақтарында таңбалар болады: енгізу — I, шығару — E. Итергіштер мен жұдырықтарда тозу іздері болмауы керек. Енгізу клапандарының саңылаулары 0,10.0,18 мм, шығару клапандарының саңылаулары — 0,27.0,35 мм шегінде болуы тиіс.

ГТТ жинаңыз. Біліктерді орнатқан кезде клапандар піспектерге тимеуі үшін, бақылау қадасын шығарып, барлық піспектерді орта жайғасымға орнатып, иінді білікті сағат тіліне қарсы 90° бұраңыз. Итергіштерді, олардың ұяларды, мойынтіректердің беттерін және жұдырықшаларды мотор майларымен майлаңыз. Біліктерді орнатыңыз және олардың жайғасымдарының дұрыстығын тексеріңіз.

Білік мойындарын майлаңыз және мойынтірек қақпақтарын таңбаларын сыртқа қаратып орнатыңыз. Блок бастигімен жанасқанша бір өту ішінде бұранданың бір айналымымен қақпақтарды бұрап салыңыз (1.24 сур). Содан кейін екі сатымен бұрандамаларды қатты тартып қойыңыз.

Бірінші цилиндрдің піспегін ЖТН қысу тактісінде орнатыңыз. Қуыс бұрғымен жұдырықша мен реттеуші тығырық арасындағы саңылауды өлшеңіз. Иінді білікті 180° айналдырыңыз және үшінші цилиндрдегі, содан кейін төртінші және екінші цилиндрлердегі саңылауларды тексеріңіз. Алынған нәтижені жазып алыңыз. Бірінші цилиндрдің піспегін ЖТН орнатыңыз және орнын бақылау қадасымен бекітіңіз. Тісті доңғалақты, жетек белбеуін және басқа ГТТ жинақтаушы бірліктерін бөлшектеп ашуға қарсы тәртіпте орнатыңыз.

Бұранда қосылыстарын тарту моменттері, Н ■ м

Үлестіруші біліктің мойынтірегінің қақпағын бекітетін бұрандама:

алдын ала.....	10
біржола	19

Цилиндрлер басындағы қақпақтың бекіткіш бұрандамалары

7

ГТТ жетегі белбеуіндегі қақпақтың бекіткіш бұрандамалары:

үстіңгі қақпақ.....	10
ортаңғы қақпақ.....	50
төменгі қақпақ.....	7

Жетек белбеуіндегі роликтің бұрандамасы

40

Белбеу кергішінің бұрандамасы.....

25


Иінді білік тегершігінің бұрандамасы.....

115

Үлестіруші біліктің тісті доңғалағының бұрандамалары

68

ЯМЗ-238ДЕ2 қозғалтқышы. Үлестіруші тісті доңғалақтардың қақпағын шешіңіз. Иінағаш біліктерінің бұрандамаларын бұрап шығарыңыз және оларды иінағаштармен қоса шешіңіз. Итергіштердің кермелерін шығарыңыз. Үлестіруші біліктің тірек фланецінің бекіткіш бұрандамаларын бұрап шығарыңыз. Клапан торабын бөлшектеп ашуды блоктың бөлек басында (немесе алдын ала шығарылған) орындаңыз. Цилиндрлер блогының басына аспапты орнатыңыз және бір клапан торабын шығарып алыңыз. ГТТ бөлшектерінің техникалық күйін тексеріңіз.



1.24-сурет. Үлестіруші біліктердің мойынтіректеріндегі қақпақтарды тарту реті:

1—10 — бұрандамалардың реттік нөмірлері

Назар аударыңыз! Егер жұдырықшалар биіктігі бойынша 0.25 мм арстам тозса, ал біліктің соғысы 0.2 мм асып кетсе, үлестіруші білік алмстырылуы керек. Клапандар блок басының ұяларына саңылаусыз орнығуы тиіс. Клапанның жұмыс жүзінде газ іздері, сызыкіздер және шұңқырлар болмауы тиіс. Білік тозуының диаметрі 11.92 мм аспауы тиіс. Иінағаш өлкесінің ішкі диаметр 25.15 мм аспауы керек. Иінағаш білігінің тозуы 25 мм диаметрге дейін рұқсат етіледі; қарнақтың иілуі 0.5 мм аспауы тиіс. ГТТ бөлшектерінде жарықтар және қызып кету іздері рұқсат етіледі

ГТТ бөлшектен ашуға қарама-қарсы тәртіпте жинаңыз. Иінағаш пен клапан арасындағы жылу саңылауын тексеріңіз. Ол енгізу және шығару клапандары үшін 0,25...0,3 мм аралығында болуы керек. Жылу саңылауын реттеуді келесі тәртіпте орындаңыз:


- иінді білікті тегершіктің бекіткіш бұрандамасынан ұстап тұрып, сағат тілінің бойымен бірінші цилиндрдің шығару клапаны толық жабылғанша және тағы 1/3 айналымға бұраңыз (қысу тактісіндегі ЖТН);
- саңылауларды қуыс бұрғымен тексеріңіз (0,25 мм қуыс бұрғы сәл басқанда кіру керек, ал 0,3 мм қуыс бұрғы — күшпен кіреді) және алдын ала реттеуіш бұранданың контрсомынын әлсіретіп, қажетінше реттеңіз (1.25 сур.);
- 1 — 5 — 4 — 2 — 6 — 3 — 7 — 8 тәртібімен басқа цилиндрлердегі саңылауларды тексеріңіз.

Бұранда қосылыстарын тарту моменттері, Н ■ м


Цилиндрлер блогындағы жоғарғы қақпақтың бекіткіш бұрандамалары 25...32
Иінағаштар өзектерінің дінгектеріндегі бекіткіш бұрандамалар 120.....150
Үлестіруші біліктің тісті доңғалағының бекіту сомыны..... 270.....300

КАМАЗ-740.13-260 қозғалтқышы. Блоктың бір басынан қақпақты шешіңіз. Цилиндрлер блогының басынан бекіткіш бұрандамаларды бұрап шығарыңыз және оны клапандармен бірге шығарыңыз. Итергіштер кермелерінің жиынтығымен шығарыңыз. Иінағаш дінгектерінің бекіту сомындарын бұрап шығарыңыз және оларды шешіңіз. Иінағаштарды шешіңіз. Клапандар саңылауларын реттеу бұрамасын шығарып алыңыз. Аспаптың көмегімен клапан торабын бөлшектен ашыңыз (1.26 сур). ГТТ бөлшектерінің техникалық күйін тексеріңіз.

Назар аударыңыз! Клапандардың бағыттаушы төлкелеріндегі тесіктердің диаметрі 10.04 мм аспауы тиіс. Иінағаш ұшының биіктігі – 6 мм аспауы тиіс (иінағаш орталығының деңгейінен ұшына дейінгі арақашықтық). Иінағаш төлкесінің тесігі - 25,04 мм аспауы тиіс.




1.25-сурет. Иінағаш пен клапан арасындағы саңылауды реттеу:
1 — реттеу бұраманың контрсомыны;
2 — қуыс бұрғы



1.26-сурет. Клапан серіппелерін шешуге және орнатуға арналған аспап: 1 — бұрама; 2 — айналтұтқа; 3 — тәрелке; 4 — сұққыш

Итергіштерге арналған тесіктердің диаметрі 22,05 мм аспауы тиіс. Итергіш өзегінің 21,78 мм диаметрден кем тозуына, сонымен қатар, біркелкі емес тозуына және итергіштердің бүйір жақ беттерінде қажамалардың болуына рұқсат берілмейді. Итергіштердің кермелерінің майысуы 0,6 мм аспауы керек. Контакт орны (калибрмен тексергенде), керменің жоғарғы және төменгі ұштарының сфералық беті — кем дегенде 60%. Иінағаш дінгектеріндегі тірек беттерінің 24,96 мм диаметрден кем тозуына рұқсат берілмейді (1.27 сур). Өзек диаметрі 9,94 мм (енгізу) және 9,90 мм (шығару) кем болатын және өзек бүйір жағының биіктігі 6.3 мм болатын клапандар жарамсыз болады.

ГТТ бөлшектеп ашу тәртібіне қарсы қайта жинаңыз. Блок басындағы бекіту бұрандамаларын графит майының жұқа қабатымен майлаңыз. Блок басын орнатпас бұрын иінағаштардың реттеу бұрамаларын екі-үш айналымға босатыңыз. Блок басының бұрандамаларын үш рет айқыш тартыңыз.



1.27-сурет. Шекті өлшемдерді бақылау орындары.

1 — иінағаштар дінгегінің тірек беті; 2 — клапанның жұмыс жүзі; 3 — клапан өзегі; 4 — өзек бүйіржағы

Дұрыс орнатылған жағдайда бекіткіш соташығы сермердің саңылауына кіруі керек, ал үлестіруші біліктің тісті доңғалағының «0» таңбасы жоғарғы жайғасымда болып, отын жанармай сорабы жетегінің тісті доңғалағының дәл сондай таңбасына сәйкес келуі керек. Иінағаштардың ұшы мен клапан өзектерінің арасындағы жылу саңылауларын тексеріңіз және реттеңіз.енгіз клапанына арналған 0,3 мм және шығару клапанына арналған 0.4 мм қуыс бұрғылар күшпен кіруі керек. Клапандарды аспап көмегімен реттеңіз. Бастапқыда сермерді сағат тіліне қарсы 60° айналдырып, бірінші және бесінші цилиндрлердің клапандарының саңылауларын реттеңіз. Семердегі екі көршілес тесік арасында сермерді бұру 30° бұрылысқа сәйкес келеді. Иінді білікті 240° бұрып, төртінші және екінші, 420° бұрып, алтыншы және үшінші, және 600° бұрып – жетінші және сегізінші цилиндрлердің клапандарын реттеңіз.

Бұранда қосылыстарын тарту моменттері, Н ■ м

Иінағаштар өзегінің дінгектерінің бекіткіш сомындары	42...54
Иінағаштың реттеуші бұрамасының сомыны	33...41
Үлестіруші біліктің тісті доңғалағының бекіткіш бұрандамасы.....	90.....100
Блок басын бекіту бұрандамасы:	
бастапқыда.....	40...50
аралық.....	120...150
біржола.....	160...180
Блок басындағы қақпақтың бекіткіш бұрандамасы.....	17...22

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. ГТТ бөлшектерін тексеріп қарау нәтижелерін жазып алыңыз.
2. ВАЗ, ЗМЗ, «Зитек», ЯМЗ, КАМАЗ қозғалтқыштарының ГТТ бөлшектеп ашу және жинау кезінде жұмыстардың айырмашылықтары құрылыстың қандай ерекшеліктеріне байланысты болады?

3. ІЖҚ-ның бірінші цилиндрінде қысу тактіндегі ЖТН қалай анықтауға болады?
4. Неліктен клапандардағы жылу саңылауларын контрсомын тартылған күйінде өлшейді?
5. Орнатушы төлкелерді қандай қозғалтқыштарда және қандай мақсатта қолданады?
6. Иінді білікті неге сағат тіліне қарсы айналдырады?
7. Не үшін кейбір қозғалтқыштардың блогының басын орнатуға дейін піспектерді цилиндрлердің ортасына орнату қажет?
8. Жылу саңылауларын реттеуге дейін ГТТ жетегінің шынжырының (белбеуінің) керілуін, иінағаш діңгектерінің бекіткішін неліктен тексеру қажет?
9. ГТТ саңылауларының артуы немесе азаюы неге әкеледі?
10. ІЖҚ-дың газтарту фазаларының датчиктері қайда орналасқан?
11. Түрлі ІЖҚ клапандарының айналу тетіктерінің құрылысы қандай?

№ 1.3 зертханалық-тәжірибелік жұмыс

ҚОЗҒАЛТҚЫШТАРДЫ САЛҚЫНДАТУ, МАЙЛАУ ЖӘНЕ ЖЕЛДЕТКІШ ЖҮЙЕСІ

Жұмыстарды қауіпсіз орындау ережелері. Жұмыс кезінде ұсынылған ажыратқыштар, жақтау және құрылғылармен пайдаланыңыз. Термостатты тексеру бойынша жұмыстарын мұғалімнің қатысуымен өткізу қажет. Жұмыстарды қауіпсіз орындауының жалпы ережелерімен басшылық етіңіз.

Жабдықтар мен құралдар. бұлғақпен жинағында піспекпен және бөлек блок ұшымен ВА3-2110, ЗМ3-4062.10, «Зитек-Е» қозғалтқыштары, ЯМЗ-238ДЕ2, КАМАЗ-740.13-260 айналмалы стендтерінде орнатылған электржабдықтары, қоректендіру жүйелерінің құралдарынсыз.

ВА3-2110 қозғалтқыш: кілттердің стандартты жинағы; салқындату сұйықтығының пәрелі сорғының ажыратқышы; салқындату сұйықтығының пәрелі сорғыны пресстеу үшін құрылғылары; майлы сүзгішті шешу үшін құрылғылар; салқындату сұйықтық сорғының тығыздамасын пресстеу үшін жақтауы; салқындату сұйықтығы сорғының мойынтірегі ауыстыру үшін жақтауы; индикатор; микрометр; штангенциркуль.

ЗМ3-4062.10 қозғалтқыш: кілттердің стандартты жинағы; су сорғыны монтаждау және демонтаждау үшін ажыратқыштар мен сорғыларының жинағы; динамометр; сызғыш; қуыстардың жинағы; сағат; термометр.

«Зитек-Е» қозғалтқыш: кілттердің стандартты жинағы; сумен металлдық сыйымдылығы; термометр; электр такташа; манометрімен қолмен вакуум сорғышы; штангенциркуль.

ЯМЗ-238ДЕ2 қозғалтқыш: кілттердің стандартты жинағы; штангенциркуль; әмбебап ажыратқыш; лупа.

КАМАЗ-740.13-260 қозғалтқыш: кілттердің стандартты жинағы; әмбебап ажыратқыш; штангенциркуль.

Жұмыстарды орындалуының кезеңігі. Қозғалтқыштарды салқындату, майлау және желдету жүйелерінің құралын қайталаңыз. Плакат бойынша салдықдату сұйықтығының циркуляциясын зерттеңіз және қозғалтқышта салқындату жүйелерінің құралдарын табыңыз.

Қозғалтқыштан салқындату сұйықтығының ортадан тепкіштік сорғыны, салқындату сұйықтығы температурасының тетігі, термостат, желдеткіш, радиаторды шешіңіз. Сорғыны бөлшектеңіз, оның құралын зерттеңіз және сыртқы көзбен шолып оның техникалық жағдайын анықтаңыз. Қозғалтқыштарының бірінің термостатының дұрыстығын тексеріңіз. Қозғалтқыш белдігінің тарту реттеуін өткізіңіз.


Плакат бойынша майлау жүйесінің құралын зерттеңіз және қозғалтқышта майлау жүйесінің құралдарын табыңыз. Қозғалтқыштан майқабылдағышты, редуциялық қақпағымен май сорғыны, сорғы жетегін, қайта өткізу клапанымен май сүзгішін, май қысымының тетігін шешіңіз. Май сорғыны бөлшектеңіз, оның құралын зерттеңіз, техникалық жағдайын анықтаңыз және жинаңыз.

Плакат бойынша қартер желдеткішінің жүйесі құралын зерттеңіз және қозғалтқышта жүйенің элементтерін табыңыз (созу құбыршегі, ауа тазартқыш, жіберуші құбыры, ауашығарғыш, жалын басқыш, май айырғыш және т.б.).

Май сорғы мен салқындатқыш сұйықтығының сорғыны, осы құралдарының сызбаларымен басшылық ете отырып, кері бөлшектеуіндегі тәртібінде жинаңыз.

Қозғалтқышта шешілген құралдарды орнатыңыз. Бұрандалы байланыстарын тарту кезінде автозауыттарының ұсыныстарымен пайдаланыңыз. Жұмыс орындарын ретке келтіріңіз. Тапсырманың соңында сұрақтарға жауап беріңіз.

Жұмыстарды орындау бойынша ұсыныстар. ВАЗ-2110 қозғалтқыш. Қозғалтқышты бөлшектеңіз. Карбюраторға салқындатқыш жүйесінен сұйықтықты тармағын және жеткізу құбыршектерін, қозғалтқыш қартерінің желдеткіш жүйесінің құбыршегін шешіңіз. Тісті белдігінің алдыңғы қақпағын демонтаждаңыз және таратқыш білігінің қозғалтқыш бөлшектерін шешіңіз. Тісті белдігінің артқы қақпағын шешіңіз және салқындатқыш сұйықтығының сорғыны демонтаждаңыз. Термостаттан құбыршекті ажыратыңыз және оны шешіңіз.



1.28 сурет. Салқындатқыш жүйесінің түйіндерін шешу:


1 — салқындатқыш сұйықтығының температурасын көрсеткіш тетігі; 2 — салқындатқыш жейдесінің бұрма жалғама; 3 — жылытушыдан сұйықтықты тармағының құбыршегі; 4 — жылытушыға сұйықтықты жеткізу құбыршегі; 5 — салқындатқыш сұйықтығы сорғының жеткізгіш құбыры; 6 — термостат

Бұрып жіберетін жалғама құбыр мен салқындатқыш сұйықтығы сорғының жеткізу құбырын шешіңіз (1.28 сурет). Салқындатқыш сұйықтығының температурасын көрсеткіш тетігін бұраңыз.

Құрылғылар көмегімен май сүзгішін шешіңіз. Блок ұшына жалғама құбырынан және картер желдеткіші жүйесінің құбыршегінің цилиндрлері блогынан ажыратыңыз. Май деңгейін көрсетуін шығарыңыз және май деңгейінің тетігін шешіңіз. Қозғалтқышты картермен үстіне бұраңыз және оны шешіңіз. Майқабылдағышты және сай сорғыны шешіңіз. Картер желдеткіші жүйесін құбыршек цилиндрлер блогынан және блок ұшына жалғама құбырынан ажыратыңыз және қақпақты шешіңіз. Майажыратқыш корпусының бекіту бұрандамаларын бұраңыз және тор мен корпусты шешіңіз.

Салқындатқыш сұйықтығы сорғыны бөлшектеу үшін (помпалар) ажыратқышпен тісті тегершігін шешіңіз. Мойынтірегінің тоқтатқыш бұранын бұраңыз және жіберу көмегімен тығыздама мен қалақты аспап, мойынтірегімен жинағында білікшені демонтаждаңыз (күшті мойынтіректің тоғынына салыңыз).

Май сорғыны бөлшектеу алдында оларды қысқыштарда қысыңыз. Сорғы корпусына қақпаларды бекіту бұрандаларын бұраңыз (1.29 сурет) және жетектегі және жетекші тегершіктерін шығарыңыз. Редукциялық қақпақшаны бөлшектеңіз. Май сорғышы мен помпаның бөлшектерінің техникалық жағдайын тексеріңіз.




1.29 сурет. Май сорғының элементтері:

1 — сорғы корпусы; 2 — жетектегі тегершік; 3 — жетекші тегершік; 4 — редукциялық қақпақша; 5 — қақпақша серіппесі; 6 — тығын; 7 — тығыздауыш сақинасы; 8 — иінді білігінің алдыңғы тығыздама; 9 — сорғы қақпағы; 10 — тығыздауыш сақинасы; 11 — майкабылдағыш

Назар аударыңыз! 50 Н жүктемесі кезінде помпа мойынтірегіндегі осьтік саңылауы 0,13 мм аспау қажет. Сорғы корпусының сызаттары мен пішінін өзгертуі рұқсат етілмейді.

Тегершіктерінің жанасу аймағындағы май сорғының қақпағында өңдеу іздері болмауы қажет, сорғы корпусының жұмыс беттерінде тозу іздері және сызаттары болмау қажет (1.30 сурет).



1.30 сурет. Шекті тозуларының мағыналарын көрсетуімен май сорғының корпусы

Жетекші тегершігі үшін шекті рұқсат етілген саңылауы – 0,12 мм, жетектегі тегершігінде – 0,15 мм. Еркін жағдайындағы редуциялық қақпақшасы серіппесінің ұзындығы 44,72 мм тең болуы қажет, 40 Н жүктеуі кезінде – 31,7 мм.

Редуциялық қақпақша тығынының алюминийлі тығыздауыш сақинасының қалыңдығы 1,3...1,7 мм құрай қажет.

Термостаттың жұмысқа қабілеттілігін тексеріңіз. Термостатты 78...80 °С температурасымен глицеринмен ыдысқа түсіріңіз.

Сұйықтық температурасын кезеңдеп минутына 1° жоғарлатыңыз. Қақпақшаны ашылуының басталуы температурасы - 85.....89 °С. 102 °С температурасы кезіндегі қақпақшаның жүрісі 8 мм кем болмауы қажет.

Май сорғыны және салқындатқыш сұйықтығының сорғыны, бөлшектеуге кері тәртібінде жинаңыз. Май сорғыны жинақтау кезінде моторлы маймен тығыздаманың сыртқы диаметрінің бетін майлаңыз және оны тіреуге дейін қақпаға пресстеңіз. Тегершіктерді, терегшіктер аймағындағы корпусын, майқабылдағыш құбырларының тығыздауыш резенкелі сақинасын және редуциялық қақпақшасының бөлшектерін майлаңыз. Қысқыштарда қақпаны ақырындап бекітіңіз, корпусының ішіне тістерінің бетеріндегі факстермен тегершіктерін орнатыңыз және қақпаға корпусы бекіту бұрандаларын тартыңыз. Редуциялық қақпақшаны жинаңыз. Жинақтаудан кейін сорғы тегершіктері баяу, қажаусыз және жұлынуынсыз айналуы қажет.

Қозғалтқыштан шешілген түйіндер мен агрегаттарын орнатыңыз.

Салқындатқыш сұйықтығы сорғының қозғалтқыш тегершігі мен таратқыш білігі берілісінің белідктерін тартуын тексеріңіз. Белдікті тартуын реттеу тәртібі №1.2 зертханалық-тәжірибелік жұмыстарында келтірілген.

ЗМЗ-406 қозғалтқыш. Қозғалтқышты зерттеңіз. Салқындатқыш сұйықтықты құю үшін ашуға қажетті қрандарды табыңыз (астынан –

Бұрандалы байланыстарын тарту моменттері, Н ■ м

Сақиндатқыш шығарушы жалғама құбырын бекіту сомыны	15,97.....22,64
Май қартерін бекіту бұрандамасы	5,15.....8,22
Помпаны бекіту бұрандамасы	7,64.....8,01
Помпаның жеткізгіш құбырын бекіту бұрандамасы	4,17.....5,15
Мойынтірек қақпағындағы майқабылдағышты бекіту бұрандамасы	8,33.....10,29
Сорғышқа майқабылдағышты бекіту бұрандамасы	6,86.....8,22
Май сорғышын бекіту бұрандамасы	8,33.....10,29
Май сорғышы корпусын бекіту бұрандамасы	7,2.....9,2
Май сорғышының редуциялық қақпақшасының тығыны	45,5.....73,5
Май сүзгішінің жалғастығы	37,5.....87,5
Май қысымының тетігі	24.....27

радиатордың оң ыдысында, сол жағынан – цилиндрлердің блоктарында); сонымен бірге кеңейту ыдысының тығыны шешілу, ал жылытқыш краны ашық болуы қажет. бөлшектеу процессінде демонтаждалған бөлшектер мен тіреудің орналасқан жерлерін белгілеңіз. Қозғалтқыштан май радиаторының құбыршегін және жылытқыштың екі құбыршегін, май қартерінен май радиаторының құбыршегін, радиатордың астыңғы жалғама құбыры мен термостат қақпағынан кеңейткіш ыдысының құбыршегін, термостат қақпасынан және су сорғыдан радиатор құбыршектерін ажыратыңыз.

Радиатордың бекіту бұрандамаларын бұраңыз және оны құбыршектер мен кеңейткіш ыдысымен, электрожелдеткішімен жинағында шешіңіз. Тартпалы роликті бекіту бұрандамасы мен су сорғының тегершікті бекіту бұрандамаларын әлсіздетіңіз, белдікті шешіңіз. Су сорғының тегершігін бекіту бұрандамаларын аударыңыз және оны шешіңіз. Картер желдеткішінің құбыршектерін ажыратыңыз және оны шешіңіз. Қақпақшалардың қақпасын демонтаждаңыз. Дроссельді жалғама құбырын жылыту құбыршектерінің қамыттарының бұрандамаларын әлсіздетіңіз және оларды жалғастықтан шешіңіз. Май деңгейінің көрсеткішін шешіңіз. Цилиндрлер ұштарының кіріс тесіктерінде орнатылған термостат корпусын бекіту бұрандамаларын бұраңыз және оны шешіңіз. Май қысымының тетігін бұраңыз.

Май қартерімен үстіне қозғалтқышты бұраңыз және қартерді шешіңіз. Негізгі мойынтірегіннің үшінші қақпасындағы май сорғыны ұстауышты бекіту бұрандамаларын бұраңыз. Май сорғыларын бекітуінің қалған бұрандамаларын бұраңыз, оны және сорғы берілісінің алтықырлы білігін шешіңіз. Тізбек қақпағына су сорғыны бекіту бұрандамаларын бұраңыз және сорғыны шешіңіз. Май сорғы берілісінің қақпаларын бекіту бұрандамаларын бұраңыз және оны шешіңіз. Май сорғы берілісінің жетекші тегершігіннің сомынын бұраңыз және сомынмен жинағында тегершікті шешіңіз. Май сүзгішін шешіңіз. Цилиндрлер блогынан ағызатын кранын бұраңыз. Цилиндрлер ұштарының сол жағынан май магистралінде орналасқан, майдың апатты қысымы мен май қысымының тетіктерін бұраңыз.

Термостат корпусына бұралған, температура мен салқындатқыш сұйықтыңын жылыту тетіктерін, және радиаторда рналасқан желдеткіш тетігін демонтаждаңыз. Май каналдарының тығындарын бұраңыз және сым көмегімен каналдарының жиілігін тексеріңіз. Картер желдеткіші мен салқындатқыш сұйықтығының циркуляциясы, май қозғалтқышының жолын тексеріңіз. Ажыратқышты пайдалануымен салқындатқыш сұйықтығының сорғышын бөлшектеңіз. Корпустың орта бөлігінде бақылау тесігінің болуына назар аударыңыз.


Сорғы бөлшектерінің техникалық жағдайын анықтаңыз (тығыздама манжетасының илгіштігін жоғалту, пәрелі күпшегінің жұмыс беті мен тығыздаманың тозуы). 10 Н жүктелуі кезінде мойынтірегінің сыртқы шеңберінің осьтік жылжуы 0,25 мм аспау қажет. бақылау тесіктерін тазартыңыз.

Май сорғыны бөлшектеніз. Аралықты, қабылдағыш жалғама құбырын және қабылдағыш жалғама құбырынан торды шешіңіз. Корпустан жетекші тегершігімен жинағындағы білікті және жетектегі тегершігін корпустан шығарыңыз. Редукциялық қақпақшаны бөлшектеу үшін сіргені шешіңіз, серіппені, тығырықты және тығынжылды шығарыңыз.

Термостатты тексеру үшін, минутына 1 °С көп емес интенсивтілігімен жылытуға қажетті 55 °С дейін қыздырғаннан кейін, сумен ыдысқа (3 л) оны түсіріңіз.


Қақпақшаны ашудың басталу температурасы - 80...84° С (қақпақшаның жүрісі 0,1 мм). 95...99° С температурасы кезінде қақпақшаның ашылуы 8,5 мм кем болмауы қажет. Қайнаған суға қақпақшаны түсіру кезінде оның толық ашу уақыты 80 с аспау қажет.

Салқындатқыш сұйықтығының сорғыны жинаңыз (1.31 сурет). Білікшеге жалғама құбыр мен күпшекті орнатуы кезінде күпші білікшенің бетіне салыңыз.



1.31 сурет. Су сорғыны жинау:

а — күпшекті пресстеу; б — жалғама құбырды пресстеу; 1 — тегершік; 2 — білік; 3 — жалғама құбыр



1.32 сурет. Автокөлік агрегаттарының беріліс белдігін тарту сызбасы:
 а — рөлдің гидрокүшейткісіз; б — рөлдің гидрокүшейткішімен; 1 — иінді білігінің тегершігі; 2 — тартымды ролик; 3 — генератор тегершігі; 4 — су сорғының тегершігі; 5 — рөл гидрокүшейткіш сорғының тегершігі; А — белдік иілгішінің шамасы

Май сорғыны жинақтау алдында тегершік пен редукциялық қақпақшасының тығынжылды моторлы маймен майлаңыз. Сорғы корпусына қабылдағыш жалғама құбырын аударыңыз (тарту моменті – 14...18 Н-м). Білікшемен жинағындағы тегершіктерінің баяу айналдыруын тексеріңіз.

Қозғалтқышқа, бөлшектеу кезінде жасалған белгілерімен сәйкес, бөлшектеуге кері тәртібінде демонтаждалған бөлшектерді орнатыңыз.

Агрегаттардың беріліс белдігінің тартуын реттеңіз (1.32 сурет).

Салқындатқыш сұйықтықтар сорғы мен генератор тегершігі арасындағы орташа тарауындағы қосымшасы кезіндегі белдіктің иілгіші 70.90 Н күшінде 14.16 мм құрау қажет.

қажеттілік жағдайында тартымды роликті бекіту бұрандамасын әлсіздетіңіз және роликті жылжытып, қажетті тартуына жетіңіз.

Бұрандалы байланысты тарту моменттері, Н ■ м


Су сорғыныңтегершігін бекіту бұрандамасы.....	22.....27
Тізбектің қақпағына су сорғыны бекіту бұрандамасы	14.....18
Май сорғышына қабылдауыш жалғама құбырын бекіту бұрандамасы.....	14.....18
Май картерін бекіту бұрандамасы	12.....18

«Зитек-Е» қозғалтқышы. Салқындатқыш сұйықтығы радиаторының құйылу тесігінің тығынын бұраңыз. Термостат қабығынан жылытқыш радиаторының құбыршектерін ажыратыңыз. Қабық қақпасын бекіту бұрандамасын бұраңыз және термостатты шығарыңыз.

Термостат пен ауаны жою қақпақшасының орналасуын белгілеңіз. Желдеткішті шешіңіз. Блок ұшының температура тетігін табыңыз және шешіңіз. Осы моделінің қозғалтқышында ол блок ұшының артқы жағында орналасқан, шығу коллекторының астында, МГР берілісінің белдігі жанында орналасқан. Желдеткіш конденсаорынан радиаторды ақырындап ажыратыңыз. Конденсаторды бекітіңіз және радиаторды шешіңіз. Кеңейткіш ыдысының тығынындағы қорғағыш қақпақшасының жұмысын тексеріңіз (1.33 сурет).

Салқындатқыш сұйықтығы сорғыны шешу үшін (помпалар) белдік пен МГР беріліс белдігінің қақпаларын демонтаждау қажет, помпа қабығынан құбыршекті ажыратыңыз, МГР берілісінің белдігі ролигін шешіңіз және қабық пен сорғыны бекіту бұрандамаларын бұраңыз.

Май сүзгішін, картер табандығын және блок ұшының қақпағын шешіңіз. Май алғышты шешіңіз. Цилиндрлер блогына сорғыны бекіту бұрандамаларын бұраңыз және оны шешіңіз. Оның роторларындағы белгілерінің орналасуына назар аударатырып, сорғының қақпағын шешіңіз. Сорғы корпусынан роторларды шығарыңыз. Тығынды бұрамалаңыз және серіппе мен редукциялық қақпақшаның тығынжылын шығарыңыз. Қозғалтқыш май қозғалтқышының тетігін шешіңіз (май сүзгішімен жақын блогында орналасқан). Піспекті салқындату үшін бүріккішті бұлғақта табыңыз. Оның ашу қақпақшасы қалай орнатылғанын анықтаңыз. блок ұшын қараңыз. Қақпақша ұшының орталық бөлігіндегі орналасқан қозғалтқышты тоқтатуы кезінде ұшының май магистральдеріндегі майды ұстайтынды табыңыз. Қозғалтқышты қосудан кейін ауаны жою үшін тағайындалған, ондағы тесігіне назар аударыңыз. Қақпақшалы қақпағын қараңыз және картерлі газдарының бұруы қалай іске асырылатынын анықтаңыз. жинақтауыш бірлігінің техникалық жағдайын тексеріңіз.



1.33 сурет. Кеңейткіш ыдысының қақпағының сақтандырғыш қақпақшасының істеу қысымын өлшеуі: 1 — кеңейткіш ыдысының қақпағы; 2 — саптама; 3 — вакуумдық сорғы; 4 — манометр

Назар аударыңыз! Бөлмелі температурасы кезінде термостат толығымен жабық болуы қажет, ал 100 °С жақын температурасы кезінде ашық болуы қажет. Артық қысым кезінде 1,4... 1,6 бар кеңейткіш ыдысы тығынының сктандырушы қақпақшасы ашылу қажет.

Май сорғының роторлары арасындағы саңылауы – 0,23 мм. Сорғының бетінің тұғырығымен кималы 0,3.0,8 мм блоктың бетінен тең шығу қажет.


Бөлшектерді жинаңыз және оларды қозғалтқыштарына орнатыңыз. Май сорғыны орнатуы кезінде білік қысқыштарымен оны бекіту үшін ішкі роторына бұраңыз.

Бұрандалы байланыстарын тарту моменттері, Н ■ м

Цилиндрлер блогына май сорғыны бекіту бұрандамасы	11
Май алғышты бекіту бұрандамасы	10
Майды төгу тығыны	25
Қабыққа помпаны бекіту бұрандамасы	9
Қозғалтқышқа помпа қабығын бекіту бұрандамасы	18
Қозғалтқышқа термостат қабығын бекіту бұрандамасы	20
Картер желдеткіші жүйесінің май ажыратқышты бекіту бұрандамасы.....	25
Май қысымы тетігін бекіту бұрандамасы	20

ЯМЗ-238ДЕ2 қозғалтқыш. Қозғалтқышта салқындатқыш сұйықтығын төгу крандарын табыңыз. Салқындатқыш сұйықтығын қозғалтуының оң және сол құбырларын, жинақта термостаттарымен қозғалтқыш қорабын қозғалтқышпен демонтаждаңыз және оларды сорғымен бірге шешіңіз. Сорғы корпусы қақпаларының бекіту сомындарын бұраңыз (1.34 сурет). Тегершікті айналдырып шығуынан ұстай отырып, қақпақшалы сомынды бұраңыз. Ажыратқыштың көмегімен пәрені шешіңіз. Тоқтатқыш сақинаны демонтаждаңыз және сорғыны тығыздауының барлық бөлшектерін шығарыңыз. Текстолиттік тығырығының жағдайына ерекше назар аударып, тығыздауыш бөлшектерін қараңыз. Кеңейткіш ыдысының үю ұшының тығынын қараңыз және атмосферамен хабарлау қақпақшаларын табыңыз.

Стендте қозғалтқышты аударыңыз және май картерін бекіту бұрандамаларын бұраңыз. Май алғыш пен сорғы жалғама құбырымен жинағындағы май сорғыны бұраңыз. Сорғының радиаторлық және айдайтын секциясының құбырларын ажыратыңыз. Қозғалтқыштан май сүзгішін және ортадан тепкіш тазарту сүзгішін бөлшектеніз. Редукциялық, сақтандырғыш түсірулік және дифференциалды қақпақшаларын табыңыз (1.35 сурет).




1.34 сурет. Салқындатқыш жүйесінің сұйықтықты сорғы құралы:

1 — манжета; 2 — сорғы корпусы; 3 — төлке; 4 — келтіргіш жалғама құбырын бекіту түйіндемесі; 5 — тоқтатқыш сақина; 6 — тығыздауышының тіреуіш сақинасы; 7 — тығыздауыш серіппесі; 8 — тығыздауыш манжетасы; 9 — жалғама құбыр; 10 — қақпағы; 11 — білікші; 12, 20 — сомындар; 13 — тоқтатқыш тығырық; 14 — термостат құбыраларының қосу ниппелі; 15, 16 — мойынтіректер; 17 — мойынтірек қақпалары; 18 — тегершік бүйірін бекіту сомындары; 19 — құлыпты тығырық; 21 — тығырық күпшесі; 22 — күпше; 23 — реттеуіш аралықтар; 24 — пресс-май

Қозғалтқышта қартер желдеткіші жүйелерінің элементтерін табыңыз. Жинақтау бірліктерінің техникалық жағдайын анықтаңыз.

Назар аударыңыз! Текстилді тығырығының бетіндегі қажамалар мен өңдеулері рұқсат етілмейді. Иінді білігінің тегершігі мен сорғы берілісінің аралық тегершіктерінің тістері арасындағы бүйірлі саңылауы 0,25...0,37 мм шегінде орналасқан (0,3 мм қалыңдығымен реттеуіш аралықтарының көмегімен орнатылады). Бөлшектердегі сызаттардың болуы рұқсат етілмейді.




1.35. сурет. Қозғалтқышты майлау жүйесі:

1 — жоғары қысымды жанармайлы сорғыға майды жеткізу құбыры; 2 — тұрғырыққа майды құю; 3 — май құйғыш қылта; 4 — қақпақша күйентесі; 5 — итергіш құбыршегі; 6 — бұлақтағы канал; 7 — орталық май каналы; 8 — иінді білік; 9 — дифференциалды қақпақша; 10 — май радиаторы; 11 — сорғыш құбыр; 12 — сақтандырғыш қақпақша; 13 — редукциялық қақпақша; 14 — май сорғының радиаторлық секциясы; 15 — сорғының негізгі секциясы; 16 — май түпқоймасы; 17 — таратқыш білік; 18 — итергіш осьтері; 19 — май сүзгішінің қайта қосу қақпақшасы; 20 — май сүзгіші; 21 — орталықтан тепкіш сүзгіш; 22 — иінді білігінің май каналдары

Сұйықтықты сорғыны келесі ерекшеліктерін есепке алуымен, кері бөлшектеуіндегі тәртібінде жинаңыз. Тоқтатқыш сақинасын орнатуынан кейін текстолиттік тығырық басу кезінде еркін жылжуы қажет және серіппенің әрекетімен бастапқы жағдайына қайтуы қажет. резеңкелі манжетаны орнату алдында білікше ұшын сабынмен сабындаңыз, ал текстолиттік тығырығымен қиылысқан төлкенің бетін – графитті маймен жұқа қабатты майлаңыз.


Помпа тегершігі тоқтатқышының сомыны 100...140 Н-м моментімен тартылады.

КАМАЗ-740.13-260 қозғалтқышы. Қозғалтқыштан гидрожалғастырғышты сөндіргіш, желдеткіш берілісінің гидрожалғастырғышын, сұйықтықты сорғыны, термостаттардың қорапшаларын, құбыршектерін және кеңейткіш ыдысын, төгу крандарымен басқару берілісін салқындату жүйесінің жинақы бірліктерін демонтаждаңыз (1.36 сурет).



1.36 сурет. Салқындатқыш жүйесінің сызбасы:

1 — кеңейткіш ыдысына радиаторынан қайта қосу құбыры; 2 — компрессордан ыдысқа қосу құбыры; 3 — компрессор; 4 — қосу құбыры; 5 — термостаттарының қайта қосу құбыры; 6 — сұйықтықты сорғы; 7 — жеткізу жалғама құбырының иіні; 8 — желдеткіш; 9 — құю қраны; 10 — цилиндрлерінің оң қатарларын жеткізу құбыры; 11 — цилиндрлер блогының ұшы; 12 — желдеткіш берілісінің гидрожалғастырғышын сөндіруші; 13 — термостаттар қорапшасы; 14 — жылытқышқа салқындатқыш сұйықтығын жеткізу жалғама құбыры; 15 — салқындатқыш сұйықтығы деңгейін бақылау қраны; 16 — ыдыс; 17 — буауа тығыны; 18 — термостаттар; I — радиатордан; II — жабық термостаттары кезіндегі сорғыда; III — ашық термостаттары кезіндегі радиаторлар; IV — сұйықтықты сорғыға кеңейткіш ыдысынан; V — цилиндрдің ұштарынан



1.37 сурет. Қозғалтқыштың майлау жүйесінің сызбасы:

1 — май радиаторы; 2 — центрифуганың құйылғыш қақпақшасы; 3 — центрифуганың қайта қосу қақпақшасы; 4 — май радиаторын қосу қраны; 5 — центрифуга; 6 — басты май магистралі; 7 — жұқа тазарту сүзгішінің қайта қосу қақпақшасы; 8 — манометр; 9 — май деңгейін көрсету қысқышы; 10 — ауа шығарғыш; 11 — компрессор; 12 — ЖКЖС; 13 — гидрожалғастырғышты қосу қраны; 14 — термोकүшті тетік; 15 — желдеткіш берілісінің гидрожалғастырғышы; 16 — тұғырық; 17 — радиаторлық секциясының сақтандырғыш қақпақшасы; 18 — Айдайтын секцияның сақтандырғыш қақпақшасы; 19 — май сорғының радиаторлық секциясы; 20 — май сорғының айдайтын секциясы; 21 — дифференциалды қақпақша; 22 — жұқа тазартумен толық ағынды сүзгіш

Майлау жүйесінің жинақы бірліктерін демонтаждаңыз: май қабылдағыш, май сорғы, жұқа тазарту сүзгіші, орталық тепкіш май тазартқышы (1.37 сурет). Қозғалтқышта майлау жүйесінің сақтандырғыш қақпақшасын табыңыз. Картер желдеткішінің жүйесі қалай орнатылғанын анықтаңыз.


Термостаттарды шығарыңыз және олар ашық және жабық жағдайында салқындатқыш сұйықтығының ағындарын қайта бағыттайтынын анықтаңыз.

Сұйықтық сорғының бөлшектеуін өткізіңіз (1.38 сурет).

Гидрожалғастырғышты бөлшектеп бөлшектеңіз және жұмыс қуысын табыңыз (1.39 сурет).

Гидрожалғастырғышының сөндіргіші қалай жұмыс істейтінін анықтаңыз (1.40 сурет).

Май сорғының бөлшектеп бөлшектеуін өткізіңіз. сорғы корпусынан радиаторлық секциясының сақтандырғыш қақпақшасын шығарыңыз. Сорғы айдайтын секцияның сақтандырғыш қақпақшасын шығарыңыз.




1.38. Сұйықтықты сорғының жинақы бірліктері:

1. — жинақыдағы сұйықтықты сорғы; 2, 12 — тығыздауыш сакиналары; 3 — тегершік; 4 — шаң тойтару тығырығы; 5 — тығыздауыш сакинасы; 6 — алдыңғы мойынтірек; 7 — сегментті кілт; 8 — білікше; 9 — артқы мойынтірек; 10 — су қайтару тығырық; 11 — жалғама құбыр; 13 — сакинаның тоғыны; 14 — бетті тығыздауышының тіреуіш сакинасы; 15 — жинақыдағы тығыздауышы; 16 — пресс-май; 17 — сорғы корпусы

Қақпақшаларының тығындарын реттеуіш тығырығы мен серіппені түсірмеу үшін ақырындап бұраңыз.


Майдың жұқа тазартуымен сүзгінің сүзгіленген элементін шешіңіз. Майдың орталық тепкіш тазарту сүзгішін бөлшектеңіз. Ротор мен қақпақшадағы белгілеріне назар аударыңыз.

Назар аударыңыз! Термостат 80 °С температурасы кезінде ашыла бастайды, 93 °С жеткенде ол толық ашылу қажет. лупаның көмегімен сызаттар, құлау, кавитация іздерінің болмауына көз жеткізіңіз. Сұйықтықты сорғы білікше мойындарының шекті рұқсат етлген тозулары: алдыңғы мойынтірегіне – 24,99 мм кем, артқы мойынтірегіне — 19,99 мм.




1.39 сурет. Желдеткіш беріліс гидрожалғастырғышының құралы:

1 — алдыңғы қақпа; 2 — корпус; 3 — қабықша; 4, 7, 12, 13, 20 — шар мойынтіректері; 5 — майды жеткізу құбыры; 6 — жетекші білік; 8 — тығыздауыш сақина; 9 — жетектегі дөңгелек; 10 — жетекші дөңгелек; 11 — тегершік; 14 — тіреуіш төлке; 15 — желдеткіш күшшегі; 16 — жетектегі білік; 17, 21 — өзіндік жылжымалы манжеталар; 18 — аралық; 19, 22 — бұрандамалар



1.40. Желдеткіш берілісінің гидрожалғастырғынтар сөндіргіштерінің жағдайы:

I — қозғалтқыштың майлау жүйесінен майды жіберу; II — гидрожалғастырғышқа майды жіберу; А — автоматтық режим; П — желдеткіш тұрақты қосулы; О — желдеткіш сөндірулі



1.41 сурет. Көмекші агрегаттарының клинобелдікті берілісінің сызбасы:

1 — тартымды құралы; 2 — генератор тегершігі; 3 — беріліс белдіктері; 4 — сұйықтықты сорғының тегершігі; 5 — гидрожалғастырғыш тегершігі

Майлау жүйесінің қақпақшалары мен май сорғының сақтандырғыш қақпақшаларының сыртқы диаметрлерін тозуы 15,93 мм кем емес диаметрге дейін рұқсат етіледі. Центрифуганы жинақтау кезінде ротор мен қақпақшадағы белгілерін қосу қажет.

Бөлшектеуге кері тәртібінде түйінді жинаңыз және оларды қозғалтықша орнатыңыз. Көмекші агрегаттарының беріліс белдіктерінің тартуын тексеріңіз (1.41 сурет).

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Қарастырылған қозғалтқыштарының конструкциялық ерекшеліктері неден жасасылған?
2. Термостаттардың сынау нәтижелерін жазыңыз және оларды пайдалану туралы нәтижесін беріңіз.
3. Қозғалтқыштардың әртүрлі моделдерінде май сорғының берілістерін орнату тәртібін салыстырыңыз.
4. Әртүрлі қозғалтқыштарында көмекші агрегаттарының беріліс белдіктерін тарту реттеуінің тәртібін салыстырыңыз.
5. Қарастырылған қозғалтқыштарында салкындатқыш жүйелерінің қандай түрі қолданылған?
6. Қандай қозғалқышта майлау жүйесі аса өтемпұл?
7. Қарастырылған қозғалтқыштарында желдеткіштің қандай түрі пайдаланылған?

№ 1.4 зертханалық-тәжірибелік жұмысы

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ГАЗДАРДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ АУАНЫ БЕРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

Жұмыстарды қауіпсіз орындау ережелері. Тәжірибелік жұмыстарын қауіпсіз орындауының жалпы ережелерімен басшылық етіңіз.

Жабдықтар мен құралдар. ВАЗ-2110, ЗМЗ-4062.10, «Зитек-Е», ЯМЗ-238ДЕ2, КАМАЗ-740.13-260 қозғалтқыштары. Қозғалтқыштарды жіберу жүйесінің түйіндері мен бөлшектері. Кілттердің стандартты жинағы, вольтметр, аккумулятор.

Жұмыс орындау кезектігі. Пайдаланылған газдарды (ПГ) шығару және ауаны жіберу жүйелерінің құралын қайталаңыз және қозғалтқышта сәйкесінше құралдарын табыңыз. Ауа трактісі құралын қозғалтқышынан шешіңіз және оларды бөлшектеңіз. ПГ нейтралдауы мен жіберу жүйелерінің құралдарын қарастырыңыз. Жинақы бірліктерінің техникалық жағдайын тексеріңіз.

Бұрандалы байланыстарының тартуын зауыт-өндірушілерінің ұсыныстарымен сәйкес өткізіңіз. Жұмыс орындарын ретке келтіріңіз. Жұмыстың соңында сұрақтарға жауап беріңіз.

Жұмыстарды орындау бойынша ұсыныстар. ВА3-2110 қозғалтқышы. Ауа сүзгішін демонтаждау үшін серіппелі ұстағыштарды қысыңыз және қақпаны бекіту сомының бұраңыз. Карбюраторға корпусты бекіту сомының бұраңыз және оны термореттеуішпен жинағында шешіңіз. Суық ауа құбыршегін, жылытылған ауа алғышының гофрленген құбыршегін және ауа құбырын ажыратыңыз. Термореттеуішті шешіңіз. Реттеуіште термоқұш элементіні табыңыз, термоқұш элементін айналдыруымен ауаны жіберу жапқышының жағдайын өзгертуге тырысыңыз. Сүзгіш қақпасындағы және ауаны жіберу жалғама құбырындағы тілшелерге назар аударыңыз (жинақтау кезінде олар бір-біріне қарама қарсы бағытталуы қажет). термореттеуіштің жұмысын тексеріңіз. 25 °С ауаның температурасы кезінде жапқыш суық ауаны жіберу жалғама құбырын толығымен жабу қажет, ал 35 °С кезінде – жылытқыш ауаны жіберу қажет.


ПГ жіберу жүйесін қараңыз және жіберу жүйесінің жинақы бірліктерін табыңыз.

ЗМЗ-4062.10 қозғалтқышы. Қозғалтқышта ауамен қозғалтқышты қоректеу жүйесінің жинақы бірліктерін табыңыз: ауа сүзгіші, ауаны жаппай шығындау тетігі, ауаны шығындауының механикалық реттеуішімен дроссельді жалғама құбыры және дроссельді жапқыш жағдайының тетігі, кіріс коллекторына қосымша ауаны жіберу реттеуішімен ондағы орналасқан ресивер (дроссельді жапқышы айналысында) және оларды қозғалтқыштан демонтаждаңыз (1.42 сурет).

Ауа сүзгішін бөлшектеу үшін қамытты әлсіздетіңіз және оның корпусынан резеңкелі ауа өткізгішін шешіңіз. Сүзгіштің астында сомын-елтірін бұраңыз. Корпусты бекіту қамытын әлсіздетіңіз және сүзгішті элементімен бірге оның үстіңгі жартысын шешіңіз. Бекіту сомының бұрап, тығыздауыш резеңкелі тығырығын және сүзгішті элементін шешіңіз. Сүзгіш құралын қараңыз және оны кері кезегінде жинаңыз.

Ауаның жаппай шығындау тетігін шешіңіз. Негіздің серіппелі қысқышын бізбен жасап, тетіктің ажыратқышын ажыратыңыз. Қамыттарды шешіңіз және ауа өткізгішінен тетікті шығарыңыз. Тетіктің құралын қараңыз, платиналық жібін, терморезиторды, СО ұстауын реттеу бұрандамасын табыңыз.

Дроссельді жапқышының жағдайының тетігін шешу үшін дроссельді жалғама құбырына тетікті бекітуінің екі бұрандасын



1.42 сурет. Шығару және кіргізу жолдарының жинақы бірліктері:

1 — ресивер; 2 — дроссельді жалғама құбыры; 3 — бос жүрістің реттеуішіне қосымша ауаны жіберу құбырының жалғастығы; 4 — қартердің желдеткіші мен негізгі жібі құбырының жалғастығы; 5 — қозғалтқышты көтеру үшін артқы тіреуіші; 6 — шығарушы коллектор; 7 — болатты аралық; 8 — жібергіш құбыры; 9, 12 — паронитті аралықтар; 10 — дроссель корпусын жылытқышының құбыршегі; 11 — дроссель корпусын жылытқышының құбыршегі

бұраңыз және оны жапқыш осынен шешіңіз.

Дроссельді жапқышының корпусын шешу үшін жапқыш корпусына ауаны жіберу құбыршегінің қамытын әлсіздетіңіз және құбыршекті шешіңіз. Дроссельді жапқыш берілісінің арқанын ажыратыңыз. Салқындатқыш сұйықтығының беріліс құбыршегінің қамыттарын әлсіздетіңіз және оларды шешіңіз. Қартерлі газдарының желдеткіштері мен бос жүріс реттеуішінің құбыршек қамыттарын әлсіздетіңіз (қосылған ауа реттеуіші). Дроссельді жапқыш корпусының жалғама құбырларынан оларды шешіңіз. Ресиверге дроссельді жалғама құбырын бекітуінің төрт бұрандамаларын бұраңыз және оларды шешіңіз.

Қосылған ауаның реттеуішін шешіңіз. Қамытты әлсіздетіңіз және реттеуіштің үстіңгі жалғама құбырынан ауаны жебіру құбыршегін шешіңіз. Шығару жүйесінің ресиверіне реттеуішті бекітуінің екі бұрандамаларын бұраңыз және тіреуішпен жинағында реттеуішті шешіңіз.

Реттеуіштен болатты қамытты және резеңкелі құбырын шешіңіз. Жеткізілген жалғама құбырының орналасуы мен шамаларына назар аударыңыз. Шығару жүйелерінің құралдарының техникалық жағдайын тексеріңіз.

Назар аударыңыз! Ауаның жаппай шығындау тетігін тексеру үшін тетікті ажыратуының «2» және «3» байланыстарына вольтметрді қосыңыз. «-1» және «+5» байланыстарына 12 В қуаттылығымен тұрақты тоғын жіберіңіз. Дұрыс тетігінде вольтметр шамамен 8 В қуаттылығын көрсету қажет, ал платиналық жібі қызылға дейін қызуы қажет.

Бос жүрістің реттеуішін тексеру үшін реттеуіштің орташа байланысына 12 В қуаттылығымен тұрақты тоғын жіберіңіз және кезектеп бүйірлі байланыстарына жіберіңіз. Дұрыс реттеуіште жапқышы айналу, ашылу немесе кіріс канал тесігі жабылу қажет.

Ауаны жіберу жүйелері құралдарын жинақтау және орнатуы, бөлшектеу кезінде сіз назар аударған, конструкциялық ерекшеліктерінің есебімен кері кезегіндегі өткізіңіз.


Пайдаланған газдарды шығару жүйелерін қарастырыңыз.

Бұрандалы байланыстарын тарту моменттері, Н ■ м

Ресиверді бекіту сомыны.....	19...23
Шығару коллекторын бекіту сомыны.....	20...25
Шығару құбырын бекіту сомыны.....	29...36

«Зитек-Е» қозғалтқыш. Қозғалтқышта ауаны жіберу жүйесінің элементтерін табыңыз: ауа тазартқыш, ауа шамасын өлшегіш, ауа өткізгіш құбыршектері, ауа таратқыш пен дроссель. Ауа шамасын өлшеуімен дроссельді қосатын құбыршегін ажыратыңыз және ажыратқышты ажыратыңыз (1.43 сурет). Блок ұшының қақпағы мен корпусын қосатын, қозғалтқыш желдеткішінің жүйесінің құбыршегін ауа тазартқышының корпусынан ажыратыңыз. Ауа тазартқышты демонтаждаңыз. Дроссельді жапқыш жағдайының тетігін, ауа температурасының тетігін табыңыз (өлшегішке енгізілген). Көзбен шолып, ауамен қоректену жүйесінің компоненттерінің техникалық жағдайын анықтаңыз.

ПГ шығару жүйесінің құралын қараңыз (1.44 сурет). Оттегі тетігінің ажыратқышын табыңыз (ашық-жасыл). Шығару коллекторынан каталикалық пайдаланушыны ажыратыңыз (1.45 сурет). Қозғалтқыштан кратер желдеткіші жүйесінің қақпақшасын шешіңіз. Қақпақша каталикалық жаңартушыдан, цилиндрлерінің блоктарын арнайы құюында орналасқан. Жіберуші коллекторымен қақпақшаны қосатын, құбыршектің техникалық жағдайын қараңыз.




1.43 сурет. Ауа тазартқыш корпусын шешу:

а — ауа шамасын өлшегішінен ажыратқышты ажыратуы; б — блок ұшының қақпасынан қартерді желдету жүйесінің құбыршегін ажыратуы; 1 — ауа шамасын өлшегіш; 2 — ауа тазартқыш; 3 — ажыратқыш; 4 — желдеткіш жүйесінің құбыршегі

Жіберуші коллекторымен қақпақшаны қосатын, құбыршектің техникалық жағдайын қараңыз.


ЯМЗ-238ДЕ2 қозғалтқыш. Қозғалтқышта ауамен қоректену жүйелерінің компоненттерін табыңыз: ауа өткізгіш, ауа сүзгіші, құбыр компрессоры, ауа салқындатқышы. Ауа сүзгішін бөлшектеу үшін одан ауа сымдарын ажыратыңыз, қақпақты шешіңіз және сүзгіш элементін шығарыңыз.



1.44 сурет. Пайдаланылған газдарды шығару жүйесінің сызбасы:

1 — каталикалық жаңартушыны ұстағыш; 2, 6, 9 — аралықтар; 3 — каталикалық жаңартушы; 4 — қабылдағыш құбырын ұстаушы; 5 — құбыр өткізгішінің иілгіш секциясы; 7 — аралық бәсеңдеткіш; 8 — артқы бәсеңдеткіш; 10 — ауыстыруы кезінде кесу жері

1.45 сурет. Шығарушы коллекторынан каталикалық жаңартушыны ажыратқышы:
1 — шығарушы коллектор; 2 — бәсеңдеткіш



Турбокомпрессорды бөлшектеу үшін одан газды ауа және май магистральдерін ажыратыңыз. Екі сомындарымен түсуінен соплолық тәжісін бекітіңіз. Сермердің картеріне бекіту тіркеуішпен бірге турбокомпрессорды қозғалтқыштан шешіңіз. Тіреуішті ажыратыңыз. Компрессор корпусын бекіту сомындарын ажыратыңыз және оны шешіңіз. Турбина корпусын бекіту сомындарын ажыратыңыз. Кмпрессор дөңгелегін демонтаждауы кезінде білікке тиесілі дөңгелегін және дөңгелекке тиесілі сомынның жағдайын оқитын белгілеріне назар аударыңыз. Турбокомпрессордың бөлшектерінің техникалық жағдайын көзбен шолып анықтаңыз.


Назар аударыңыз! Жылжымайтын бөлшектерін қозғалтпай, әртүрлі жағдайларында бір және екінші жағына жеңіл айналуы қажет. ұқсас түрде турбинаның айналу жеңілдігін тексеріңіз. Турбокомпрессордың бөлшектерінің сызаттары рұқсат етілмейді.

Турбокомпрессорды жинақтау алдында мойынтіректерінің төлкелері мен ротор білігін моторлы маймен майлаңыз. Роторды жинақтау кезінде білікке қауіпімен тіреуіш төлкесі мен май өткізгішіндегі белгілерін біріктіріңіз. Компрессор дөңгелегінің сомынын белгілердің қосылуына дейін тартыңыз. Жинақтаудан кейін айналудың жеңілдігін тексеріңіз.

ПГ шығару жүйесі мен ауаны салқындатқышын қараңыз.

Сүзгішті бекіту сомындарының тарту моменті 7...10 Н-м тең.

КАМАЗ-740.13-260 қозғалтқышы. Қозғалтқышта шығару және ауа трактілерінің жинақтауыш бірліктерін табыңыз және ПГ мен ауа жылжуының жолын бақылаңыз. Қозғалтқышта жалғамалы құбырын және картерлі газдарын жою үшін тартымды құбырын табыңыз.



1.46 сурет. Ауаны жинау жүйесі:

а — турбоқысымды көтеруіңсіз; б — турбоқысымды көтеруімен; 1 — қақпақ; 2 — ауа өткізгіш құбыры; 3 — тығыздауыш; 4 — ауа тазартқыш; 5 — ауа өткізгіштер; 6 — біріктірілген құбыр өткізгіші; 7 — шығару жалғамалы құбыры; 8 — турбокомпрессорлар; герметикалығының бақылауына жататын жерлері тілшелермен көрсетілген

Ауаны жапқыш жүйесінің құралын қараңыз (1.46 сурет). Шығарушы коллекторында ауа сүзгішінің ластау индикаторын, резеңкелі құбыршегі арқылы қосылуы үшін жалғастықты табыңыз.

Бәсеңдеткіштің тік құбырынан жапқышты шешіңіз және оны шығарушы жалғамалы құбыры мен ұшайырлы жалғама құбыры арасында орнатыңыз.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. ВАЗ-2110 автокөлігінде қандай мақсат үшін және қалай жылытылған ауаны ауа сүзгішіне жіберіледі?
2. Шығару жүйелерінде қалай қосылыстарының жылжымалығы қамтамасыз етіледі?
3. ЗМЗ-4062.10 қозғалтқышында жанармайлы ауа қоспасымен цилиндрлердің жоғары толтырылуы қалай қамтамасыз етіледі және олардың П-дан тазартылуы жақсы ма?
4. Қосымша ауаны жіберу реттеуіші қалай әрекет етеді?
5. Шығарушы коллекторының жалғама құбырлары қандай мақсатпен жұптасып қосады (бірінші – төртінші және екінші – үшінші)?
6. Ауаның абсолютті қысымының тетігі құбыр өткізгішпен қалай қосылады және не үшін қажет?

7. Шығарушы коллекторында тығыны қандай мақсатымен бұралған?
8. Ауаны салқындатушы қалай орнатылған?
9. Шанақты жылыту үшін КАМАЗ шығарушы жүйесін қалай қайта жабдықтауға болады ?
10. КАМАЗ қозғалтқышында қанша турбокомпрессорлар?
11. 2 л дейін көлемімен «Зитек» және ЗМЗ-406 қозғалтқыштарында пайдаланылған газ рециркуляциясының

№ 1.5 зертханалық-тәжірибелік жұмысы

ҰШҚЫНМЕН ТҰТАНДЫРУ ҚОЗҒАЛТҚЫШТАРЫНЫҢ ҚОРЕКТЕНУ ЖҮЙЕЛЕРІ

Жұмыстарды қауіпсіз орындау ережелері. Тәжірибелік жұмыстарды қауіпсіз орындауының жалпы ережелерімен басшылық етіңіз.

Жабдықтар, құралдар және материалдар. Жанармай бактері, ВАЗ шығарушы коллекторының жапқышы, 21083-1107010-31 карбюраторлары, электрожанармайсорғышы, жанармайсорғыштары, тұтандыру жүйелер құралдарынсыз ВАЗ-2110, ЗМЗ-4062.1-0, «Зитек-Е» қозғалтқыштары. «САГА-6» газобаллондық орнатуы. Кілттердің стандартты жинақылары, 10 см лесканың кескіні, штангенциркуль, дәріханалық таразылар.

Жұмыстарды орындау кезектігі. Ұшқынмен тұтандыру қозғалтқыштарының қоректену жүйелерінің құралын қайталаңыз. Қозғалтқыштарында жанармайды жіберу жүйелерінің құралдарын табыңыз. Оларды демонтаждаңыз, құралдарын қараңыз және көзбен шолып техникалық жағдайларын анықтаңыз. карбюраторды бөлшектеңіз, лесканың көмегімен жанармай жылжуының жолын тексеріңіз. Оны кері тәртібінде жинаңыз.

Газбаллондық орнату құралын қараңыз және сүзгіш, араластырғыш, жағармай және газды сөндіруінің электромагниттік қақпақшаларын, редуктор-буландырушыны демонтаждаңыз. Редукторбуландырғышты бөлшектеңіз, оның құралын зерттеңіз, көзбен шолып оның техникалы жағдайын анықтаңыз және жинаңыз.

Бұрандалы байланыстарын тартуы кезінде осы тәжірибелікпен және зауыт-өндірушілерінің ұсыныстарымен пайдаланыңыз. Жұмыс орындарын ретке келтіріңіз. Жұмыстың аяғында сұрақтарға жауап беріңіз.


Жұмысты орындау бойынша ұсыныстар. ВАЗ-2110 қозғалтқышы. Жағармай сорғышын бөлшектеңіз.

Назар аударыңыз! Бөлшектердің сызаттары, сору және айдау қысымтығының герметрлігі еместігі, сонымен бірге олардың жұмыс кезінде қажауы рұқсат етілмейді. Сору және айдау жалғама құбырлары айналмау қажет және осьтік люфтісі болуы қажет. қабатталуы, қатаюуы және ажырауы бар диафрагмалар пайдалануға жатпайды. Сүзгіштер таза болуы қажет және зақымдары болмауы қажет. оның тығыздауыш қабығы периметрі бойынша тең болуы қажет.

Жағармай сорғышының демонтажы үшін жалғама құбырларынан құбыршектерін шешіңіз және қозғалтқышқа сорғышты бекіту сомындарын бұраңыз. Үстіңгі қақпаны бекіту бұрандамасын аударыңыз және қақпақ пен сүзгішті шешіңіз.


Корпус пен астыңғы қақпаны қосатын, бұрандарды аударыңыз және оларды ажыратыңыз. Диафрагма мен серіппені шығарыңыз. Сорғы бөлшектерінің техникалық жағдайын тексеріңіз.

Сорғышты жинаңыз және оны қозғалтқышқа орнатыңыз (1.47 сурет). Сорғышты орнату үшін А аралығын қойыңыз, кейін жылу оқшаулағыш тақтайшасы мен В немесе С аралықтарын орнатыңыз, олар d қашықтығы $0,8...1,3$ мм шегінде болуы қажет (иінді білігінің баяу айналдыруы кезінде итергішті минималды жылжытуы). Егер де итергішті жылжытуы $0,8$ мм аз болса, онда В аралығының орнына А аралығын пайдалану қажет.



1.47 сурет. Жанармайлы сорғышының берілісі мен орнату сызбасы:

1 — итергіш; 2 — блок; 3 — жылуоқшаулағыш орнату; 4 — беріліс білігінің эксцентрігі; А, В, С — аралықтар; $A = 0,27...0,33$ мм; $B = 0,7...0,8$ мм; $C = 1,1...1,3$ мм; d — иінді білігін баяу айналдыруы кезіндегі итергішті минималды жылжытуы; $d = 0,8...1,3$ мм



1.48 сурет. Карбюратор қақпағының жинақы бірліктері:

1 — қалтқы осьі; 2 — инелі қақпақша; 3 — қалтқы; 4 — карбюратор қақпағының аралығы; 5 — іске қосу құрылғысының қақпағы; 6 — бұрандалма; 7 — іске қосу құралының диафрагмасы; 8 — аралық; 9 — ауа жапқышының тұтқасы; 10 — бос жүріс жанармайлы бүркіуі; 11 — электромагниттік жапқыш қақпақшасы; 12 — жанармайды жіберу жалғама құбыры; 13 — карбюратор қақпағы; 14 — жанармайлы сүзгіші; 15 — беріліс тұтқаларымен жинағындағы жартылай автоматтық іске қосу құралының корпусы; 16 — бірінші камерасының дроссельді жапқышының ашылуы және ауа жапқышының іске қосу саңылауының реттеуіш бұрандалары; 17 — биметалдық серіппе корпусын бекіту қамыты; 18 — сұйықтықты камера; 19 — жинақтағы биметалдық серіппесімен корпус; 20 — биметалдық серіппесінің экраны

Назар аударыңыз! Қолмен тарту тұтқасының көмегімен қозғалтқышына жанармай сорғышын орнатуынан кейін кіріс жалғама құбырындағы ыдыратуының болуын және жанармай сорғышының кіріс жалғама құбырындағы айдауын тексеріңіз.

Карбюраторды қозғалтқышынан демонтаждаңыз. Осы үшін ауа сүзгішін шешіңіз. Қайтымды серіппе мен арқанды дроссельді жапқыштарымен басқару тұтқасымен секторынан ажыратыңыз. Карбюратордың жалғама құбырынан вакуумды реттеуішіне ыдыратуының шығару және қартердің желдеткішін, жанармайды жеткізу құбыршектерінің карбюраторынан жалғама құбырларын шешіңіз. Мәжбүрлі бос жүріс экономайзерінің берілісін ажыратыңыз, карбюраторды жылыту блогын бекіту бұрандасын бұраңыз және оны шешіңіз. Шығару құбырына карбюраторды бекіту сомындарын бұраңыз және оны аралықпен бірге шешіңіз.


Карбюраторды зерттеп қараңыз және онда негізгі жұмыс бірліктерін табыңыз. Оны бөлшектеніңіз. Карбюратор бөлшектерін бөлшектеу кезінде кезектеп үстелдің үстіне салыңыз. Диффузорлар, тұтқалар, бүркулердің сандық маркілеуіне назар аударыңыз. Оларды орнату жерлерін байқаңыз. Карбюратор қақпағын бекіту бұрмандарын аударыңыз және оны, аралықты, қалтқыны және эконостат тұтқаларын және екінші камераның ауыспалы жүйесін зақымдамауы үшін шешіңіз. Карбюратор қақпағын бөлшектеніңіз (1.48 сурет).

Назар аударыңыз! Жартылай автоматтық іске қосу құралының бөлшектеуі ұсынылмайды. Іске қосу құралының биметаллдык серіппесін айналдыруға тыйым салынады.

Карбюратор корпусын бөлшектеніңіз (1.49 сурет). Диафрагма мен тұтқамен жеделдеткіш сорғышының қақпағын, бірінші камераның дроссельді жапқышының ашу тартымының осын, дроссельді жапқыштарымен басқару тұтқасының секторын шешіңіз. Бірінші және екінші камераның 13 тозаңдатқышын және жеделдеткіш сорғышының 12 тозаңдатқышын шығарыңыз. Жеделдеткіш сорғышы берілісінің 7 жұдырықшасын шешіңіз. Бекіту бұрандасын бұраңыз және 1 қоспа санының реттеуіш бұрандасымен электрлік берілісін шешіңіз. 30 пластмассалық жапқышын шығарыңыз және 32 сапа бұрандасын бұраңыз. 9 диафрагма мен қуатты режимдер экономайзерінің 8 қақпағын шешіңіз. Басты мөлшерлегіш жүйелерінің 15 бүркулерін және эмульсиялық құбырларымен 14 басты ауа бүркулерін, 10 жанармайлы бүркулерін бұраңыз. Лесканың көмегімен қақпаға және карбюратор корпусына каналдарын тексеріңіз.


Карбюратордың жинақы бірліктерінің техникалық жағдайын тексеріңіз.

Назар аударыңыз! Жанармайлы сүзгіш, қалтқылар, инелі қақпақшалар мен оның ершегі, диафрагмаларда зақымдары болмауы қажет. қақпақша ұяшықта еркін жылжуы қажет, ал шар ілініп тұрмауы қажет. қалтқыларының салмағы 6,23 г аспау қажет. қуатты режимдер экономайзерлер диафрагмаларының итергіш ұзындығы 6 мм кем болмауы қажет.



1.49 сурет. Карбюратор корпусының жинақы бірліктері:

1 — бос жүріс қоспасы санының реттеуіш бұрандасы; 2 — мәжбүрлі бос жүріс экономайзерін ақырғы сөндіруінің электрлік берілісі; 3 — карбюраторды жылыту блогы; 4 — жеделдеткіш сорғышының диафрагмасы; 5 — жеделдеткіш сорғышының қақпағы; 6 — жеделдеткіш сорғышы берілісінің тұтқасы; 7 — жеделдеткіш сорғышы берілісінің жұдырықшасы; 8 — қуатты режимдері экономайзерінің диафрагмасы; 9 — қуатты режимдері экономайзерінің диафрагмасы; 10 — қуатты режимдерінің жанармайлы бүркулері; 11 — экономайзерінің қақпақшасы; 12 — жанармайды жіберу қақпақшасымен жеделдеткіш сорғышының тозаңдатқыштары; 13 — басты мөлшерлеу жүйелерінің тозаңдатқыштары; 14 — эмульсиялық тұтқаларымен басты ауа бүркулері; 15 — басты жанармайлық бүркулері; 16 — карбюратор корпусы; 17 — екінші камераның дроссельді жапқышының реттеуіш бұрандасы; 18 — реттеуіш бұрандасының тежеуіші; 19 — тежеуіш қақпақшасы; 20 — екінші камерасының дроссельді жапқышы; 21 — екінші камерасының дроссельді жапқышының осьі; 22 — бірінші камерасының дроссельді жапқышын ашу тартымдылығы; 23 — дроссельді жапқыштарымен басқару тұтқасымен секторы; 24 — бірінші камерасының дроссельді жапқышының қайтымды серіппесі; 25 — екінші камерасының дроссельді жапқышы берілісінің жетекті тұтқасы; 26 — екінші камерасының дроссельді жапқышы берілісінің жетекші тұтқасы; 27 — екінші камерасының дроссельді жапқышының қайтымды серіппесі; 28 — бірінші камерасының дроссельді жапқышы; 29 — екінші камерасының дроссельді жапқышының қайтымды серіппесі; 30 — бос жүріс қоспасы сапасының реттеуіш бұрандасының жапқышы; 31 — бірінші камерасының дроссельді жапқышының осьі; 32 — бос жүріс қоспасы сапасының реттеуіш бұрандасы



1.50 сурет. Карбюратордың жартылай автоматтық іске қосу құралының биметаллдық серіппесін орнатуын тексеру:

1 — іске қосу құралының корпусы; 2 — биметаллдық тілімінің корпусы; 3 — сұйықтықты камера корпусы; 4 — биметаллдық серіппе корпусын бекіту бұрандамалары; 5 — сұйықтықты камераны бекіту бұрандамасы; тілшелері, осы белгілерін қосуы қажет екеніне көрсетеді

Карбюраторды бөлшектеуге кері тәртібінде жинаңыз. Жеделдеткіш сорғыларын жинақтау кезінде қақпаны бекіту бұрандаларын «басыңыз», тіреуге дейін беріліс тұтқасына басыңыз, бұрандаларын тартыңыз және тұтқаны түсіріңіз.

Назар аударыңыз! Қалтқы тілшесінің тіреуіш беті инелі қақпақшасының осьіне перпендикулярлы болуы қажет және майысу және өндеу іздері болмауы қажет. Көлденең карбюратордың қақпағын ұстау кезінде, қалтқыларымен үстіне, аралық қақпа мен қалтқылары арасындағы саңылауы екі қалтқыларына да тең болуы қажет және 0,75...1,25 мм құрау қажет. Саңылау қалтқы тұтқалары мен тілшенің иілгішімен реттеледі.

Іске қосу құралының дұрыс орнатылған биметаллдық серіппесінде үш белгілері қосылуы қажет (1.50 сурет).


Іске қосу саңылаулары келесіге тең болуы қажет: $A = 2,3,2,7$ мм, $B = 1,095... 1,15$ мм (1.51 сурет). А саңылауын реттеу қажеттілігі кезінде, тежеуішті шешіңіз және 11 бұрандасымен саңылауды орнатыңыз. Бірінші камераның дроссельді жапқышының В іске қосу саңылауын реттеу үшін 1 дроссельді жапқышын жабыңыз және бұрауышпен жұдырықшаны сағат тіліміне қарсы айналдырыңыз.

Басқыш радиусы бойынша үлкеніне 14 тұтқаның тіреуішін орнатыңыз. Саңылауды 15 бұрандасымен реттеңіз.

Бұрандалы байланыстарын тарту моменттері, Н ■ м


Карбюраторды бекіту сомыны	12,8... 15,9
Инелі қақпақшасының ершігі	14,7
Электромагниттік жапқышты қақпақша.....	3,68

ЗМЗ-4062.10 қозғалтқыш. Қоректену жүйесінің жинақы бірліктерін қозғалтқышта табыңыз.



1.51 сурет. Карбюратордың жартылай автоматтық іске қосу құралының сызбасы:

1 — бірінші камераның дроссельді жапқышы; 2 — екінші камера берілісінің тұтқасы; 3 — диафрагма серіппесі; 4 — диафрагмалық қуыс; 5 — карбюратордың дроссельді кеңістігінен ауа каналы; 6 — іске қосу құралының диафрагмасы; 7 — ауа жапқышы; 8 — ауа жапқышы берілісінің тартымы; 9 — іске қосу құралының осьі; 10 — жұдырықша; 11 — ауа жапқышының іске қосу саңылауының реттеуіш бұрандасы; 12 — диафрагма соташығы; 13 — диафрагма соташығының қайтымды серіппесі; 14 — тіреуіш тұтқасы; 15 — бірінші камераның дроссельді жапқышын ашуының реттеуіш бұрандасы; 16 — дроссельді жапқышын ашу тұтқасы; 17 — дроссельді жапқышын ашу тартымдылығы; 18 — дроссельді жапқыштарымен басқару тұтқасы; А — ауа жапқышының іске қосу саңылауы; В — дроссельді жапқышының іске қосу саңылауы



1.52 сурет. Рампа құрасының сызбасы:

1 — шығарушы құбыры; 2 — электромагниттік бүріккіш; 3 — жалғастық; 4 — отынқұбыры; 5 — бұрандама; 6 — отын қысымын реттеуіші

АУДАРМА: От электробензонасоса – электрожанармайсорғышынан; к ресиверу – ресиверге

Қозғалтқыштан электрожанармайсорғышын, отынқұбырын (рампа), электромагниттік бүріккішін, отын қысымының реттеуішін, отын өткізгіш сүзгішін, отын сүзгішін шешіңіз.

Бұрандамаларды бұраңыз және жинақыдағы рампаны шешіңіз (1.52 сурет). Бүріккешті шешіңіз. Қамыттарды әлсіздетіп, картер желдеткіші жүйесінің құбыршегін, тоқтатқыштарды вакуумдық күшейткіштерінің құбыршектері, отын қысымының реттеуіш құбыршегін шешіңіз. Шығарушы коллекторының бірінші түйреуішіне «шама» сымның ұшын бекіту сомының бұраңыз, сонымен бірге шығарушы коллекторының соңғы түйреуішінен сымды ажыратыңыз. Шығарушы коллектор түйреуішінің қалған сомындарын бұраңыз және ресиверді шешіңіз. Қамыттарды әлсіздетіп, келтіру және су төгетін құбыршегінің отындық рампаларының жалғастығынан шешіңіз – отын қысымын реттеуіш жалғастығынан. Қалыптың серіппелі ілмегін бізбен жасап, бүріккіштен ажыратқышты ажыратыңыз және коллектордан бүріккешті шығарыңыз. Бүріккештің фланеціндегі тығыздауыш манжетаның болуына назар аударыңыз.

Отын рампасынан отын қысымын реттеуішін шешу үшін рампаға реттеуішті бекітуінің екі бұрандасын бұраңыз.

Отын бағының құралын плакатта қараңыз. Отын өткізгішті бактан демонтаждаңыз және сүзгішті шешіңіз. Сүзгішті келесідей шешіңіз: отын өткізгішінен отын сымның жалғастықты бұраңыз, фланецті бекітуінің бес бұрандамаларын бұраңыз және оны сүзгішпен жинағында шығарыңыз. Оны сағат тілшесіне қарсы айналдырып, сүзгішті бұраңыз.

Отынды сорғыны шешу үшін қамыттарды әлсіздетіңіз және бірінші бұрып жіберетін (жоғары қысымды), ал кейін келтіру құбыршегін ажыратыңыз. Төрт сомындарды бұраңыз және тіреуішпен бірге сорғыны шешіңіз. Сымдардың ұштарын бекіту сомындарын бұраңыз. Ұштардың тесіктеінде әртүрлі диаметрлері бар екеніне назар аударыңыз.

Отын мен ауаны жіберу жүйелерінің құралдарын жинақтау және орнатуын кері кезегінде, бөлшектеу кезінде назар аударылған, конструкциялық ерекшеліктерінің есебімен.

Пайдаланылған газдарын жіберу жүйелерін қараңыз.

Бұрандалы байланыстарын тарту моменттері, Н ■ м

Бос жүріс реттеуіші қамытының бұрандамасы	5..... 8
Индуктивті тетігін бекіту бұрандамасы.....	5.....8
Отын жүйесінің бұрандамасы.....	5.....8
Ресиверді бекіту сомыны	19.....23
Шығарушы коллекторын бекіту сомыны	22.....27
Шығарушы құбырын бекіту сомыны	29.....36

«САГА-6» газбаллондық орнату. «САГА-6» автокөлікті газды отын жүйесінің құралын қарастырыңыз және оны орнату сызбасымен салыстырыңыз (1.53 сурет).


Газды баллоннан ілмекті-сақтандырушы арматураның блогын демонтаждаңыз. Оның құралын қарастырыңыз. Сақтандырушы қақпақшасын (іске қосу қысымы – 2,5 МПа), газды баллоннан шығару үшін ағызымды вентиль мен ағызымды жалғастығын, шарлы ілмекті құралымен жұмыс және шектеуіш қақпақшасының корпусын, газ деңгейінің тетігін, шығынды-сабақтау вентильді құралын табыңыз. Блокты жинаңыз және оны орнына орнатыңыз.

Сүзгішпен электромагниттік газдық қақпақшаны демонтаждаңыз және бөлшектеп ажыратыңыз. Оның құралын газды қақпақшамен салыстырыңыз.

Ілмек элементін, қолмен басқару үшін құралын, электромагнитті, итергішті, сүзгішті табыңыз.

Электромагниттік жанармайлы қақпақшасын демонтаждаңыз және бөлшектеп ажыратыңыз. Сыртқы көрініспен қақпақшаларының бөлшектерінің техникалық жағдайын анықтаңыз, оларды жинаңыз және орнына орнатыңыз.

Редуктор-буландырғышты қараңыз. Жоғары және төмен қысымды редукторларының қақпақтарын; бос жүрісті реттеу, конденсатты төгу бұрандаларын, карбюратордың дроссельді кеңістігіне қосылу, жоғары және төмен қысымды қуысынан конденсатты ағызу, жылутаратқышты жеткізу, газды жеткізу және шығару жалғастықтарын табыңыз.



1.53 сурет. Газбен қоректену жүйесінің сызбасы:

1 — редуктор-буландырғыш; 2 — баллонда газ деңгейін көрсеткіші мен отын түрлерін қайта қосулары; 3 — газды электромагниттік қақпақша; 4 — арматура блогы; 5 — газдық баллон; 6 — жаранмай қылтасы; 7 — жанармай бағы; 8 — жанармайлы электромагниттік қақпақша; 9 — сақтандырғыш; 10 — іске қосу кілті; 11 — карбюратор; 12 — газды араластырғыш құралы

Редуктор-буландырғышты бөлшектеңіз. Қақпақшалар, жоғары қысым редукторларын, төмен қысымды редукторларын, түсіру құралдарының диафрагмаларын табыңыз. Жоғары және төмен қысымды қуыстарының қосылыстарын, кері байланыс каналдарын қараңыз. Сырттай шолумен бөлшектердің техникалық жағдайын анықтаңыз және редукторды жинаңыз.

Қозғалтқыштың іске қосу жүйесінде газдық араластырғышты табыңыз, оны демонтаждаңыз, оның нұқсауымен танысыңыз және орнына орнатыңыз.

«Зитек-Е» қозғалтқышы. Отын бағынан сақтандырушы қақпақшаларын, отын қорының тетігін, жанармай сорғыны демонтаждаңыз. Жанармай сорғыны шешу кезінде отынның қайту құбырына – қызылын және қозғалтқышына отынды жіберу құбырының ақ маркіеруіне назар аударыңыз. Сорғы қақпағын демонтаждау үшін май сүзгіші үшін кілт немесе кемпірауыз көмегімен жалғастырғыш сақинаны шешіңіз. Сорғыны сағат тілшесіне қарсы аударыңыз, сонымен бірге мағыналы күш салыңыз және баяу, отын қоры тетігінің қалытқысын зақымдамай, оны бактан шығарыңыз. Автокөлікті аударылуы кезінде отынның төгілуін алдын-алатын сақтандырушы қақпақшаларын шешу үшін желдеткіш құбыршегін шешіңіз, төлкеден қақпақшаны босатыңыз және бактан шешіңіз. Машинада отынды торлау қақпақшасын табыңыз. Қақпақша аяқ үшін жолаушылардың қуысының панелінің артында орналасқан. Өңдеу панелі аумағында жолаушылар есігінің ойығынан резеңкелі тығыздауышын шешіңіз және оның бекіту бұрандамаларын бұраңыз. Панельді қарап шығыңыз, қақпақшаны бекіту бұрандамаларын бұраңыз, одан ажыратқышты ажыратыңыз және салоннан қақпақшаны шығарыңыз. Шешілген жинақы бірліктерін қараңыз және оны орнына орнатыңыз.

Отынды таратқыш магистралін бекіту бұрандамаларын бұраңыз (рампа немесе аккумуляторлық магистралдер) және оны баяу құбыр өткізгіштен шешіңіз. Орнатуларын шешіңіз және рампадан инжекторларын (форсунка) шығарыңыз. Шығару құбыр өткізгішінен бос жүріс қақпақшаны табыңыз. Құбыр өткізгішті және тығыздауыш аралықтарын қараңыз және инжекторлар мен құбыр өткізгішті орнына орнатыңыз.

Бұрандалы байланыстарын тарту моменттері, Н ■ м

Қысымды реттеуін бекіту бұрандамасы	6
Отындық таратқыш магистралін бекіту бұрандамасы	10

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Диафрагмалық жанармайсорғыларын жіберу және максималды қысымдары қандай параметрлерінен байланысты болады?
2. ВАЗ-2110 автокөлігінде қандай құрал карбюратордың отындық камерасын толтыруы кезінде жанармайды жіберуінің тоқтатуын қамтамасыз етеді?

3. ВАЗ-2110 автокөлігінің аударылуы кезінде карбюратор арқылы бактан отынның төгілуін қандай құрал алдын-алады?
4. ЗМЗ- 4062.10 отындық сүзгіші қандай материалдан дайындалған?
5. Ауаны қосу реттеуішінің функциясы қандай ?
6. Ілмекті-сақтандырғыш арматурасы қалай баллонға бекітіледі?
7. Жанармайлық және газды қақпақшалары арасында қандай конструкциялық ерекшеліктері бар?
8. Реттеуіш бұрандасын айналдыруы кезінде неліктен редукторда бос жүрістің айналымдары өзгереді?
9. Қалтықты камерадағы жанармай деңгейі қалай реттеледі?

№ 1.6 зертханалық-тәжірибелік жұмыстары

ДИЗЕЛЬДЕР ҚОРЕГІНІҢ ЖҮЙЕСІ


Жұмыстарды қауіпсіз орындау ережелері. Тәжірибелік жұмыстарын қауіпсіз орындауының жалпы ережелерімен басшылық етіңіз. Серіппемен түйіндерін бөлшектеу кезінде сақ болыңыз.

Жабдықтар мен құралдар. ЯМЗ-238ДЕ2, КАМАЗ-240.13-260 қозғалтқыштар, жинақтағы ЖҚЖС, бүріккіштер, айналу жиілігінің реттеуіштері, отынның бұркуін озу жалғастырушылары. Кілттердің стандартты жинақылары, штангенциркуль, микрометр.

Жұмыстарды орындау кезектігі. Дизельдер қорегі жүйелерін қозғалтқыштарда табыңыз. ЖҚЖС демонтаждаңыз. Бөлшектеп бөлшектеуін өткізіңіз, құралды қараңыз және бөлшектердің техникалық жағдайларын сырттай шолып жинаңыз.

Бұрандалы байланыстарын тарту кезінде тәжірибе мен зауыт-өндірушілердің ұсыныстарымен пайдаланыңыз. Жұмыс орындарын ретке келтіріңіз. Жұмыстың аяғында сұрақтарға жауап беріңіз.

Жұмыстарды орындау бойынша ұсыныстар. ЯМЗ-238ДЕ2 қозғалтқыш. Қозғалтқышта қоректену жүйелерінің құрамдастарын табыңыз. ЖҚЖС қозғалтқыштан демонтаждаңыз. Жоғары қысымды отынқұбырлардың қосылыстарының тәртібіне назар аударыңыз (1.54 сурет). ЖҚЖС бөлшектеп бөлшектеуін өткізіңіз. Отын сорғыны басқылауды бекіту бұрандамаларын бұраңыз және оны шешіңіз. Бұрандарын бұраңыз және сорғының бүйірлі және төменгі қақпаларын шешіңіз, сонымен бірге айналу желісінің реттеуішінің бақылау саңылауының қақпасын шешіңіз. Қуысты ашу арқылы бөлшектердің техникалық жағдайын қараңыз.



1.54 сурет. Жоғары қысымды отынқұбырын қосу тәртібі:


1 — 8 — бүріккіштер; 1—2, 3—4, 5—6, 7—8 — отын сорғының секциялары

Назар аударыңыз! Жергілікті өңдеу және сынулары бар бөлшектер ауыстыруға жатады. Итергіш серіппелер оларды тұтқалармен бекіту жерлерінде тозылуы болмау қажет. центрден тепкіш жалғатырғыштарының бетінде жүктер роликтерінен радиалды жырашықтары болмауы қажет. төрткілдеш баяу жылжымау қажет. Төрткілдеш-тісті тәжіні бекітуіндегі саңылаулары жылжымайтын тәжісі кезінде 0,25 мм аспау қажет.

Отын айдайтын сорғыны бөлшектеу үшін (1.55 сурет) қолмен сорғы корпусын бұраңыз және серіппелермен сорғы қақпақшасын шығарыңыз. 5 тығынын бұраңыз және серіппе мен піспекті шығарыңыз. Тоқтатқыш сақинаны шешіңіз және серіппемен итергішті шығарыңыз.

Назар аударыңыз! Қолмен сорғы піспекі мен цилиндрі селекциялық жинақы әдісімен таңдалған – оларды бөлшектеп таратуға болмайды! Бұrandаның зақымдауы және сызаттары, механикалық сынулары рұқсат етілмейді. Итергіш пен корпус арасындағы қосылыстарының саңылауы 0,2 мм аспау қажет, итергіш пен роликтің осы арасында – 0,15 мм, цилиндр мен піспек арасында – 0,05 мм.

Бүріккішті бөлшектеу үшін (1.56 сурет) тозаңдатқышпен үстіне қысқыштарында қысыңыз. 13 қақпақшаны бұраңыз, 12 қарсысомынды әлсіздетіңіз және 11 сомынды, 10 реттеуіш бұrandаны тіреуге дейін бұраңыз және 7 қарнақ пен 9 серіппені шығарыңыз. Тозаңдатқыштың 2 сомынын бұраңыз және тозаңдатқышты шешіңіз. Сырттай бөлшектердің техникалық жағдайларын тексеріңіз.



1.55 сурет. Отын айдайтын сорғының құралы:


1 — корпус; 2 — піспек; 3 — піспектің серіппесі; 4 — тығыздауыш тығырық; 5 — тығын; 6 — соташық төлкесі; 7 — итергіш соташығы; 8 — итергіш серіппесі; 9 — піспектің серіппесі; 10 — итергіштің тоқтатқыш сақинасы; 11 — итергіштің ұнтағы; 12 — роликтің осьі; 13 — итергіш ролигі; 14 — айдау қақпақшасы; 15 — серіппе; 16 — тығыздауыш тығырығы; 17 — тығын; 18 — қолмен сорғы цилиндрінің корпусы; 19 — қолмен сорғы цилиндрі; 20 — қолмен сорғы піспегі; 21 — піспек соташығы; 22 — тұтқа; 23 — аралық; 24 — цилиндр корпусының төлкесі; 25 — сорғы қақпақшасы; 26 — қақпақшаның ершігі

Назар аударыңыз! Бүріккіш бөлшектерінің сызаттары мен қауіптері, иненің бағыттауыш бөлшектерін жылыту іздері, шүмекті тесіктерінің тозуы, тозаңдатқыш ұшын еріткіш іздері рұқсат етіледі. Ине баяу, қажаусыз жүруі қажет.

Отынды сүзгіштеріндегі картридждерін ауыстыру үшін отынды қатты және жұқа тазартуының бөлшекті бөлшектеуін өткізіңіз.


Бұрандалы байланыстарын тарту моменттері, Н ■ м

Айдайтын сорғы соташығының төлкесі	10
Бүркүді алдын-алу жалғастырғышын бекіту сомыны.....	98...118
Бүріккішті айдау сомыны.....	70...80
Бүріккіш жалғастығы.....	80...100
Бүріккіш серіппенің сомыны.....	100...120
Бүріккіштің тұтқасы.....	80...100



1.56 сурет. Бүріккештің құралы:


1 — бүріккештің корпусы; 2 — айдау сомыны; 3 — тозаңдатқыш; 4 — тозаңдатқыш инесі; 5 — тығыздауыш тығырығы; 6 — сұққыш; 7 — қарнақ; 8 — серіппенің тарелкасы; 9 — серіппе; 10 — реттеуіш бұрандама; 11 — серіппе сомыны; 12 — реттеуіш бұрандасының қарсысомыны; 13 — тұтқа; 14 — тығыздауыш бұрандама; 15 — жалғастық; 16 — төлке; 17 — сүзгіш; 18 — жалғастықтың тығыздауышы



1.57 сурет. ЖҚЖС бөлшектеу:

1 — жинақыдағы мойынтіректің артқы қақпағы; 2 — артқы қақпағының аралығы; 3 — жинақыдағы плунжерлі секциясы; 4 — жалғастықтың тоқтатқыш бұрандасы; 5 — реттеуіштің үстіңгі қақпағы; 6 — үстіңгі қақпағының аралығы; 7 — сірге-сым; 8 — жинақыдағы отынды айдауын алдын-алу жалғастырғышы; 9 — тығырықпен тұтқалы сомыны; 10 — қорғағыш қабы; 11 — жинақыдағы ЖҚЖС корпусы; 12 — жинақыдағы төмен қысымды отындық сорғы; 13 — сорғының аралығы

КАМАЗ-740.13-260 қозғалтқыш. Қозғалтқышта қоректену жүйесінің құрамдастарын табыңыз. Қозғалтқыштан ЖҚЖС демонтаждаңыз. Жоғары қысымды отынқұбырын қосу тәртібіне назар аударыңыз. ЖҚЖС-да негізгі жинақы бірліктерін табыңыз: айналдыру жиілігінің реттеуіші, отынды айдаудың алдын-алу жалғастырғышы, отындық-айдайтын сорғы. ЖҚЖС бөлшектеп бөлшектеуін өткізіңіз. Отын айдау сорғыны бекіту бұрандамаларын бұраңыз және оны шешіңіз. ЖҚЖС бөлшектеп бөлшектеңіз (1.57 сурет). Реттеуіш қақпағын және отынды айдауын алдын-алу жалғастырғышын шешіңіз. Кезеңдеп сорғы секциясын бекітуінің екі сомындарын кезектеп бұрап, жинақыда секциясын демонтаждаңыз.



1.58 сурет. ЖҚЖС секциясының бөлшектері:

1 — қақпақша корпусы; 2 — аралық; 3 — айдау қақпақшасы; 4, 18 — серіппелер; 5, 12, 17 — тығырықтар; 6 — қақпақша серіппесінің тірегі; 7 — отын сорғының жалғастығы; 8 — плунжердің төлкесі; 9 — тығыздауыш сақина; 10 — жинақыда фланецпен секция корпусы; 11, 13 — сұққыш; 14 — жинақыда осьпен плунжердің айналымды төлкесі; 15 — плунжер; 16 — тірек сақинасы; 19 — итергіш серіппесінің тарелкасы

Секцияны бөлшектеу үшін оны қысқыштарға орнатыңыз және жалғастықты бұраңыз, қақпақшаның корпусын, айдау қақпақшасын, реттеуіш тығырығын және серіппемен тіректі шешіңіз (1.58 сурет). Плуножердің айналма төлкесін, тығыздауыш сақиналарын, плуножерлі жұбын, тығырықты, серіппені, итергіш серіппесінің тарелкасын шешіңіз.

Назар аударыңыз! Плуножерлі жұптарын орнату кезінде, белгіленген қауіптерімен плуножердің дөңесі плуножер төлкесінің кесу тесігі жағына айналғанына қаз жеткізіңіз. Плуножер айналу бұрышына және жүрістің барлық ұзақтығы бойынша, қажатсыз, баяу айналуы қажет. жинақыдағы секциясында секция корпусының фланец ойықтарының орташа (түйреуіштеріне қатынасы бойынша) жағдайы кезінде сорғы корпусына орнатуға қажет. плуножердегі белгі мен төрткілдішті орнату үшін секция корпусындағы тесігі реттеуішке сорғы корпусындағы қуысы жағынан орналасуы қажет.

Бұрандалы байланыстарын тарту моменттері, Н ■ м

Жалғастық секциялары, дизельдік маймен майланған.....	98.....118
ЖҚЖС секциясының фланецін бекіту сомыны.....	25.....44
Жалғастырғышты бекіту сомыны.....	100.....120

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Отынның нақты мөлшерлеуіне қандай тозулар әсер етеді?
2. Қозғалтқышқа ЖҚЖС монтажі кезінде отынды айдауын алдын-алу бұрышын қалай өзгертуге болады?
3. Қоректену жүйесінің жинақы жүйелерінің бөлшектерін қарау кезінде қандай тозулар анықталды?
4. ЯМЗ және КАМАЗ қозғалтқыштарының қоректену жүйелері құралдарының айырмашылықтары неде?
5. ЖҚЖС қарастырылған плуножерлердің жүрісі мен диаметрлерін жазыңыз, олардың өндірушілігін салыстырыңыз.

№ 1.7 зертханалық-тәжірибелік жұмыстары


ТОҚ КӨЗДЕРІ. ҚОЗҒАЛТҚЫШТАРДЫ ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ ОТ АЛДЫРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

Жұмыстарды қауіпсіз орындау ережелері. Тәжірибелік жұмыстарын қауіпсіз орындауының жалпы ережелерімен басшылық етіңіз.

Қосылған от алдыруы кезінде от алдыру жүйелерінің элементтерін қолмен ұстауға тыйым салынады (коммутатор, от алдыру орамдары, жоғары вольтты сымдар). Таратқыштың орталық клеммасы мен жоғары қуатты сымы арасындағы ұшқынды саңылау көмегімен қозғалтқышты қосуын өткізуге, «ұшқынға» от алдыру тізбектерін тексеруге және жоғары қуатты сымдарын ажыратуға рұқсат етілмейді. Қосылған от алдыруы кезінде жөндеу және профилактикалық жұмыстарын орындауға тыйым салынады. Жұмыс істелген қозғалтқышы кезінде аккумулятордың клеммдерінен сымдарды ажыратуға рұқсат етілмейді. Стендте мұғалімнің қатысуымен білтенің тексерісін өткізіңіз. Автокөліктің жөндеуі және оның жлектржабдықтары кезінде аккумулятор батареясынан «-» клемманың сымын ажырату қажет. аккумулятордан бірінші «шама» сымын ажыратыңыз және оны соңғы етіп қосыңыз. Аккумулятордың сөндіру салдарын алдын-алу үшін (жады блоктарының ақпаратын сақтау үшін), оны басқа ажыратқыш немесе тұтатқыш арқылы қосып, басқа аккумулятормен пайдаланыңыз.

Жабдықтар мен құрал. Тоқ көздері мен қозғалтқышты іске қосу, от алдыру жүйелерінің құралдарымен мақсаттарында оқудағы оларда орнатылған ВАЗ-2110, ЗМЗ-4062.10, «Зтек-Е» кешенді қозғалтқыштары. Тоқ көздері мен іске қосу жүйелерімен ЯМЗ-238ДЕ2, КАМАЗ-740.13-260 кешенді қозғалтқыштары. Оқыту мақсаттары үшін кесулермен аккумулятор батареясы. 1АП975000 (ИСД) ұшқынбілтелі диагност (ҰБД). Омметр. Мегомметр. Тестер. 0,5 м ұзындығымен екі сым, 12 В қуаттылығымен 1...3 Вт қуаттылығымен шам. Кілттердің стандартты жинағы. Білтелердегі саңылауды реттеу үшін қуыс бұрғысы. Білтелі кілттер, динамометр, штангенциркуль.

Жұмыстарды орындау кезеңігі. Қозғалтқыштың электрожабдықтар құралдарын қайталаңыз. Электрожабдықтар құралдарын онда орнатылғанын табыңыз. Олардың орналасқан жері мен қосылуын белгілеп, сақтап, іске қосу және от алдыру құралдарын, тоқ көздерін қозғалтқыштан демонтадаңыз. Бөлшектеп бөлшектеуін өткізіңіз. Олардың құралдарын қараңыз, сырттай қарап және электроөлшемді құралдары көмегімен олардың техникалық жағдайларын анықтаңыз. бөлшектелген жинақы бірліктерін жинаңыз, оларды орындарына орнатыңыз және бұрында жасалған белгілерімен сәйкес қосыңыз. Жоғары вольтті сымдарын шешу кезінде от алдыру таратқышында олардың жағдайларын байқаңыз, ал білтеде сымдарының ұштарын орнатуы кезінде – қозғалтқыштың жұмыс тәртібімен келістіріңіз. Сыртқы шолумен, ал кейін стендте (ИСД) білтелердің техникалық жағдайларын тексеріңіз. Электродтар арасында саңылаудың реттеуін өткізіңіз.



1.59 сурет. Генератор бөлшектері:

1 — тегершік; 2 — тығырық; 3 — алдыңғы қақпақ; 4 — қашықтықты сақина; 5 — ротор; 6 — статор; 7 — артқы қақпақ; 8 — кап; 9 — конденсатормен түзетуші блок; 10 — қуаттылық реттеуішімен қылшақұстағыш

Жұмыс орындарын ретке келтіріңдер. Жұмыстың соңында бақылау сұрақтарына жауап беріңіздер.

Жұмыстарды орындау бойынша ұсыныстар. ВА3-2110 қозғалтқышы. Аккумуляторлық батареяны шешіңіз. Назар аударыңыз! «-» белгісімен клемма «шамамен» (моторлық бөлігінің металлдық бөліктері), ал «+» белгісімен клемма генератордың «В+» қысқышымен қосылған. Электролитті құю үшін тығынды және ондағы желдеткіш тесіктерін табыңыз. Батареяда «MIN» және «MAX» электролит деңгейінің белгілерін табыңыз. Қозғалтқыштан генераторды шешіңіз және оны бөлшектеп бөлшектеніңіз (1.59 сурет). Генераторды бөлшектеу үшін артқы қақпақтан қапты шешіңіз, қылшақұстағыштың артқы қақпағына бекіту бұрандаларын бұраңыз (қуаттық реттеуішінің жинағымен). Қуат реттеуішінен «Д+» шығаруынан сымды ажыратыңыз. Конденсатормен түзету блогын артқы қақпақтан шешіңіз, осы үшін қақпаққа конденсаторды бекіту бұрандасын және статорды ораудың фазалық шығару бекітулерінің бұрандаларын бұраңыз. Қысып-буғыш бұрманы бұраңыз және ротормен алдыңғы қақпағынан статормен артқы қақпасын ажыратыңыз. Назар аударыңыз, «оң» түзеткіш тоғымен үш бұрандалары қызыл бояумен белгіленген және «В+» шығаруымен қосылған, бір тілімге пресстелген. «Теріс» бұрандалары қара бояумен белгіленген және «шамамен» қосылған басқа тілімге пресстелген. Генератор бөлшектерінің техникалық жағдайларын тексеріңіз. Омметрдің көмегімен «шамаға» мүмкінді үзілу немесе тұйықталуын анықтау үшін статор мен роторды қозғау орамдарын тексеріңіз. Түзету шұраларының дұрыстығын тексеріңіз.

«Оң» және «теріс» шұраларын бір уақытта тұйықталуын тексеру үшін, «+» батареялары шам арқылы генератордың «+» қысқышына қосыңыз, ал "-" генератордың корпусына қосыңыз. «Оң» шұраларындағы тұйықталуын анықтау үшін «» батареяларын «В+» шам арқылы қосыңыз, ал «-» статор орамының фазалық шығаруынан бірімен қосыңыз. «Теріс» шұраларында тұйықталуын тексеру үшін «+» батареяларын статор орамының фазалық шығаруынан бірімен шам арқылы қосыңыз, ал «-» - генератор корпусымен қосыңыз.


Қосымша диодтарында тұйықталуын тексеру үшін батареядан сымды, генераторды және қуаттау реттеуішінің «D+» шығаруын ажыратыңыз. Шам арқылы генератордың «D» шығаруымен «+» батареясын, ал «-» - статорлардың фазалық шығаруынан бірімен қосыңыз.

Қуаттық реттеуішін тексеріңіз (1.60 сурет). Бірінші 12 В қуаттылығымен, кейін 15 В қуаттылығымен қоректену көзін қосыңыз. Реттеуішті шығару және қылшақ расындағы байланыстың болмауын тексеру үшін шамдардан қылшақтарға емес, қуаттау реттеуішінің «D+» және «DF» шығаруларымен сымдарды қосыңыз.

Конденсаторды тестермен немесе мегомметрмен тексеріңіз.

Назар аударыңыз! Қалшықтар 5 мм кем емес қалшықұстағыштарынан шығу қажет. Егер де окшаулауы еріген немесе жану белгілері болса (иісі), генератор ақаулы.

Ақаулы шұра тоқты екі бағытта жібереді (қысқа тұйықталуы) немесе тіпті тоқты өткізбейді (тізбектің үзуі). Қосымша диодтар мен шұраны тексеру кезінде шам жанып тұрады, егер де ақауы болса.



1.60 сурет. Қуаттылығының реттеуішін тексеру үшін электрлік сызбасы:

1 — реттеуішті шығару («шамасы»); 2 — реттеуіш; 3, 4 — шығару; 5 — бақылау шамы


Реттеуіш, егер де 12 В қуаттылығы кезінде шам жанса, ал 15 В кезінде – сөндірілсе ақаусыз болады. Егер де шам екі жағдайда жанса – тығынмен реттеуішінде, ал егер де жанбаса – реттеуішті шығару мен қалшықтары арасындағы байланысы жоқ.

Егер де конденсаторды шығаруына құралдарын қосу моменті кезінде тілше ілесуді азайту жағына бас тартса, ал кейін баяу қайта қайтса ақаусыз болып саналады.

Генератордың монтажі кезінде белдіктің ортасына салынған, 98 Н күші кезінде 6...10 мм шегінде генератор берілісінің белдігінің тартуын орнатыңыз.


Стартер құралымен танысыңыз (1.61 сурет). Оны бөлшектеңіз. Тартқыш реленің астыңғы байланысты бұрандамасымен сомынды бұраңыз және одан статордың орамдарын ажыратыңыз. Тартқыш релені бекіту бұрандарын бұраңыз және оны шешіңіз. Беріліс тұтқасынан реленің 4 зәкірін ажыратыңыз. Алдыңғы қақпасынан тығырығымен резеңкелі бітеуішін шығарыңыз. 14 тартымды түйреуіштерінің сомындарын бұраңыз және 8 қалшықұстағыштарымен 8 артқы қақпағын статордың корпусынан ажыратыңыз. Статор орамдарының шығаруларын қалшықұстағыштарына бекіту бұрандаларын бұраңыз және артқы қақпағынан корпусты ажыратыңыз. 9 фиксаторларын шешіңіз және 6 және 10 қалшықтарын шығарыңыз. 1 қақпағынан 13 зәкірімен 12 статорды ажыратыңыз. Бөлшектердің техникалық жағдайын тексеріңіз. Мегомметрмен «шамаға» зәкірдің тұйықталудың болмауын тексеріңіз (кедергісі 10 кОм кем емес болуы қажет). коллектордың жұмыс беті таза, күйікті болмауы қажет; зәкір білігінің оймакілтектер мен шетмойындарында қажам, жапырылған, тегершік төлкесінен сары түстен іздері болмауы қажет. Статердің берілісі еркін, қажалаусыз, зәкірдің білігіне жылжымауы қажет. тегершік 0,27 Н-маспайтын моментінің күшімен зәкірді айналдыру бағытындағы зәкір білігіне тиесілі айналуы қажет. кері бағытында тегершік айналмау қажет. мегомметрмен «шамаға» статордың орамдарының тұйықталуының болмауын тексеріңіз (кедергісі – 10 кОм кем емес). Оқшаулаудың қараюы статордың күйінің ізіне көрсетеді. Қалшықтары қалшықұстағыштарының ойықтарында еркін жылжуы қажет және ұзындығы 12 мм кем болмауы қажет. динамометрмен жаңа қалшықтарына серіппенің қысымын тексеріңіз (9.10 Н). Реле зәкірінің жеңіл жылжуын тексеріңіз. Тестермен тартқыш релесінің орамдарындағы үзілуі жоқ па, байланыс тілімімен реленің байланысты бұрандамалары тұйықталмай ма екеніне тексеріңіз.

Жинақтау алдында, артқы қақпағының төлкесі мен тегершігін, айдау жалғастырғышының күпшегі мен зәкір білігінің бұрандалы оймакілетктерін моторлық маймен майлаңыз.



1.61 сурет. Стартер бөлшектері:

Қорғаныс жапсырманың, тіреуіш бұранданың, серіппенің, тіреуіш тостағандардың және сухарьдың жағдайын тексеріңіз. Жапсырмада ахау немесе деформация болмауы керек. Тартпа серіппелерде 343 Н (үстінгі серіппелер үшін) және 411 Н (астыңғы серіппелер үшін) күшпен тарту кезінде қалдық пішіннің өзгеруі болмауы тиіс. Қаптаманың қалыңдығы — 1,52 мм. Тежеуіш барабанның беттерінде терең сызық және дөңестік болмауы қажет. Наибольшее допустимое увеличение внутреннего диаметра барабана — 251,6 мм.



4.11-сурет. Артқы доңғалақтың тежеуіш механизмі:

1 — дөңгелекті цилиндр; 2 — жапсырманың үстіңгі тартылған серіппесі; 3 — қалыптың жапсырмасы; 4 — тежеуіш қалқаны; 5 — ішкі тілімше; 6 — артқы трос қабықшасы; 7 — жапсырманың астыңғы тартылған серіппесі; 8 — алдыңғы тежеуіш қалып; 9 — қалыптың тірек тілімшесі; 10 — тойтарма; 11 — май қайырғы; 12 — жапсырманың жетекші тілімшесі; 13 — тұрақ тежеуішінің артқы тросы; 14 — артқы трос серіппесі; 15 — артқы трос ұштығы; 16 — артқы тежеуіш қалыбы; 17 — тежеуіш жапсырманың тірек тіреуі; 18 — жапсырманың қол жетек иінтірегі; 19 — резеңке жастықшалар; 20 — жапсырманың керілген тілімшесі; 21 — жапсырманың қол жетек иінтірегінің саусағы


Барабанның ішкі үлкеюінің рұқсат етілген диаметрі — 251,6 мм.

Артқы доңғалақтың тежеуіш механизмін жинауды, келесі ұсыныстарды ескере отырып, кері реттілікпен жүргізіңіз. Піспектің тірек бұрандаларын қаттылаңыз (тарту — 9... 6,9 Н·м). Тірек дөңгелектердегі А керткікті тігінен жоғары қарай бағыттаңыз. Жарма 9 тірек дөңгелегі, 10 тірек бұрандасының белдемесі мен саңылауы 1,25.1,65 мм болатын, 8 екі сухарь арасында, 4 піспекте орнатылғанын ескеріңіз. Тірек дөңгелегі дөңгелектің цилиндр айнасы бойымен кем дегенде 343 Н (қалыптың тартылған серіппелерінің күшінен асатын) қозғалысын қамтамасыз ететін тартылыспен орнатылады. Піспекті цилиндрге тығыздау күші — 350 Н кем емес (аз күш жұмсалғанда тірек дөңгелегін ауыстыру керек).

Тежеуіш барабанын еркін орнату үшін піспекті баспақтаңқырау кезінде 4.12-суретте көрсетілген көлемді ұстану қажет. Піспектің цилиндрдің корпусында жеңіл қозғалуы мен шамасын тексеріңіз (ол 1,25... 1,65 мм болуы қажет). Ең соңында қорғаныс қапшақшаларын орнатыңыз.

Тежеуіш қалқанындағы дөңгелекті цилиндрді құрастырыңыз, тежеуіш сұйықтығын келтіру құбырын жалғаңыз және келтеқосқыштың сомын тартылғанша қатты тартыңыз. Жапсырмаға қол жетек иінтірегін жалғаңыз және тежеуіш жапсырманың керме тілімшелерімен қоса орнатыңыз. Серіппелі тіреулер және төменгі тостағаншалы тіреулер қойыңыз. Жоғарғы тостағандарды қойыңыз және оларды қандай да бір бағытқа бұра отырып, орнатыңыз. Жапсырманың соңы дөңгелекті цилиндрдің піспегінде және қалқандардағы тіреулер ұяшықтарында дұрыс орналасқандығына көз жеткізіңіз. Жапсырманың қолжетек иінтірегіне артқы тростың ұштығын жалғаңыз.

Қысым реттеуішіні бөлшектеңіз. Бөлшектеуді тығынды аударып айналдыру және төсемдерді, серіппені және тірек табақшаларды алып тастаудан бастаңыз. Содан кейін реттеуіштің екінші жағынан бастап бөлшектеуді бастаңыз. Қорғаныс қапшақшасын алыңыз, иінтіректің төлкесін басыңыз және оны корпустың ішіне қарай итеріңіз. Иінтірек төлкесін осы қалыпта ұстап тұрып тоқтатқыш сақинаны лаыңыз. Серіппенің әрекетінен кейін төлке шығып кетпес үшін оны алып тастаңыз. Реттегіштің басқа да бөлшектерін суырып алыңыз. Реттегіштің бөлшектерінің жағдайын тексеріңіз. Итергіш төлкесінің ақаусыз серіппесінің ұзындығы бос жағдайда, жүктеме 14...15 Н — 7,5 мм кезінде 13,3 мм болуы керек.



4.12-сурет. Жапсырма мен барабан арасындағы саңылауды реттеудің автоматты құрылғысы бар доңғалақ цилиндр:

1 — жапсырма тіреуіші; 2 — қорғаныс қапшақшасы; 3 — цилиндр корпусы; 4 — піспек; 5 — тығыздағыш; 6 — тірек тостаған; 7 — серіппе; 8 — сухарь; 9 — тіреуіш шығыршық; 10 — тіреуіш бұранда; 11 — келтеқосқыш; А — тіреуіш шығыршықтағы кертік.

Құрастыруды кері тәртіппен жүргізіңіз. Тығынды ораңыз (тарту кезінде — 39,2.....49 Н-м). Тығынды реттегіштің корпусына 1.....2 мм батырыңыз.

Тежеуіштердің гидравликалық жетегінің бас цилиндрін бөлшектеңіз (4.13-сурет). Тоқтатқыш бұрандаларды, тығынды бұрап шығарыңыз және басқа бөлшектерді рет-ретімен суырып алыңыз.

Назар аударыңыз! Бөлшектердің цилиндр корпусына орналастыру реттілігін шатастырып алмаңыз.


А өтемдік саңылау тежеуіштің басқышының еркін қадамына қалай әсер ететін қарастырыңыз.

Бас цилиндрдің бөлшектерінің жағдайын тексеріңіз. Цилиндр айналары және піспектің жұмысшы беті таза, тегіс болуы қажет және тозу белгісі болмауы керек.

Піспектің серіппесін тексеріңіз. Бас цилиндрден кіші бакты алу үшін, оны бүйір жағына қарай күштеп еңкейтіңіз. Еркін жағдайда серіппе ұзындығы, жүктемесі 39...46 Н — 41 мм кезінде 59,7 мм, жүктемесі 81,81.99,47 Н кезінде 21 мм құрайды. Құрастыру алдында цилиндр бөлшектерін тежеуіш сұйықтығымен майлаңыз.

Автомобильде тежеуіш жүйесінің аспаптарын тексеріңіз.

Тежеуіштің басқышының еркін жүрісі 3...5 мм құрауы қажет. Егер басқыш ауыр басылатын болса, онда төлке мен өстің жұмыс бетін қараңыз және серіппенің иілгіштігін тексеріңіз. Тежеуіш басқышының итеру серіппесінің ұзындығы 11... 14 Н күштеу кезінде 80 мм және 112...123 Н күштеу кезінде 1600 мм болуы керек.



12 11

4.13-сурет. Тежеуіштердің гидравликалық жетегінің бас цилиндрінің құрылысы: 1 — тығын; 2 — цилиндр корпусы; 3 — артқы тежеуіштің жетегінің піспегі; 4 — шайба; 5 — алдыңғы тежеуіштің жетегінің піспегі; 6 — тығыздаушы шығыршық; 7 — тоқтатқыш бұранда; 8 — піспектің кері серіппесі; 9 — серіппенің тәрелкесі; 10 — тығыздаушы шығыршықтың қысқыш серіппесі; 11 — кергішті шығыршық; 12 — енгізу саңылауы; А — өтемдік саңылау (6 тығыздаушы шығыршық пен 11 кергішті шығыршық және 5 піспек арасындағы саңылау).

Тежеуіштің басқышының еркін жүрісін реттеуді қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде жүргізеді. Алдымен стоп-сигнал сөндіргішінің қалпын өзгертіңіз. Егер еркін жүрісін орнату мүмкін болмаса, онда вакуумдық күшейткіштің соташығының реттегіш бұрандамасының дөңесін бас цилиндрдің ернемегінің күшейткішке бекітілу жазығына қатысты тексеріңіз және қайта реттеңіз (ол 1,25 мм болуы керек).


Тежеуіш басқышының ұлғайған жүрісі (жүрістің жартысынан төмен), оның «жұмсақтығы» гидравликалық жүйеде ауа бар екендігін көрсетеді. Ауаны шығару алдында барлық тораптар мен жалғанған жерлерінің саңылаусыз екендігіне көз жеткізіңіз. Кіші бакты тежеуіш сұйықтығымен толтырыңыз. Операцияны қозғалтқыш сөніп тұрған және артқы доңғалақ жүктеулі қалпында тұрған кезде жүргізу қажет. Жүйеден ауаны шығаруды артқы доңғалақ цилиндрінен бастаңыз (басты тежеуішті цилиндрден алыс тұрған), алдымен бір контурынан, содан екінші контурынан бастаңыз.

Тежеуіш жүйесін айдап тазалау тәртібі мынадай: айдап тазалау үшін келтеқосқышқа резеңке құбыршек (шланг) кигізіңіз және оны жартылай сұйықтықпен толтырылған жылтыр түтікке салыңыз; тежеуіш басқышын 3-5 рет жылдам-жылдам басыңыз және басқышты басып тұрып, басқыш шеткі қалыпқа келгенше келтеқосқышты жарты айналымға бұраңыз; басқышты басып тұрып келтеқосқышты бұраңыз. Операцияны көпіршіктер шығуы тоқтағанша қайталаңыз. Кіші бактағы тежеуіш сұйықтығы таусылған мезетте оны дер кезінде қайта толтырыңыз.

Вакуумдық күшейткішті тексеру үшін тежеуіштің басқышына 5-6 рет басыңыз (қозғалтқыш сөндірулі). Басқышты оның қадамының ортасына келгенде тоқтатыңыз және қозғалтқышты іске қосыңыз. Күшейткіш дұрыс жұмыс істеген кезде басқыш алға «кетуі» тиіс. Ауаның ысылдауы, гофрирленген резеңке қаптын ішке қарай соруы күшейткіштің ақаулы екендігін білдіреді.

Егер тежеуіш жүйесі 25 % еңісте автомобильді ұстамайтын болса, онда қайта реттеу қажет. Ол үшін керу құрылғысының қарсысомынды босатыңыз, реттегіш сомынды бұра отырып, тросы тартыңыз. Тұрақ жетегішінің интірегнің қадамын тексеріңіз және қарсысомынды қаттылап тартыңыз.

Қысым реттегішін және оның жетегін тексеру үшін автомобильді көтергішке қойыңыз (тексеру шұңқырына). Сырттай тексеру арқылы реттегіш және жетектің бөлшектерінің ақауы жоқтығына және тежеуіш сұйықтығының ағып кетпегендігіне; 17 реттегіштің тығыны 1 ...2 мм батырылғандығына (4.14-сурет); жетектің жалғағыштарында лют жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. С саңылау 2,2,1 мм болуы керек.



4.14-сурет. Қысымды реттегіштің жетегі:

1 — қысымды реттегіш; 2, 16 — қысымды реттегішті бекіту бұрандамасы; 3 — қысымды реттегіш жетегі иінтірегінің кронштейні; 4 — сұққыш; 5 — қысымды реттегіш жетегінің иінтірегі; 6 — қысымды реттегіш жетегі иінтірегінің өсі; 7 — иінтірек серіппесі; 8 — кузов кронштейні; 9 — қысымды реттегіш бекітпесінің кронштейні; 10 — қысымды реттегіш жетегінің серпімелі иінтірегі; 11 — сырға; 12 — сырға тоғыны; 13 — тығырық; 14 — тоқтатқыш шиыршық; 15 — кронштейн саусағы; 17 — қысымды реттегіш тығыны; В, С — қуыс; D — саңылау

Тежеуштің басқышын басыңыз; бұл арада реттегіш піспегі корпустан 1,6 ...2,4 мм жылжуы керек, 7 пластиналы серіппені 5 иінтірекке түбіне дейін қыса отырып. 5 иінтірек 10 серпілмелі иінтірек тарапынан болған күшті жеңе отырып, 4 сұққышқа қатысты бұрылуы керек.

Қысымды реттегіш жетегін реттеу үшін 392.490 Н күшпен автомобильдің артқы бөлігін 2-3 рет «басыңыз» және артқы аспаны орташа қалыпқа келтіріңіз. 11 сырғаны артқы аспа иінтірегінің кронштейні саусағынан ажыратыңыз және оны төмен түсіріңіз. Кузовты штанга көмегімен қалпына келтіріңіз. Егер артқы аспаның иінтірегі кронштейнінің өсі орталығы мен реттегіштің жетегі иінтірегінің өсі арасындағы арақашықтық 28 мм тең болса, ал реттегішті іске қосу қысымы 3 МПа тең болатын болса, онда жетек дұрыс ретке келтірілген болып табылады. Егер жетекті реттеу бұзылған болса, онда 2 және 16 бұрандаманы босатыңыз, В және С саңылауына арнайы иінтірек орнатыңыз және қысымды реттегіш жетектің иінтірегінің шаблону кертпесіне кіретіндей етіп кронштейнді ауыстырыңыз.

Бұрандалы жалғастырғыштарды тарту моменттері, Н ■ м


Тежеуіш цилиндрін суппортқа бекіту бұрандамасы	115... 150
Жетекші саусақты цилиндрге бекіту бұрандамасы	31...38
Тежеуішті бұру жұдырықшасына бекіту бұрандамасы.....	29...36
Артқы тежеуішті өске бекіту бұрандамасы.....	34,3...42,6
Бас цилиндрді күшейткішке бекіту	26,5...32,3
Күшейткіштік кронштейнге бекіту	26,5...32,3
Иілгіш құбыршектің ұштығын бекіту.....	29,4...33,4


ГАЗ-3110 автомобилінің тежеуіш жүйесі. Автомобильдегі тежеуіш жүйесін монтаждаумен танысыңыз.

Вакуумдық күшейткішті бөлшектеңіз. Оны 4.15-суретте көрсетілген құралға орнатыңыз. Құралдың 3 бұрандадан күшейткіштің қақпағына қақпақ пен корпустың арасында саңылау пайда болғанға дейін бұраңыз. Қақпақтың түйреушінде бекітілген 5 кілт-тығынды корпустағы дөңестер қақпақтағы кертікке дәл келгенге дейін бұраңыз. 3 бұранданы бірнеше айналымға айналдырыңыз және қақпақтың серіпшелі күшейткішті алыңыз. 25 сомынды (4.16-сурет) бұрап шығыңыз, 7 диафрагмалы 5 піспекті, тәрелкені және тірегіш шиыршықты алыңыз. Күшейткішті құралдан алыңыз. Корпуста 26 итергішпен, 10 піспекпен, 5 диафрагмамен және 15 клапандар корпусымен жиынтықта 23 жалғағышты корпуста шығарыңыз.

4.15-сурет. Вакуумдық күшейткішті бөлшектеу –құрастыру үшін құралды пайдалану:

1 — төсем; 2 — вакуум құбыр;
3 — тірек бұранда; 4 — құрал;
5 — кілт-тығын; 6 — вакуумдық күшейткіш қақпағы; 7 — вакуумдық күшейткіш корпусы; 8 — қысқыш





26 25 24 13 B2 12 23 22 21

20

4.16-сурет. Вакуумдық күшейткіштің қондырғысы:

1 — кері қақпақша; 2 — нығыздаушы төлке; 3, 25 — сомын; 4 — реттегіш бұрандама; 5, 10 — піспектер; 6 — корпустың қақпағы; 7, 8 — диафрагма; 9 — тірек шиыршық; 11 — күшейткіш корпусы; 12 — жетекші шиыршық; 13 — нығыздаушы манжета; 14 — сүзгі; 15 — қақпақшалар корпусы; 16, 26 — итергіштер; 17 — қорғаныс қабы; 18 — мысқал піспегі (басқарушы); 19 — қақпақшалар диафрагмасы; 20 — бұранда; 21 — реактивті шайба; 22 — тіреуіш қақпақ; 23 — піспектерді біріктіргіш; 24 — серіппе; B1, B2, B3, B4 — қуыстар


Тоқтатқыш шайбаны алыңыз және біріктіргіштен 4 реттегіш бұрандамалы 26 итергішті алыңыз. Серіппелі шайбалы үш бұрадаманы бұраңыз және 23 біріктіргішті, 10 піспекті, 19 қақпақшалар диафрагмасын алыңыз. 10 піспектен реактивті резеңке 21 шайбаны сурып алыңыз 15 қақпақшалар корпусындағы 18 белгілеуіш піспекті, 20 екі бұранданы бұраңыз және 18 піспекті және 16 итергішті басқару қақпақшасын суырып алыңыз.

Күшейткіш құрылғысын қарастырыңыз. Итергіш алға қарай жылжыған кезде вакуумдық күшейткіштің B1, B3 және B2, B4 қуыстарын екеуара ажырату үшін қызмет ететін 18 піспектегі шиыршық дөңеске және 19 диафрагма кесігіне көңіл аударыңыз. 15 қақпақшалар корпусындағы шиыршық дөңес және 19 диафрагма кесігі B4 және B2 қуыстарының атмосферамен бағытталу үшін қызмет етеді.

16 итергіш және 18 піспек жылжыған кезде күшейткіш қалай жұмыс істейтінін бақылаңыз. Бөлшектер жағдайын тексеру кезінде күшейткіштің резеңке элементтерін тексеруге, піспекті жалғастырғыштардың жылтырақ бетін және 15 қақпақшалар корпусын тексеруге ерекше көңіл аударыңыз.

Тежеуіш жүйесін құрастыру кезінде келесі ұсыныстарды орындаңыз. Басқару қақпақшасын 15 қақпақшалар корпусына орнатыңыз. Итергішті ақырындап басыңыз, екі белгілеуіш 20 бұранданы түбіне дейін бұраныз, содан соң тағы жарты айналымға. Піспекті итергіш басқару қақпақшасына қатысты, еш кедергісіз 1,5... 3 мм жылжуы керек. 7 диафрагманы оның белдемесі күшейткіштің корпусындағы дөңеске енетіндей және корпустың ішкі диаметріне жабысып тұратындай етіп орнатыңыз. 25 сомынды тартыңыз (тарту мезеті — 5,5.8 Н-м). Қақпақты корпусқа қатысты бұра отырып, 7 диафрагма бұрылып кетпеуін қадағалаңыз. Қақпақтың жазықтығы мен реттегіш бұрандаманың бастигі арасында 1,35.1,65 мм саңылау жасаңыз.

Плакаттан бас цилиндр құрылғысын қарастырыңыз. Оны бөлшектеу үшін тығынды бұрап алыңыз және тіреуіш шайбалы серіппені суырып алыңыз. Цилиндр корпусынан бірінші піспекті солға ауыстырыңыз және манжетті екінші піспекті суырып алыңыз. Тоқтатқыш шиыршықты алыңыз және жиынтықтағы бірінші піспекті суырып алыңыз. Бірінші піспекті бөлшектеңіз. Бас цилиндрдің манжеттері қалай орналасқанын қараңыз (4.17-сурет).



4.17-сурет. Бас цилиндрдің манжеттерінің орналасуы:


1 — бас манжеттер; 2 — ажыратқыш манжеттер; 3 — сыртқы манжет-төсем; 4 — бірінші піспек; 5 — серіппені ұстағыш; 6 — екінші піспек; А — серіппені ұстағыш пен піспек арасындағы арақашықтық

Бірінші піспекті құрастыру кезінде серіппені ұстағыш пен піспек арасында $A=19$ арақашықтығын ұстана отырып, бұrandаны тартып бұраңыз (тарту мезеті — 1,7...2,2 Н-м).


Артық тежеуіштердің қысымын реттегіш құрылғысын зерделеніз. Бөлшектерді тексеру кезінде піспек қуысынан пластмасс клапанның шығу дөңесі 0,6,1,1 мм құрауын тексеріңіз. Тығынды 13.16,7 Н-м тартыңыз.

Алдыңғы доңғалақтардың тежеуіш механизмінің құрылысын қарастырыңыз. Бөлшектеу қажет болған жағдайда бұдан бұрын қарастырылған механизмдерге берілген нұсқауларды қараңыз. Піспек цилиндрден жылжыған кезде тығыздағыш шиыршықтың жұмысына көңіл аударыңыз, себебі осы шиыршықты бұрау есебінен диск пен жапсырма арасындағы саңылау жасалады. Жинау кезінде қабын піспекке кигізіңіз және оны корпус жырашығына орнатыңыз (4.18-сурет). Піспекті қабы арқылы және тығыздағыш шиыршықты цилиндрге түбіне дейін итеріңіз. Қабы корпусстың жырашығынан шығып кетпегеніне көз жеткізген соң, оның екінші ұшын піспектің жырашығына итеріңіз. Тежеуіш дискісінің қалыңдығы 19 мм кем емес, ал қаптама қалыңдығы 3 мм кем емес болуы керек. Дискілі тежеуіш тоғыны корпусының жетекші саусағының бекітпе бұrandамасын тартып бұраңыз.

Артық доңғалақтардың тежеуіш механизмін қарастырыңыз. Механизмді бөлшектеніз және келесі ұсыныстарды ескере отырып, оның техникалық жағдайын тексеріңіз. Барабаны тозған жағдайда, оны алу жеңіл болу үшін жапсырмалардың тірек саусақтарын қарама-қарсы бағытқа бұрыңыз. Тежеуіш барабандарының ішкі диаметрі 283 мм аспауы керек. Қаптаманың ең аз қалыңдығы — 1 мм.



4.18-сурет. Тоғын корпусын жинау



4.19-сурет. Жұмыс тежеуішінің басқышын орнату сызбасы:

1 — тесік; 2 — қап; 3 — басқыштар кронштейні; 4 — серіппе; 5 — тежеу сигналын сөндіру; 6, 7, 12 — сомын; 8 — басқыш; 9 — сірге; 10 — пластмасс төлке; 11, 14 — бұрандалы білік; 13 — муфта; 15 — иінтірек; 16 — вакуумдық күшейткіш кронштейні.

Жинау кезінде автоматты реттеудің тірек шиыршығының саңылауы айдауц қақапақшасы тұсынан тік жазықта болу керектігіне көңіл аударыңыз. Тірек шиыршығын дөңгелекті цилиндрде орнату тереңдігі — 7,5... 8 мм.

Автомобильдың тұрақ тежеуіш жүйесін қарастырыңыз. Қажет болғанда тұрақ тежеуішінің механизмін бөлшектеңіз және оның техникалық жағдайын тексеріңіз.

Тежеуіш жүйесі элементтерінің жұмысқа қабылеттілігін тексеріңіз және жеке реттеуді орындаңыз.

Басқыштың алаңынан еден панелінің еңіс бөлігіне дейінгі арақашықтықты өлшеңіз. Ол 180. 190 мм болуы керек. Басқыштың бұлай орналасуы, басқышқа 250.350 Н басу кезінде, егер контурларының бірі істен шығатын болса, оның еденге тіреліп қалуының алдын алады. Басқыштың қалпы 13 муфтаның айналуымен (4.19-сурет) реттеліп отырады. Сөндіргіштің кесігі мен тірек алаңының арасында 7.9 мм тең саңылау жасаңыз, 6 және 7 сомындармен.

Тежеуіш басқышының еркін қадамы (4.8 мм) реттелмейді.

Вакуумдық күшейткіштің жұмысқа қабілеттілігін тексеру үшін тежеуіштің басқышын басыңыз және қозғалтқышты іске қосыңыз. Егер басқыш біршама алдыға кетіп қалып және одан әріде орнында қалатын болса, онда кері клапан дұрыс жұмыс істейді. Қозғалтқышты сөндіріңіз және 2-3 минуттан соң екі рет тежеуіштің басқышын басыңыз. Егер күшейткішке енетін ауаның шуы естілсе, онда күшейткіш ақаусыз. Егер қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде тежеуіш басқышын 250.350 Н күшпен басқан кезде басқыш өзінің қадамынан 2/3 артық кетіп қалатын болса, онда тежеуіш жүйесінде ағып кету бар деген сөз.

Тұрақ тежеуіш толық жүктемелі автомобильді 16% еңістікте сенімді ұстап тұруды қамтамасыз етуі тиіс.


Қысымды реттегішті реттеу кезінде автомобильді тексеру жырашығына қою керек. Реттегіштің тіреуішінің төменгі шетін артқы белдіктегі кронштейннен ажыратыңыз. Қарсысомынды бұраңыз және реттегіш бұрандаманы айналдыра отырып, реттегіш тіреуішінің төменгі шетінің өсі мен артқы белдіктегі реттегіш тіреуішінің кронштейніндегі саңылаудың арасында 30.38 мм өлшемін орнатыңыз. Егер артқы доңғалақтар алдыңғыға қарағанда бірінші бұғатталатын болса, онда реттегіш бұрандаманы жарты айналымға бұрау қажет. Егер артқы доңғалақ алдыңғыға қарағанда кеш бұғатталатын болса, онда реттегіш бұрандаманы жарты айналымға бұрау қажет.

Тежеуіш жүйені айдауды келесі тәртіппен орындаңыз: оң жақ артқы доңғалақ цилиндрі, сол жақ артқы, алдыңғы оң жақ, артқы сол жақ.

Бұрандалы жалғастырғыштарды тарту моменттері, Н ■ м

Артқы тежеуіш механизмінің тірек саусағының сомыны	40.....50
Артқы тежеуіштің дөңгелкіт цилиндрінің бұрандамасы	14.....18
Артқы тежеуіштің тірек бұрындамасының сомыны.....	14... 20
Тұрақ тежеуішінің эксцентрикасының сомыны.....	40.....50
Тұрақ тежеуішінің маятниктік иінтірегінің сомыны	22.....32
Вакуумдық күшейткіштің реттегіш бұрандамасының сомыны.....	5,5.....8
Бас цилиндрді күшейткішке бекіту сомыны	24.....36
Қысымды реттегіштің иілгіш элементін бекіту сомыны	10....12

«Форд Фокус» автомобилінің тежеуіш жүйесі. Автомобильдің тежеуіш жүйесінің құрылғысымен танысыңыз. Автомобильдің алдыңғы тежеуішінің, артқы тежеуішінің элементтерін, тежеуіштерінің вакуумдық күшейткішін, қысымды реттегішті, қысымды тарату қақпақшасын (эмбебаптар үшін), ABS доңғалақтарды бұғаттау жүйесінің гидравликалық блогын,



4.20-сурет. Буксирге қарсы (АВС) және сырғытуға қарсы (ESP) жүйелер элементтері:

1 — гидравликалық блок АВС; 2 — тежеуішті вакуумдық күшейткіш; 3 — артқы доңғалақ датчигі; 4 — автомобильді көлденең жеделдету датчигі; 5 — қузовты бұру датчигі; 6 — алдыңғы доңғалақ датчигі; 7 — рөл доңғалағын айналдыру датчигі

ESP электрондық сырғуға қарсы жүйе блогын (ESP курстық беріктігін тұрақтандыру), тежеуіш механизмдерінің жетектерін табыңыз (4.20-сурет).

Вакуумдық құбыршектің және тежеуіштерді күшейткіштердің қақпақшасын алыңыз және тексеріңіз. Бұл операцияны орындау үшін қозғалтқышты сөндіріңіз және басқышты бірнеше рет басып күшейткіштен вакуумды алып тастаңыз. Вакуумдық құбыршектің жалғастырғыш тетігін, оны резеңкелі төлкеден тарту арқылы, күшейткіштен ажыратыңыз. Құбыршекті енгізу құбырынан ажырату үшін муфтаны басыңыз және оны ақырындап құбырдан алыңыз.

Назар аударыңыз! Құбыршекте және клапанда ақаулану ізі болмауы керек. Клапанды үрлеу кезінде ауа тек құбырға қарай өтуі керек.

Құбыршек және клапан жағдайын тексеріңіз. Құбыршек пен клапанды орнына орналастырыңыз. Қысымды қақпақша-реттегішті (АБС модельді) және тарту күшін реттеудің қосымша клапанды (traction control) гидравликалық блокты алыңыз.

Бұл операцияны орындау үшін «масса» кабелін сөндіріңіз, жалғағышты тежеуіш сұйықтығының резервуары қақпағынан ажыратыңыз және барлық сұйықтықты шприцпен сорып алыңыз (немесе тежеуіш механизмін үрлеп тазалау вентили арқылы ағызыңыз). Ауа тазартқыш корпусын ашыңыз және оның орнына сақтандырғыш блогын алып барыңыз. Гидравликалық блоктан электр жалғағышын ажыратыңыз. Блоктан алты тезеуіш құбырын ажыратыңыз және оларға шаң түспеуі үшін бітеп қойыңыз. Құбырларды басты тежеуіш цилиндрдан ажыратыңыз. Сымдар бұрамасын аралық бекітпеден босатыңыз және гидравликалық блоктың бекітпе бұрандамасын бұраңыз. Оны қозғалтқыш бөлігі қабырғасынан ақырындап алып шығыңыз. Блокты кері реттілікпен жинаңыз. Тежеуіш жүйеден ауаны кетіріңіз.

АБС дөңгелек датчигінің дұрыстығын тексеру үшін көтергішпен тиісті доңғалақты көтеріңіз. Одан жалғағышты ажыратыңыз және датчикке вольтметр жалғаңыз. Доңғалақтың айналу жылдамдығы артқан сайын қысым 1,5-тен 2 В дейін артуы тиіс.

Сырғытуға қарсы жүйенің датчиктерін шешіп алыңыз. Жүргізушінің есігін ашыңыз және табалдырықтан панелін алып тастаңыз. Датчиктерді бекіту кронштейнімен қоса алыңыз. Кузовты бұоу датчигін тік өсті айналдыра теңдестіріңіз. Монтаждауды кері реттілікпен жүргізіңіз. Стоп-сигнал сөндіргішін реттеу үшін жүргізуші жағынан төменгі аспаптық панельді босатыңыз. Диагностикалық жалғағышты панельден және стопсигнал сөндіргішінің жалғағышын ажыратыңыз. Сөндіргішті ширекайналымға бұрыңыз және кронштейннен алыңыз. Плунжерді сөндіргіштен толықтай тартып алыңыз және тежеуіш басқышын толық басып ұстап тұрып, сөндіргішті кронштейнге орнатыңыз. Сөндіргішті келтіріңіз басқышты жіберіп, оны жоғарыға тірелгенше көтеріңіз. Сөндіргіш автоматты түрде талап етілетін қалпына келеді. Жалғағышты қосыңыз және сөндіргіштің дұрыстығын тексеріңіз. Қолмен тежеу иінтірегін реттеңіз. Иінтіректі төрт шертпеге дейін тартыңыз және реттегіш сомынды тартыңыз.

Бұрандалы жалғастырғыштарды тарту моменттері, Н ■ м


Алдыңғы суппорт сомынын күшшекке бекіту.....	28
Артқысуппорт сомынын күшшекке бекіту	55
Артқы суппортты сомынға бекіту	35
Артқы тежеуіш барабанының тірек дискін бекіту.....	66
Артқы күшшек сомыны	235
Қолмен тежеуіш иінтірегін бекіту сомыны	20
Бас цилиндрді күшейткішке бекіту сомыны	20
Басқыш күшшегін күшейткіш кронштейніне бекіту сомыны	23
Гидравликалық блокты кузовқа бұрандамалау.....	25
Гидравликалық блокты кронштейнге бұрандау.....	9
АБС датчиктерін бекіту бұрандамасы	9
Тежеуіш трубкасын бас цилиндрге келтеқосқыштық жалғау.....	17
Тежеуіш трубкасын гидравликалық блокқа келтеқосқыштық жалғау....	11
Тежеуіш трупкаларын келтеқосқыштық жалғау.....	15
ESP датчиктерінің кронштейнін кузовқа бекіту бұрандамасы	5
ESP датчиктерін кронштейнге бекіту сомыны.....	8
Донғалақ сомыны	85

МАЗ автомобилінің тежеуіш жүйесі. *Автомобильдің тежеуіш жүйесінің құрылысымен танысыңыз.* Автомобильден тежеуіштерді пневматикалық жетек жүйесінің компоненттерін табыңыз. Пневможүйелерінің элементтерінен пневматикалық жетек аспаптарының техникалық жағдайын диагностикалық үшін манометрді қосудың бақылау қорытындысын табыңыз. Ауалы баллондардан конденсатты шығару шүмегін табыңыз. АБС тежеуіш жүйесін диагностикалық бағдарламасын белсенділендіріңіз. Бақылау жүргізу үшін сөндіргіштегі «массалар» батырмасын іске қосыңыз және стартердің іске қосылуы кілтін «Аспаптар» қалпына келтіріңіз. Аспаптар панелінің оң жақ қақпағы астынан диагностикалық батырманы табыңыз және оны «ASR/INF» бақылау лампасында жарық сигналы пайда болғанша басыңыз. Лампа 4 с жануы және одан кейін қайта сөнуі басқарудың электрондық блогы диагностикалау режиміне көшті деген сөз.

Назар аударыңыз! Ақаулығын, ақаулық коды көрсетілген арнайы кестелерді пайдалан отыры, лампалардың белгілі бір тәртіппен жылтылдауынан анықталады.

Арнайы компьютерлік кешен арқылы ақаулықты анықтау үшін аспаптар панелі астына орналасқан диагностикалық жалғағышты табыңыз.

Алдыңғы доңғалақтардың бірінің тежеуіш камересы мембранасының техникалық жағдайын тексеру үшін, оны автомобильден шешіп алыңыз, 6 қамыттың тартпалы бұрандамасын бұраңыз және 2 қақпақты алып тастаңыз (4.21-сурет).



4.21-сурет. Алдыңғы доңғалақтардың тежеуіш камерасы:


1 — дөңсше; 2 — қақпақ; 3 — мембрана; 4 — тірек диск; 5 — кері серіппе; 6 — қамыт; 7 — шток; 8 — корпус; 9 — бұрандама; 10 — қарсысомын; 11 — айыр

Назар аударыңыз! Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін арнайы құралдарсыз артқы доңғалақтардың тежеуіш камераларын бөлшектеуге тыйым салынады, себебі энергоаккумулятордың ішіне қуатты серіппе орналасқан.


Алдыңғы доңғалақтардың бірінің тежеуіш камерасының мембранасын тексеру үшін, оны автомобильден шешіп алыңыз, 6 қамыттың тартпалы бұрандасын бұраңыз және 2 қақпақты алып тастаңыз (4.21-сурет).

Газды шығару жүйесінің ішінен қосалқы тежеуіш жүйесін (моторлы тежеуіш) және оның жетегі үшін үш пневматикалық цилиндрді табасыз (4.22-сурет).

Автомобильден бір қуат беру магистралын екі негізгі және екі қосымша контурға бөлуші төрт контурлы сақтандырғыш клапанды табыңыз. Оның құрылымымен танысыңыз (4.23-сурет).




4.22-сурет. Моторлы тежеуіш (қосымша тежеуіш жүйе): 1 — корпус; 2 — жапқыш; 3 — ось; 4 — иіңтірек; 5 — пневматикалық цилиндр



4.23-сурет Төрт контурлы қорғаныс клапанының құрылымы:

1 — тығын; 2 — қақпақ; 3, 5 — бұранда; 4, 10 — серіппелер; 6 — тәрелке; 7 — диафрагма; 8, 9 — клапандар; 11 — корпус; 12 — бағыттаушы; I, II — негізгі контурлары; III, IV — қосымша контурлар; P — қуат беруші магистралдан енгізу

5 бұранданы бұрап алыңыз, 2 қақпақты ашып, 6 тәрелкені, серіппелерді, 12 бағыттаушыны, 7 диафрагманы алыңыз. 8, 9 клапандарды және 10 серіппені суырып алыңыз. Диафрагманың жағдайын тексеріңіз. Кабинаның алдыңғы бөлігінде қалқаннан екі секциялы тежеуіш қранды табыңыз. Көрсетіңіз, бөлшектеніз және техникалық жағдайын тексеріңіз. Бөлшектеуді дөңгелекқысқышпен тірек шиыршығын алудан бастаңыз (4.24-сурет).



4.24-сурет. Екі секциялы тежеуіш кранның элементтері:

1 — жиналып тұрған кран; 2, 6, 21, 25 — тірек шиыршықтар; 3 — жиналып тұрған атмосфералық клапан; 4, 5 — шиыршықтар; 7, 15, 26, 31 — серіпшелер; 8, 27 — бұқтырма; 9 — төменгі секция клапаны; 10 — клапан шиыршығы; 11 — бұрандама; 12, 37, 39, 41 — шайба; 13 — төменгі корпус; 14, 17, 18, 20, 23, 24, 33 — тығыздағыш шиыршықтар; 16 — кіші піспек; 19 — үлкен піспек; 22 — құрсау; 28 — жоғары секция клапаны; 29 — клапан шиыршығы; 30 — үстіңгі корпус; 32 — үстіңгі піспек; 34 — иілгіш элемент; 35 — тәрелке; 36 — шпилька; 38 — төсем; 40 — сомын; 42 — клапан; 43 — атмосфералық клапан; 44 — тойтарма; 45 — үстіңгі піспек

Назар аударыңыз! 36 түйреуіштің қалпын реттінің бұзылуын болдырмау үшін 34 иілгіш элементті монтаждау жасамаңыз! Бөлшектердің бетіндегі, көзге көрінетін, сызат, сызықтарға жол берілмейді.

Құрастыру алдында кран бөлшектерін ЦИАТИМ-221 майымен жұқалап майлаңыз. Құрастыруды жоғары секцияның 28 клапанын 30 корпусқа орнатудан бастаңыз. 25 тірек шиыршығын орнату кезінде оның буылтығын конустық 26 серіпшеге қарай бағдарлаңыз. Автомобильден тұрақ және қосымша тежеуіш жүйелердің тежеуіш кранын табыңыз. Кран жүргізуші орындығынан оң жақта орналасқан. Оқытушының нұсқауы бойынша оны бөлшектенізі.

Автомобильден тұрақ тежеуіш жүйесін апатты тоқтату үшін батырмалы кранды табыңыз. Кран тұрақ жүйесінің тежеуіш кранының кронштейнінде орнатылған.

Автомобильден бас цилиндрлердің пневмокамераларына ауа жіберілуі басқару үшін АБС модульторын табыңыз. Алдың өстің доңғалақтарын модулятор кабинаның алдыңғы панелінде орнатылған, артқы доңғалақтар модуляторлары — артық белдіктің кронштейнінде.

Автомобильдің рамасының артқы арқалығынан автоматты жалғағыш бастиктерді табыңыз: А типті — тіркеменің тежеуіш жүйесін бір сымды жетек үшін (қақпағы қара түске боялған); Б –типті — екі сымды жетек үшін (қуат ебру желісі қызыл түске, басқарушы — көгілдір).


Бұрандалы жалғастырғыштардың тарту моменттері, Н ■ м

Алдыңғы тежеуіштің суппортын бекіту бұрандамасы 160... 200

Энергоаккумуляторларды бекіту бұрандамасы 180...200

КАМАЗ автомобилінің тежеуіш жүйесі. МАЗ және КАМАЗ автомобильдерінің тежеуіш жүйелерінің құрылымдарын салыстырыңыз. Тежеуіш басқышын реттеуді жүзеге асырыңыз (4.25-сурет).

Назар аударыңыз! Тежеуіш басқышының толық жүрісі — 100...130 мм, еркін жүрісі — 20...30 мм. Толық басқан кезде басқыш кабинаның еденіне тірелмеуі керек.



4.25-сурет. Тежеуіш басқышын реттеу:
1, 2 — реттегіш бұрандалар; 3 — тежеуіш басқышы; 4 — тежеуіш қран

Қозғалтқыштар компрессорды демонтаждаңыз, жартылай бөлшктеніңіз. Одан цилиндрлер блогының бастиегін алып тастаңыз. Цилиндрлер блогының ұяшығынан енгізу клапандарын суырып алыңыз. Бөлшектердің жағдайын тексеріңіз.

Назар аударыңыз! Бастиектің жалғағыш қуысында ұрылған жері болмауы керек. Орнату плитасы мен бастиек жазығының арасындағы саңылау 0,05 мм артық болмауы керек.

Автомобильден қысымды реттегішті табыңыз (кабинаның қасында, оң жағында). Оның пневможүйесі қандай механизмдерге жалғанғанын қараңыз. Автомобильден қатып қалуға қарсы сақтандырғышты табыңыз. Спирт деңгейін тексеріңіз және қажет болғанда үстіне құйыңыз. Бұл операцияны орындау үшін сақтандырғыштың тұтқышын төмен түсіріңіз және 90° бұрумен тоқтатыңыз. Спирт деңгейі көрсетілген тығынды бұрап шығарыңыз және қажет болғанда этиль спиртін құйыңыз. Тұтқышты бастапқы қалпына келтіріңіз.

Бұрандалы байланыстарының тарту моменттері, Н·м

Тежеуіш камераларының кронштейндерін суппортқа бекіту бұрандамасы 74... 98

Алдыңғы тежеуіш камераларын кронштейнге бекіту бұрандамасы 137.157

Артқы тежеуіш камераларын кронштейнге бекіту бұрандамасы....176.206

Кронштейн ресиверлерді марамға бекіту бұрандамасы..... 59.88

5 бөлім

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖАБДЫҚТАР. КАБИНА. ПЛАТФОРМА


№ 5.1 зертханалық-тәжірибелік жұмыстары

ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕЛЕРІ. ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ СИГНАЛИЗАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫ

Жұмысты қауіпсіз орындау ережесі. Дұрыс емес қосылу, полярлықты қалпына келтіру, нашар оқшауланған немесе жаланап сымдар өрттің және электр жабдықтың зақымдалуының көзі болуы мүмкін. Электр жабдығымен жұмыс істегенде, «масса» кабелін аккумулятор батареясынан міндетті түрде ажыратыңыз.

Жабдықтар, құралдар мен материалдар. ВА3-2110, ГАЗ-3110, «Форд Фокус», МАЗ, КАМАЗ автокөліктері. Электр тізбектерін тексеру үшін сынаушы. Қолғаптар.

Жұмысты орындау реттілігі. Автокөліктердің электр жабдыктарлуының тізбектерін зерттеп алыңыз. Зертханада көлік құралдарының электр жабдығын жөндеумен танысыңыз. Қосқыш ажыратқышындағы негізгі күйге қарамастан қандай құрылғылардың қосылып тұрғанын анықтаңыз. Сақтандырғыштарды ретімен шығарып, олардың тәжірибелік қорғайтын тізбектерін анықтаңыз. Генераторлардың, стартерлердің, дыбыстық сигналдардың, зертханалық автокөліктерге орнатылатын монтаж блоктарын жазыңыз. Оқытушының нұсқауы бойынша автокөліктегі электр жабдыктарының бір



5.1 сурет. Блок-фараны реттеу:

1 — көлденең жазықтықтағы жарық түйінін реттеу бұрандасы; 2 — тік жазықтықтағы жарық түйінін реттеу бұрандасы; 3 — қақпақ

Габаритті жарық шамын ауыстыру үшін, патронды шаммен бірге шығарып алыңыз. Алдыңғы бағыт көрсеткішінің шамын ауыстыру үшін, патроннан бұғатты алыңыз, патронды шаммен бірге сағат тіліне қарсы бұрап, оны орнатылған орнынан шығарыңыз. Бүйірлік бұрылыс көрсеткішіндегі шамды ауыстыру үшін көрсеткішті көлік құралынан шығарыңыз (ол серіппелі қысқыштар арқылы ұсталады). Қақпақты алып тастау үшін саусақтарыңызды шашыратқыштың ортасына ақырындап басып, оны төмен тартыңыз. Ішкі жарықтандырудың жеке қақпағын бұрағыш арқылы ақырын түйреп шығарып алыңыз.

Артқы шамдарды ауыстыру үшін бекіту бұрандаларын бұрап босатып, жүксалғыш қаптауышын шығарыңыз. Бекіткіштерді қысып, шамнан шамдармен бірге жинақталған мөрлік тақтаны шығарып алыңыз. Шамды патроннан алу үшін оны басып, оны сағат тіліне қарсы бұраңыз.

Белгі тақтайшаны жарықтандыруға арналған шамды бөлшектеу үшін жүксалғыш қақпағындағы шамды бекіту бұрандаларын бұраңыз, оны ұядан шығарып алып, шашыратқышты алып тастаңыз.

Гидроккорректорды тексеру үшін блок-фарадан жұмыс істейтін цилиндрді алып тастаңыз да, сояуыштардың жұмыс істеуін (6.5 ... 7.5 мм) тексеріңіз. Зақымдалған түзеткішті ауыстыру үшін құбыр қысқыштарын сымнан ажыратыңыз, түзеткіштің тұтқасын алып тастаңыз және қозғалатын цилиндрді ажыратыңыз.

Рульдік ауыстырып-қосқышты және әйнек тазалағышты ауыстырыңыз.

Ауыстырып-қосқышты ауыстыру үшін, рульдік тетік білігінің қаптайтын қаптамасын алып тастаңыз, қосқыш ысырмааларын қысыңыз және оны қосқыштан шығарыңыз.

Тазалағышты жөндеу үшін, щеткаларды тұтқалармен алып тастаңыз, қақпақты ашыңыз, сымдарды аккумулятор батареясынан, тазалағыш мотор редуктордан және қыздырғыш желдеткішінен ажыратыңыз. Монтаждау блогының қақпағын алып тастаңыз және одан тазартқышты шығаруға кедергі келтірмеуі үшін релені алып тастаңыз. Қыздырғыш желдеткішті алыңыз. Желдік әйнек панельдің жалғастық бекіткіш бұрандаларын бұрап алыңыз да, теңестіргіш астары бар тығырықтарды алып тастаңыз. Мотор-редуктордың жетегін бекітетін тіреуіш болтты бұрап босатыңыз және тазалаңыз. Одан қос иінді тетікті ажырату арқылы тірегіштен мотор-редукторды алып шығыңыз. Монтаждау кері ретпен жүзеге асырылады.

Дыбыстық сигналды реттеу бұрандасының жұмысын тексеріңіз.

ГАЗ-3110 автокөлігінің құралдары мен құрылғы аспаптары. Автокөліктегі келесі бағыттауыштар мен датчиктерді табыңыз: жанармай деңгейі, салқындатқыш сұйықтықтың температурасы, қозғалтқыш қызып кетуі, майлау жүйесіндегі қысым, авариялық қысым. Құралдардың құрамдастырымын алыңыз. Бұл операцияны орындау үшін, кескішті алып тастап, аспаптың құрастырымдарының бекіту бұрандаларын бұрап босатыңыз және электр қосқыштарын ажыратыңыз.

«Форд Фокус» автокөлігінің борттық электр жабдығы. Автокөліктен шыны тазалағыштың электрқозғалтқышын, артқы терезе жылытқыш сымдарын, руль ажыратқыш-қосқыштарды, жарық бағытын реттеуішті, айна жетекті, дыбыстық сигнал беруді, әйнек көтергіштер жетегін, люктік жетекті, креслолардың биіктігін реттеу жетегін, ішкі жарықты есіктік қосқышты, артқы жүксалғыш бөлігін ашу батырмасын, тұраққа қоюды жеңілдетуге датчиктер жүйесін, борттық компьютерді табыңыз.


Оқытушының нұсқауы бойынша сәйкес жабдықтың жеке бөліктерін көлік құралынан демонтаждаңыз. Жүксалғыш қақпағын ашу түймешігін алып тастаңыз. Оны алу үшін руль бағанының бұрылысын басқару тұтқасын түсіріп, үстіңгі жақтың қақпағын алыңыз. Құралдық өңдеу панелінің тақтасын бекітетін бұрандаларды бұрап, оны бір жағына қарай апарыңыз. Түймешіктің ағытпасын компьютерден ажыратып, түймені өңдеу тақтайшасынан қысыңыз. Сұйыққойманы және шайғышты сорғыны алыңыз. Қақпақты ашыңыз және сұйыққойманың мойынтұнын толтырғыштың бекіткіш бұрандасын босатыңыз. Сол жақ дөңгелекті шығарыңыз. Пластик локердің бекітетін бұрандаларын бұрап алыңыз да, оны бір жағына қарай бұрыңыз. Сұйыққойманы бекітуге арналған бұрандаларды бұрап шығарыңыз, оны алға қарай жылжытыңыз және оны қанаттан алыңыз. Тазалағыш сорғыны және резеңке сүзгішті тығыздағышты алып тастаңыз. Олардың жағдайын бағалаңыз.

МАЗ автокөлігінің электржабдығы. Көлік құралының бақылау-өлшеу құрылғыларының қосылу сызбасымен танысыңыз және жалғастырғыш сымды табыңыз (5.2 сурет).

Назар аударыңыз! Сызбада сымның түстері әріптермен және сандармен белгіленген, сымдарға белгіленген: А - ақ, К - көк, С - сары, Қс - қызғылт сары, Қз - қызғылт, С - сұр, Ж - жасыл, Қ-қзыл, Қң - қоңыр, Қа - кара, Кү - күлгін.

Көрсеткіш тақтасының артындағы жүргізушінің оң жағында орналасқан сақтандырғыш қорабын және аралық релелерді табыңыз. Қорғаныс тізбектердегі олардың мақсаттары мен токтың шектеу мәндерімен танысыңыз (5.3 сурет). Көлік құралындағы қалған сақтандырғыш блоктары мен басқару құралдары және сигнализация құрылғыларының орнын табыңыз.

КАМАЗ автокөлігінің электржабдықтары. Автокөліктің жарықтандыру құралдарын, жарық дабылдарын және құралдар қақпасындағы сәйкес бағыттауыштарды табыңыз. Олардың техникалық жағдайын тексеріңіз. Біріктірілген ажыратқыш-қосқышты тексеру үшін қосу арқылы барлық жарық беру құрылғылары мен дабыл құрылғыларының жұмысқа қабілеттілігіне көз жеткізіңіз. Фараларды шашыратқышта сызаттар бар-жоғын қарап, тексеріңіз.



5.2 сурет. Құрылғыларды қосудың электрлік сызбасы:

1 — құралдардың құрастырылымы; 2 — жанармай деңгейін көрсеткіш датчик; 3 — май қысымын көреткіш датчик; 4 — қозғалтқыш қзуының дабыл датчигі; 5 — сұйықтықты суытқыш температураны көрсеткіш датчик; 6 — май қысымы дабылының датчигі; 7 — стартер мен құрылғыларды өшіргіш; III, VI, X, XV — істікше біріктіргіштер

го
го
СП
ь со
=i
0
п
А
х
CD III
0=1 OS CO
0=1
CD
at
7^=1
0=1
0 CD
5 ^
E ^
1
CD
X
сг
co

•
E o

CD
CD
=1
CO
CD

Сактандырыыш блоктары

X
o * ^
O
m — I
QJ

5. Неліктен кейбір тізбектер балқығыш сақтандырғыш арқылы қорғалған, ал басқалары және басқалары - биметаллдымен қорғалған?
6. КАМАЗ автокөлігінің сымдарының түсі қандай?
7. Неліктен электроқұрылғыларының элементтерінен шаң мен ластанудың алдын-алу қажет?
8. Қарастырылған автокөліктердің электржабдығы құрылғыларының қандай ерекшеліктері бар?

№ 5.2 зертханалық-тәжірибелік жұмыстары

ҚОСАЛҚЫ ЖАБДЫҚТАРЫ. АУАНЫ ЖЕЛДЕТКІШ, ЖЫЛЫТУ ЖӘНЕ КОНДИЦИОНЕРЛЕУ ЖҮЙЕЛЕРІ

Жұмысты қауіпсіз орындау ережелері. Дұрыс емес қосылу, полярлықты қалпына келтіру, нашар оқшауланған немесе жалаңаш сымдар өрттің және электр жабдықтың зақымдалуының көзі болуы мүмкін. Электр жабдығымен жұмыс істегенде, «масса» кабелін аккумулятор батареясынан ажыратыңыз. Кондиционермен жұмыс істегенде, суық агенттің теріге тиюіне жол бермеңіз және қорғаныс көзілдіріктерін киіңіз. Суық агент теріңізге немесе көзіңізге тисе, дәрігер келгенге дейін кем дегенде 15 минуттан артық уақыт өтпей тиген орынды суық сумен шайыңыз. Суық агент салынған баллонды 50 ° С дейінгі температурада сақтаңыз. Суық агент ауадан ауыр және жану кезінде улы газды шығаратыны есіңізде болсын. Кондиционерлік жүйенің қатты қызып кетуі суық агенттің өздігінен өртенуіне және қысымының артуына алып келуі мүмкін. Кондиционер құбырларын суық агентті алдын ала алу үшін арнайы жабдықты пайдалану арқылы ажыратыңыз.

Құрылғылар және құралдар. ВАЗ-2110, ГАЗ-3110, «Форд Фокус», МАЗ, КАМАЗ автокөліктері. Электр тізбектерін тексеру үшін сынаушы. Қысқыш. Кілттердің стандартты жиынтығы.

Жұмысты орындау реті. Автокөліктердің электржабдықтарының сызбасымен танысыңыз. Зертханада көлік құралдарының қосымша құрылғыларын жөндеумен танысыңыз. Қосқыш ажыратқышындағы негізгі күйге қарамастан қандай құрылғылардың қосылып тұрғанын анықтаңыз, олардың тізбегін қорғап тұрған сақтандырғыштарды табыңыз. Қосымша құрылғылардың бірін бөлшектеп, оның техникалық жағдайын анықтаңыз.

Жұмысты орындау бойынша ұсыныстар. ВАЗ автокөлігінің қосалқы жабдықтары. Автокөліктен фараларды тазалауды, қозғалтқыштың көмегімен әйнекті көтеру және түсіруді, есік құлыптарын құлыптауды, артқы жүк салғыш құлпының электр жетегін, артқы терезені жылытуды, радио жабдығын табыңыз.

Осы құрылғының құрамына кіретін құрастырылатын қондырғыларды жазып алыңыз. Қосқыш қосулы кезде ғана жұмыс істейтін жабдықты анықтаңыз. Есіктің құлыптау жүйесінің электр тізбектерін және артқы жүк салғыштың құлыптау жетегін тексеріңіз.

ГАЗ автокөлігінің қосалқы жабдықтары, жылыту жүйесі. Антеннаны алып тастаңыз және бөлшектеңіз, құрылғысымен танысыңыз. Қалқалау түтігінің бұрандасын бұрап алыңыз. Оң жақ алдыңғы қанаттың текшесіндегі пластикалық қалқаншаны алып тастаңыз және құбырды шанаққа бекітіңіз. Антенна жетегінен сымдарды ажыратыңыз. Антенна кабелінің істікшесін автокөлік радиосынан ажыратыңыз және кабельді алыңыз. Антеннаны көлік құралынан алыңыз. Антеннаны аккумулятор батареясына қосыңыз және антенна істігін 200 мм биіктікке көтеріңіз. Бұранданы бұрап алыңыз да, антенна корпусының қорғанғыш түтігін алыңыз. Корпуста арқанша толығымен шығып кету үшін істіктерді көтеріңіз. Бастиекті бұрап босатыңыз және істіктерді төмен басыңыз. Олардың жағдайын тексеріңіз. Бүктелген және тозған істіктерді ауыстырыңыз. Ілмектерді кері тәртіпте жинаңыз. Кабельдің ұшын корпус ұяшығына салыңыз. Корпусқа екі немесе үш айналымға кірер алдында антеннаны жиналған (төмендетілген) түрде аккумуляторға қосыңыз. Антеннаны автокөлікке орнатыңыз. Оның жұмысын тексеріп көріңіз. Фрикцион тоқтап қалғанда, беріліс қорабының қақпағын және тісті доңғалақтың терезесінен шығарыңыз, қысқыштарды реттегіш ілгектің саңылауына салыңыз. Тығындарды төменге айналдырып, сағат тілінің бағытымен бірнеше тесікке бұрыңыз. Антеннаның жұмысын тексеріңіз.

Қыздырғышты бөлшектеңіз және реттеңіз. Жерлендірілген сымды аккумулятор батареядан ажыратыңыз. Рульдік басқарудың білік қаптамасын алыңыз. Бітеуішті алып, бұрандаларды бұрап, аспап тақтасын алыңыз. Құрылғыдан сымдардың ағытқыштары мен бұғауды ажыратыңыз (құрастыру теттерінің оңай болуы үшін бирканы іліп қойыңыз). Фаралардың гидро түзеткішінің тұтқасын алыңыз, бекітетін бұранданы бұрап алыңыз да, түзеткішті аспап панелінен шығарыңыз. Сөрені, бүйір қабырғасын және зат қорабы корпусын алыңыз. Қыздырғышты басқару тетіктерінен тұтқаларды алыңыз. Төменгі бекіту панелінің төрт бұрандасын алдыңғы арқалыққа бекітіңіз. Құрал тақтасы мен зат бөлігінің тесіктері арқылы аспап панелінің үстіңгі бекіткішінің төрт бұрандасын бұраңыз. Ендірмені ажыратыңыз. Құралдың панелін алып тастаңыз және кабельдерді тұтатқыштан ажыратыңыз.

Жылытқыштың кранын басқару тұтқасын оң жақ шетке келтіріп, сұйықтық қозғалтқыштың салқындату жүйесінен ағызыңыз.

Тартпа қамытты босатыңыз және сұйықты ағызу үшін қыздырғыш резеңке шлангілердің салалық құбырларын ажыратыңыз. Бөліктің ішіндегі қозғалтқыштың тығыздағышты бекітудің екі білігін бұрап және оны алыңыз. Тіреуіштің басқару тұтқаларын бекітетін иінтіректі бұраңыз, икемді сызбалар қақпақтарының тұтқасының бұрандаларын босатыңыз, күшті ажыратыңыз және тіреуішті алып тастаңыз. Бүйірлік әйнектерді оң және сол жақ жылыту шүмектерінің бұрандаларын босатып, ауа құбырын алыңыз. Бүйірдегі әйнекті жылытқыш ауа құбырларын жапқыштың бекіткіш корпусындағы ілмектерді қысыңыз, оң жақ, одан кейін сол жақ ауа құбырларын шығарыңыз. Төрт серіппелі қысқышты және желдеткіш қақпағының құрастырылуын көрсетіңіз. Радиатор қаптамасының төрт бұрандасын бұрап шығарып алыңыз, сондай-ақ, желдеткіш әйнектің жылытқыш ауа құбырын алыңыз. Бір бұранданың астында «масса» сымы бар екеніне назар аударыңыз. Қыздырғышты жартылай бөлшектеңіз. Екі серіппелі қысқышты алып, желдеткішті қаптамасынан шығарыңыз. Қысқыш бұрандаларын ағытып алыңыз және ауа бөлу қақпағын алып шығыңыз. Тежегіштердің қақпақ корпусының ілмектерінің ішкі жағын басыңыз, оларды ілмектермен бірге алып тастаңыз. Ілмектердің тұтқасынан түсетін күштерді ажыратыңыз.

Қыздырғыштың жиынтығы мен құрылғысы мен құрылғылар панелін керісінше реттілікпен өткізіңіз. Құралдар тақтасын орнатпас бұрын, қыздырғыштың басқару күштерін тексеріңіз және реттеңіз. Крандардың иін тірегін және ауаны қабылдау қақпағын толығымен жабық күйде орнатыңыз, сондай-ақ, желдеткіш әйнектің жылыту ілмегін толығымен ашық күйде орнатыңыз. Тұтқалар кронштейндердің (3 ... 7 мм) аяғына жетпейтіндей етіп, кронштейнде күш қабықшаларын бекітіңіз.

